

Өтеш ҚЫРҒЫЗБАЕВ

# Асқаршын

*Эссе*



ҚазАқпарат

Алматы  
2006

ix  
-38431-

ББК 84-Қаз 7-4

К 88

Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат  
министрлігінің бағдарламасы бойынша шығарылып отыр

**Ө.Қырғызбаев.**

АСҚАРШЫҢ. Эссе. Алматы: Қазақпарат, 2006. 90 бет.

ISBN 9965-654-17-4

Қазақтың көрнекті жазушысы, сыншы, драматург Асқар Сүлейменовтің жерлес шәкірт інісі, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі Өтеш Қырғызбаевтың бұл кітабында Асқар сынды тума талант иесінің жастық шағы, Теріскей елінің қаламгер ұлдарына деген құрмет, ілтипаты, ауылдағы қатарластарының естеліктері арқау болады.

ББК 84-Қаз 7-4

4702250201  
00(05)-06

Ж

ISBN 9965-654-17-4

© Қырғызбаев Ө., 2006

© “ҚАЗАҚПАРАТ”, 2006

## ӘЛҚИССА

Өмірге келіп-кетудің арасындағы қамшының сабындай қысқа ғұмырында өзін “Мен Асқар Сүлейменовпін” деп әйгілеп кеткен, тік тұрып жайылып, тік тұрып қалғитын жылқы тақылеттес мінезді Асекеңнің қапияда көз жұмғалы бері он төрт жыл уақыт өтіпті. Дара талант иесі қасат қарды жалғыз жарып сүре саламын деп, көп оқып, көп білгені басына сор болып жабысып, жардан құлап мерт болды. Шырқыраған шындықты бетке айтқаны үшін өмірдегі сыбағасынан құр қалған ақиқаттың ақ берені қалтарыс – құпиясы мол сол кездегі қоғамдық-әлеуметтік ортаға көңілі толмай, жүрек түкпіріндегі салкын лепті өзімен бірге ала кетті.

Ұлтымыздың рухани әлемінде құйрықты жұлдыздай із қалдырған құлагер қаламгердің рухына айналған екінші мәңгілік өмірі басталды. “Мен өлген соң мен туралы талай кітап жазылар. Тіпті, менімен күйіс-түйісі жоқ, рухани жақын емес жандар да мен туралы сөз қозғар”, – деп көзі тірісінде Асекеңнің өзі айтқандай келешек еншісіндегі ұзақ сонар Асқартану ілімі басталды.

Кезінде заманымыздың заңғар жазушылары Шыңғыс Айматов пен Ғабит Мүсірепов Асқардың асқақ ойшылдығына, сөз құдыретіне ерекше зейін қоятын зеректігіне, өзіндік беталысының болашақтағы өресі мен өрісін тап басып аңлағандай еді.

Асқартану – ұлтымыздың парасат әлемін тану, зерделі көзбен үңілу. Тәкен ағамыз айтқандай, “көзі тірісінде-ақ жұмбақ жанға айналған”, әр сөздің түбірінен ар іздейтін, Сүгір күйшінің қара сөздегі сыңары, болмыс пен танымды таразының екі басына салып безбендеген тума талант иесі Асқар Сүлейменовтің ұлттық әдебиетіміздегі ойып алар орнына әділ бағасын беру келешек ұрпақ еншісінде, әрине.

Бұл кітапқа Асқар Сүлейменовтың балалық балғын шақтары өткен, қанаттанып ұшқан ортасы, өзінің “пейіштен

кем санамайтын” Созақ өңірі мен қаламгердің арасындағы алтын арқауды өзек етіп алдық.

Ауылдан түлеп шыққан ұлттық әдебиетіміздің бірегей өкілдері Тәкен Әлімқұлов есімімен лицей – интернаттың, Бәтима Батырбекова есімімен орта мектептің, Төлеген Тоқбергенов есімімен көшенің аталуы, бір кездері Асқар Сүлейменов оқыған мектепке қаламгер есімінің берілуі туған жердің талант иелеріне деген ыстық ықыластарының жарқын көрінісі, елдіктің ерен белгісі.

Асқардың есімін мектепке беру жөніндегі бар ынта-жігерлерімен жоғары орындар алдына мәселе көтерген, өздері ұшырған ақсұңқар құсты қасиетті тұғырға асқак рух етіп қондырып алған мектеп ұжымы мен ауыл азаматтарының еңбегі ерен. Асқар енді елімен бірге мәңгі жасай беретін халқының қадірменді ұлына айналған.

Асқар Сүлейменовтің ауылдағы құлын-тайдай тебісіп бірге өскен қатарластары, көз көрген, дәмдес-тұздас болған қариялар, жазушы шығармасын биік мұрат тұтатын қаламгер інілері зор ілтипатпен еске алады.

Асқардың жерлестері – созақтықтар нарықтың қиын-қыстау ел басына түскен ауыртпалығын бастарынан өткеріп жатқан жайы бар.

Небір зобалаңды артқа тастаған Асқардың сөзімен айтсақ, “Қария Созақ” төсінен талай тарлан таланттарды түлеткен тегеурінді тұғыр қалпынан айныған емес. Жері сортаң, суы кермек, ауа райы қытымыр, “мінезі” бөлектеу жаратылған көне өлке перзенттерінің бойына өзгеге ұқсай бермейтін осы даралықты, тектілікті алпыс екі тамырына дарытып жібергендей.

Жерлестерінің жүрегінде құндақталып қалған Асқардай асыл азаматтың аруағын ардақ тұту, есімін құрметтеу мақсатындағы парыз-борыштарын орындауды созақтықтар әрқашан ардың ісі санайтыны кәміл.

• *Бірінші бөлім*

## БАЛАЛЫҚ ШАҚТЫҢ ІЗДЕРІ

Асқар Сүлейменов 1938 жылы 29 желтоқсанда Оңтүстік Қазақстан облысы, Түркістан ауданы, Бабай ауылында туған. Балалық шағы Ұлы Отан соғысының ауыр жылдарына тұспа-тұс келеді. Әкесі Сүлеймен арабша молдадан хат таныған, жаңаша да сауатты болған, колхозда есепші болып еңбек етеді. Кітап оқиды, көне жыр-аңыздарды жатқа айтады, домбыра шертіп күй тартқан. Асқардан бұрын екі ағасы болған, олар өмірден ерте қайтып кетеді.

Әкесі Сүлеймен 1942 жылы соғысқа аттанарда қолындағы сағатын үш жасар ұлы Асқарға беріп, бауырына басады.

Аягөзде әскери дайындықтан өтіп, жауынгерлерге командир болады. “Батысқа, майдан даласына аттанатын болдық” деген хатын алып кішкентай ұлы Асқар мен қызы Жұлдызайды ертіп, әйелі Қымбат батысқа қарай өтетін пойыздың жолын күтіп, разъезде жатады. Күндіз-түні көз ілмейді. Пойыздың қашан келерін ешкім білмейді. Станса кезекшісі: “Пойыз бүгін де келмейді, келетін кезін өзім айтамын, қайта бер!” – деген соң станса бойындағы бір танысының үйіне барып дем алады. Таң ата әлгі үйдің әйелі жүгіріп келіп: “Аягөзден келе жатқан пойыз өтіп кетті. Сүлеймен өзіңе арнап сәлем-сауқат қалдырыпты”, – дейді. Әкесі Асқарға қайыс белдік, Жұлдызайға тәтті, базарлық қалдырып кетеді. Мектеп оқушысының дәптеріне толтырып әйеліне, балаларына арнап өлең жазып қалдырыпты.

*“Хат жаздым, қалам алып Қымбатыма,  
Тұғырға қонған менің сымбатыма.  
Мен де ырза, сен де ырза бол жолыққанша,  
Соңымда еріп жүрдің түн қатып та.*

*Хат жаздым, қалам алып Асқарыма,  
Жүрерсің аман болсаң – бір колхозды басқарып та.  
Хат жаздым, қалам алып Шегебайға,  
Жем-шөптен қарасарсың біздің тайға”, –*

деген Шегебай колхоз төрағасы болатын. Тай дегені Асқарға жәрдемінді бер деген мағынада айтса керек.

Қымбат күйеуіне арнап дайындап әкелген сәлем-сауқатың Асқардың әкесі қалдырған шаймен разьездегі көпшілікке дастарқан жайып, баталарын алады.

Соғыс жылдарында елдің тұрмысы нашар болды. Елдің күнделікті ішетін тамағы жетісе де бермейді. Анасы көпшілік ішетін қазандағы суға ұн шылап атала да жасап берген кезі болған екен. Судың орнына сүт қосып пісірген аталаны Асқар ішпей қояды. Кешке анасы жұмыстан келсе, сол күйі тұрған аталаны көреді. Кішкентай Асқар: “Ішпеймін демейді, Айтоты, кейін ішемін ғой!” – деп ойын соңына жүгіріп кетеді. (Өзбек арасында тұрғандықтан анасы Қымбатты ауылдастары Айтоты деп кетеді).

Қымбат күйеуінің майданға аттанарда тапсырған аманатын бұлжытпай орындайды. Бір шаңырақтың отын өшірмеуге, балапандарын қанаттыға қақтырмай, тұмсықтыға шоқыттырмай, намысын қолдан бермеуге тырысады.

Аузынан Алласы, ойынан отағасы мен баласы түспейтін Қымбат күйеуін майданға шығарып салған соң, Саурандағы Сәдуахас деген әулиенің басына түнеп, жаратушы иемізге жалбарынып шығады. Үйіне қайтып келген соң, түнде ұйықтап жатып түс көреді. Үлкен қария кісі арбаға толтырып, темір қазық тиіп кетіп бара жатыр екен. Өкпесін қолына алып соңынан жүгіреді. “Айналайын аташым, маған екі қазық темір беріп кет!” – деп жалынады. Қарт аялдамастан кете береді. “Ең болмағанда, бір қазық беріп кет!” – деп жалбарынады. Әлігі қарт көп қазықтың шетінен бір қазық лақтырып кетеді. Басында білезігі бар қазық сылдыр етіп жерге түседі. “Ата,

тағы бер! – деп өтінеді. Қария аттың басын іркіп тоқтатады да, Қымбатқа қарап: “Саған басқа жоқ, бар берерім осы!” – деп қозғалып кетеді.

Құдайдың бермесін тартып ала-алмайсың, Қымбаттың екі қазық сұрап жүргені – Асқардың әкесі келе ме, үйдегі еркек-кіндік екеу болса деп үміттенгені еді. Түс көріп жатып оянып кетеді. Көрген түсін өзінше жорып: жалғыз қазық – Асқар, білезігі – Жұлдызай ғой деп топшылайды. Асқардың әкесі майданан оралмай қалып қоятынын жүрегі сезгендей де еді. Әулиенің басына барып бірге түнеген қария кісіге түсін айтып беріп еді, қарт көңілін қимады ма: “Түс деген түлкінің боғы емес пе, тәйірі. Бәрі жақсы болады”, – деп жұбатқан болды.

Асқардың әкесінің бір жүйрік аты бар еді. Сол есті жануар иесі соғысқа кеткен соң батысқа қарап кісінеген. Сол кезден-ақ Қымбаттың сезімтал жүрегі бірденені сезгендей еді.

Асқар әкесінің атына бауыр басты. Қыл құйрықты жылқы малын өле-өлгенше жақсы көріп кетті. Кішкентай бала жүрегіндегі әкеге деген сағыныш табын мауқын осы жылқы малына бөлекше ықылас таныту арқылы сездіргенін құпия сақтап өткен де болу керек.

Бас көтерер ер азаматтардың бәрі соғысқа кеткен. Ауылда шал-шауқан, кемпірлер, бала-шаға қалған. Майданға кеткен ерлердің орнын жоқтатпау үшін әйелдер иықтарына кетпен асып, колхоздың бітпейтін жұмысына шығады. Көзінің ағы менен қарасындай қос шырағы Асқар мен Жұлдызайды жәутең көз етпей, қатарынан қалдырмау үшін жиырма төрт жасында жесір әйел атанып, белін шарт түйіп, еңбекке араласады. Таң алакеуімнен ерте тұрып, елдің соңынан кеш жатып, шаңырақтың түтінін түтетіп отырады. Ол кездегі ауылдағы жандардың есіл-дерті, арманы мен тілегі алыстағы ел шетіндегі майданда болады. Көшедегі бағана басында сарнап тұрған радиодан, пошташы алып келетін хат-хабардан, газеттен жақсылық хабар бола ма деп, елендеумен құлағын тігіп жүретін.

Ауылдағы қарайып жүргендердің бәрі колхоздың қара жұмысына жегілетін. Көпшіліктен жырылып жалғыз-жарым

қалып қою, жалқаулыққа бой алдыру деген бөгде ой ешкімнің басына кірмейтін. Ол кездегі адамдардың сүйегі берік пе, бас ауырып, балтыры сыздап төсек тартып жатып қалуы да сиректің. Ортақ мақсатқа – әркім еңбегімен тырбанып жүріп ел шетіне бүйідей тиген жауды жеңетін күнді жақындатуға септігін тигізетіндей ойда жүрген соң, анау-мынау ауру-сырқауды елемейтін де еді. Колхоз бастық Шегебайдың жиналындар деген кезінде жиналып, тараңдар деген кезінде тарап, тапсырған шаруасын тап-тұйнақтай етіп атқарып жүре беруші еді. Майданға астық, жылы киім-кешек жөнелту міндетін колхоздағылар жандарын сала, бар ынты-шынтыларымен атқарады. Бір уыс астық, жылы колғап, шұлық өзге емес – өздерінің ерлеріне барып жететіндей сенімде болды емес пе?

Асқар еркін өседі. Анасы оған қара жұмыс істетпей өсіреді. Мектеп есігін ашқаннан сабаққа зерек болады. Ауылдың ересек кісілері Асқарды ортаға алып, ескі қисса жырларды оқытатын.

1947 жылы Созақ ауданының орталығы Шолаққорған ауылында тұратын Қымбаттың інісі Қыдыр Жүнісов көшіріп алып кетеді. Асқар төртінші кластан бастап Шолаққорған орта мектебінде оқиды.

Ол кезде Шолаққорған ауылының орталығында кесектен қаланған, жатаған төбесі балшықпен сыланған жалғыз мектеп болатын. Едені цементтелген ұзына бойы коридордан бүйірдегі кластарға есік шығады. Анасы Қымбат Асқарды қолынан жетектеп, мектептің төртінші класына, қимыл-қозғалысы да, сөз сөйлеуі де жылдам Қырғызбай деген мұғалімнің қолына тапсырады. Матадан тігілген сөмкесін иығына асқан, бүркіт тұмсық, шүңірек көз, уызына жарымаған жетім қозыдай әлжуаз шынашақтай балаға көз салған мұғалім ойланып тұрып қалады.

– Балаңыз Түркістанда жүргенде жақсы оқып па еді? – деп сұрайды.

– Әйтеуір, өз қатарынан қалған емес. Оқудың бәрі бір оқу емес пе? Әлде бұл Созақта басқаша оқытасындар ма? – дейді Қымбат мұғалімге қарап.



– Қай мектепте де оқудың бағдарламасы бір ғой. Мәселе баланың қабылдауына байланысты.

– Менің баламның басы осы жердегілердің басынан кем емес!

Бұл сөз анасының аузынан босқа шықпапты.

Асқар жаратылысында көп сөйлемейді, тұйықтау бала еді. Сабағынан қалмай мектебіне барып жүреді. Үйге келгенде кітаптарын ашып, дәптеріне жазып, дайындалып отырады. Түнде білте шамның түбіне сарылып ұзақ кітап оқитын. Ұлының қандай кітап оқып, не жазып жүргенімен хат танымайтын анасының шаруасы бола бермейтін. Әйтеуір ұзақ отырып кітаптан бас алмайтын ұлының тиянақтылығына, төзіміне іші жылып қалатын. Өзге балалардай мектептен келе сала, иығындағы сөмкесін жерге атып-ұрып ойын қуып кететін ұшқалақ емес, әр нәрсеге байыппен қарап салмақты жүретіні ана көңіліне көп қуаныш.

Асқарға ұстаздық еткен алғашқы ұстаздарының бірі Қырғызбай Сүлейменов баланың зеректігін, мінез-құлқындағы ерекшелігін ерте таниды. Тоғызыншы класты бітірерде үйге ертіп келіп: “Айтоты, балаңыз зерек, бірақ сабаққа дайындықсыз келеді, сұрасаң бәрін біледі. Жердүниедегі небір пәлелерді айтып, балаларды күлдіртіп, сабақтың берекесін алатыны бар. Кейде сабақтан ерте кетіп қалады. Класта қалдыруға басындағы миынан обалысынамыз”, – дейді. Сол күннен бастап, Асқар күрт өзгеріп жүреді. Анасының хат танымайтынымен ісі жоқ, көңілін көтергісі келіп тұратын.

Жетінші класта оқып жүргенде нағашысы Қыдыр құмнан сексеуіл алып келуге қасына ертіп барады. Келген соң: “Қымбат, осы баланды бекер әлпештейсің, томар сындыруға қаржымы жетпейді”, – дейді. Шынында да, Асқар қара жұмысқа икемсіз болып өседі. Өзінің шамасын байқағаннан да болар, оқу-білімге ерте бастан деп қояды.

Асқардың көзін көрген, құлын-тайдай тебісіп бірге өскен қатарлас-замандастары Теріскей өлкесінде баршылық. Ескінің көзіндегі болған қарттар Асекеңнің қатарластарының

арасынан да кейбір азаматтар, тіпті өкшесін басып жүрген кейінгі лек арасынан қапияда қатардан шығып қалып жатқан жандардың да кезігетіні көңілге кірбің ұялтады. Ауылдағы Асекеңді көзі көрген бірге өскен қариялармен тілдесіп естеліктерін де алған едік.

**Сөзақ ауданындағы С.Қожанов атындағы мұражай директоры Дулат Тұрантегі:**

–Асқар бірер класс төмен оқыды. Бойы тәпелтек болғандықтан балалар, “тәштек” деп атайтын. Мектепте кітапты құнығып оқитын балалар Асқар мен Төлеген Токбергенов болатын. Мектепте сабақтан тыс кезде әдебиет үйірмесі жұмыс істейтін. Қазақ әдебиеті үйірмесіне Бәтима Батырбекова, орыс әдебиеті үйірмесіне Роза Гереевна Ибрагимова жетекшілік ететін. Осы үйірмеде Николай Островскийдің “Құрыш қалай шынықты ” романы бойынша орыс тілінде баяндама жасағаным есімде. Сол кезде Асқар Лермонтовтың өлеңдерін жатқа айтатын. Сабаққа кетерде орталықтағы кітапханадан бір кітап алып, оны сабақ үстінде оқып шығып, кешке қайтарда кітапханаға тапсырып, үйге тағы кітап алып кететін. Асқардың кітап оқуға деген ынтасы өте жоғары еді.

Соғыс жылдары, соғыстан соңғы қиыншылықтар. Сыртта күн суық, қақаған ақшұнақ боран, кластың іші де суық. Ортаға құрылып, кернейін терезеден немесе ескі мұржадан шығарып қойған темір пештер. Оларға отын тапшы, жусан жағылады. Таңертең сабақ басталғанша, еден сыпыратын апайлар жағады да, одан кейінгі үзіліс кезінде сол күнгі кезекші оқушылар жағатын. Отынды өлшеп, там-тұмдап береді. Кейбір тәртіпсіздікпен аты шыққан балалар өзін көпке көрсеткісі келе ме, әлде, бар жаратылыстары солай ма, пештің көмейіне ескі-құсқы шүберектер, немесе, терінің пұшпағын тығып қойып, класс ішін көкала түтінге толтыратын. Мұндай жайт әсіресе, мінезі шөлкес, қатал мұғалімдердің сабағына дөп келетін. Қласта отырған балалар жөтеліп, шашалып қашып шыға бастайтын. Ұзына бойына коридорда топырлап жүгіріп, сабақ өтіп жатқан өзге де кластардың есігін ашып кетіп, дүрліктіріп

жататын. Оның соңы жиналысқа ұласып, кінәліні іздеу басталатын да, тәртіп бұзушы темір тор есігі бар әскери кабинетке қамалып, оқудан да шығып қалып жататын кездер болатын.

Асқар мектепке жасы толмай келген болу керек, бастауыш класс балаларының ішіндегі ең кішісі еді, өз класымдағы әлжуазы мен болатынмын. Үзіліс кезінде балалар көкпар тартып, екі жақ болып, алысып ойнайтын. Көкпар үшін әлдекімнің әкелген қой терісінің қалдығы не түйенің мойнағы болса жетіп жатыр. Бұл майқанға біздердің тұмсығымыз батпайды. Бәлкім, осы әлсіздік, өз қауқарымның кемдігі намысымды қайрады ма бар ашу-ызамды, есемді кітаптан алатынмын. Таңнан таңға кітаптан бас алмайтынмын.

Мұғалімнің үлкені де, атақтысы да Сейдахмет Әбуов ағай еді. Ол кісі соғыстың соңғы жылдары әскерден келген бетте мектеп директоры болды. Үйі де мектептің бір бұрышында болатын. Міне, сол кісі келген соң-ақ Шолаққорғанның сауықшыл балалары кітап оқуға бас қойды десем артық айтқандық болмас. Кейін аудандық оқу бөлімін басқарады, басшы қызметтерде болды.

Ол кісіден аудан халқының үш ұрпағы түгел дәріс алды десек қате болмас. Осы күнгі мұғалімдердің әке-шешелерін, өздерін, одан соң – балаларын оқытты. Асқар да осы Сейдахмет Әбуовтен дәріс алды. Бәтима Батырбекова мен Жөрехан Төрехановтар оқытты.

“Биік сөзді пәс айтқан жақсы, ірі сөзді ұлпа айтқан жақсы”. Асқар сынды біртуар ұлдар көптеп шыға ма деп ұстаздар қауымының үміт шамы әрдайым жағулы.

**Кластасы, зейнеткер Манап Райымов:**

–Асқар математика пәніне қызықпайтын, есеп шығаруға жоқ еді. Бір күні мұғаліміміз Рысбаев Әселхан Асқардың сабақ үстінде математика пәніне арнаған дәптерін алып, балаларға “Мынау Асқардың шығарған есебі” деп оқып береді. Онда Асқар былай жазыпты: “Чубатый кептер бүгін бір тұқым туды. Келесі жетіде бір тұқым туады. Ол балапандардың бәрі

чубатый, керемет билейтін болады”.

Асқардың балалардан ерекшелігі сол кезде-ақ білініп тұратын.

**Кластасы, зейнеткер Мәми ДАДАБЕКОВ:**

–Ол үнемі үшінші партада отыратын. Еске ұстау қабілетінің күштілігінен болар, кітапқа көз қырын салып, алғашқы сөйлемдерін оқып алса, әрмен қарай жалғап айтып кететін. Тақта алдына шыққанда алдыңғы партада отырып, кітапты соған қаратып бұрып қойсақ, көз қырын бір салғасын-ақ тоқтамай жаттап алғандай айта беретін.

1954 жылы Шолаққорған орта мектебін 38 бала бітіріп шықтық.

Асқар өте көркем – маржандай тізіп, сұлу жазатын. Мектеп бітіргенде аттестатты Әуесхан екеуі толтырды. Мен аттестатымды “Асқарға, туысканыма толтыртамын”, – деп Асқарға жаздырдым. Сол Асқар толтырған аттестат менде әлі күнге сақтаулы тұр.

Сол жылы көпшілігі оқуға түсіп кетті. Оқуға түсе алмағандар ауылға келіп, әр түрлі жұмысқа орналастық. Қызыл әскердегі бастауыш мектепте мұғалімінің орны бос деп естіп, төрт жігіт аудандық оқу бөлімінің меңгерушісі Сейдахмет Әбуовке өтініш жаздық. Төртеуіміздің ішінен Әбуов Асқарды таңдап алды. Сөйтіп, Асқар мектепті бітірісімен-ақ мұғалім болып кетті.

**Кластас жолдасы Әуесхан ҚАРАУЫЛОВ:**

–Мектепте жүріп-ақ көп оқып, көп білгендіктен Асқар ересек балалардың өзімен айтысып қала беретін. Соңы жанжалға айналып кетпесін деп араға түсетінмін. Асқар сөзіме құлақ асып, райынан тез қайтатын. “Менің мәтібиім” деп атаушы еді.

Кейін де соңынан іздеп Алматыға талай бардым. Асқардың кітап жиған сөресінің ең жоғарғы жағында құран тұратын. Одан кейін қандауыр мен жылқының суреті болушы еді. Екеуіміз саясат тақырыбына көп айтысатынбыз.

Қазіргі қолдағы мал азайып, халықтың жүдеп-жадаған

кезінде Асқардың ертеректе айтқан: “Қазақ малды бақты, мал казакты бақты” деген сөзі жиі есіме түседі.

\* \* \*

Мектеп бітірген соң көрмеген, білмеген үлкен қала Алматыға оқуға кетеді. “Жесір қатын бала оқытып несі бар, одан да жұмсап, рәтін көрмей ме?” – деушілер де кездеседі. Не арқа сүйері, не ертіп баратын жолбастаушысы жоқ, қарғадай бала үлкен жерге селтиіп жалғыз өзі барады. Түркістанда тұратын әкесінің қарындасы бар еді. Анасы Қымбат Әзірет Сұлтанға барып, бір мал шалып, құран оқытып, шығарып салады.

Асқар Алматыға кеткенде түнде ұйықтап жатып түс көреді. Биік төбе, тұтас жайқалған көк шалғын. Төбеге тік өрлейтін жалғыз аяқ жол. Төбе басында адам аз, етекте қаракұрым. Бірақ орта жолға келгенде кейін сырылып түсіп қала береді. Сол кезде бір қария кісі: “Қарағым, әуре болма, бұл жолы шыға алмайсың, келер жылы шығасың!” – дейді. Таңертең ұйқыдан тұрғанда қайын сіңлісіне: “Мен ауылға қайта берейін. Асқар бұл жолы түспейді екен”, – дейді. Сонда қайын сіңлісі “Ойбай-ау, осы біз бір әулиеге қалдық қой. Қайдан білесің?” – деп күледі. Айтқандай-ақ, Асқар сол жылы оқуға түсе алмай, ауылға қайтып кетеді. Аудан орталығынан он екі шақырым жердегі Қызыл әскер елді мекеніне бастауыш мектепке мұғалім болып орналасады. Мектеп шалғай болған соң атпен, кейде жаяу-жалпы қатынап, барып жүреді. Қыстағы боранды күндері үскірік аязда желге қарсы бет қарыған қиын күндерді де бастан өткереді. Келесі жылы жаз шыға Алматыға оқуға тағы барып, мұғалімдер дайындайтын институтқа түсіп, ауылға қуанып келеді. Жаратушы иеміз қолдап, талапты жастың еңбегі жанып, студент атанады.

Институтта оқып жүріп, қысқы, жазғы каникулдарында ауылға келіп, анасының көңілін аулап, қуантып кететін. Төркіні, інісінің қолында жүргені ұлының көңіліне көп демеу еді, Алматыда студенттік шағын алаңсыз жүріп өткізеді.

\* \* \*

Созак ауданының орталығы – Шолаққорған ауылындағы көне орта мектеп алпысыншы жылдардың басында бұзылады да, осы білім ошағының негізінде ауылдың шығысынан және батысынан орта мектеп болып, екі мектеп ірге көтереді. Бұрынғы көне мектепте оқып жүрген оқушылар тұрғылықты жерлерінің алыс-жақындығына байланысты осы екі мектепке бөлініп оқитын болды. Бұл екі мектеп те алғашында бұрынғы Шолаққорған орта мектебі деген атауын сақтап келеді.

Жетіжылдық мектеп жанынан қосымша жай салынып сегізжылдық, одан соң орта мектеп болып, М.Калининнің есімі берілді. Ауылдың екінші шетіндегі мектеп қазақ халқының тұңғыш ағартушысы Ыбырай Алтынсариннің есімін иеленеді. Бұл мектеп аудандағы бірден-бір іргелі оқу ошақтарының бірі. Сан мыңдаған шәкірттер тәрбиелеп, өмірге қанаттандырып шығарды. Қаншама танымал азаматтар – мемлекет қайраткерлері, облыс және аудан басшылары, ел мен елді жақындастырған елші, әр түрлі сала қызметкерлері, ғалымдар, ақын-жазушылар қанаттанып шықты.

Өткен өмірге көз салсақ, ертеректегі адамдардың бәрі ірі тұлғалы, ұстамды, текті болып келетін сияқты көрінеді де тұрады. Олар жан-жақты білімді, байсалды мінезге де бай, өмірден көргені мол, атқарған істері де қомақты болып көрінеді. Асқар Сүлейменов телегей терең білімді меңгерген, жазуы да терең, қатпар-қатпар ойларға бай жаратылысы бөлекше жан болып өседі. Бойында ерік-жігері мол, мақсаты биік талапты жасқа Алматы ұшы-қиыры жоқ кең кеңістік сияқты. Әсіресе, білім қуған жасқа құлашын сермеп еркін жүзер кең айдын. Асқар бойындағы ұшан-теңіз білім нәрін осы үлкен қала – мәдениет пен руханияттың ордасынан алады. Қазақстанның түкпір-түкпірінен арман қуып келіп, Алматыда бастары тоқайласқан кейбір талантты жастары еліміз әлі ауыр соғыс зардабынан еңсесін көтере қоймаған ауыр кезеңде бір-біріне көп демеу, сүйеніш болады. Сонау шалғайдағы Созақтан білім қуып келген қаршадай бала мұнда өзіне адал дос-жарандар табады. Олардың көпшілігі кейін қазақтың

маңдайына біткен біртуар азаматтарына, мақтанышына айналады.

Асқар Абай атындағы педагогикалық институттың қазақ тілі мен әдебиеті факультетін бітіріп, аспирантурасында қалып, білім алуын одан әрі жалғастырады.

1961-жылы қарындасы Жұлдызай ауылдағы мектепті бітірген жылы анасы екеуін Алматыға қолына көшіріп әкеледі. Жалғыз ұлының тілеуін тілеп жүрген анасы бауыр басқан ауылы, туған-туыс, ағайын, төркіндерімен қош айтысып, бір мал шалып құран оқытып, жеңіл-желпі жүкпен Алматыға келеді. Екінші Алматы вокзалында Асқар жолдастары Қалихан, Герольд, Зейноллалармен бірге күтіп алады.

Олар алғашқыда институт жатақханасының бір бөлмесінде тұрады. Одан кейін тау жақтағы “Горный гиганттан” пәтер жалдайды. Алматыда Асқардың жора-жолдастары көп екен. Жүмекен, Әбіш. Сайын, Сабырхан, Есенжол үйге жиі келіп тұрады. Ол кезде Жүмекен мен Есенжол ғана үйленген еді. Әбдіжәмилдің жеңгесі, Әбіштің, Қайраттың аналары бар – бәрі үй ішімен қоян-қолтық араласып, жақын туыстай болып кетеді.

Той-томалақ, қуаныштарында бірге араласып жүреді. Үйлері қонақтан арылмайтын. Асқардың жора-жолдастары жиі келетін. Тіпті, Қырғызстан, Өзбекстан, басқа да елдерден де іздеп келушілер болатын. Ауылдан келген дархан жүректі, кең пейілді Қымбат бәріне дастарқан жайып, қарсы алып, шығарып салатын. «Осы Айтотының шайы етке бергісіз» дейтіндер де бар еді. Анасы үшін Асқардың қонағын күтіп, ашық қабақпен қарсы аып, шығарып салу үлкен бақыт еді.

Өз қатарластарымен бірге Асқар да Жазушылар одағынан төрт бөлмелі пәтерге ие болады. Бұл кезде Асқар да үйленіп, немерелері Әлішер мен Қаракөз өмірге келеді. Жаңа шаңырақта қазақ халқының мақтанышына айналған Ғабит Мүсірепов, Қалтай Мұхаметжанов. Мұрат Әуезовтер, ауылдан шертпе күйдің қас шебері Төлеген Молбековтер қонақта болады. Дастарқан басында Ғабит Мүсірепов: “Асқар

менің қатарым емес. Жасы кіші болса да жақын болып кеттік. Анасын көріп отырғаным осы. Бұл кісі дүниенің есігін ашыпты да, жауып қоя салыпты. Асқардың не көрсететінін, келіннің не көрсететінін өздері біледі”, – дейді.

Алғашқыда Жұмекен, Есенжол, Әкім, Қалихан, Сайын, Зейнолла, өзгелері бәрі бір үйдің балаларындай болып жүреді. Кейіннен әрқайсысы өмірден өз жолдарын тауып, қызмет бабымен, өздерінің отбасы алданышымен кетеді. Қалтай Мұхаметжанов жасы үлкендігін танытып, ақылын айтып жүреді. Зейнолла Қабдолов туған ағасындай болады.

Алматыға көшіп барған алғашқы жылдары Қалихан: “Сүлейменнің баласының көрпесін тасимын деп көк иық болдым”, – деп әзілдейді екен. Зейнолла Серікқалиев Асқармен өмірінің соңына дейін жұптарын жазбайды. Асқар тіпті оның мойнына мініп алатын кездері де болатын. Зейноллаға сөз бергенде: “Ол сөзін айтып біткенше, бір партия шахмат ойнап алайық”, – деп әзілдейді екен.

Асқар Сүлейменовтің Қазақстан Жазушылар одағына мүшелікке қабылдарда қос Ғабең – Ғабит Мүсірепов пен Ғабиден Мұстафин ерекше қайрат көрсетіп, кепілдеме берген екен. “Жарық көрген кітабы жалғыз екен, оның өзі де биттің қабындай, кейін өтсе қайтеді”, – деп кедергі келтіргісі келгендерге Ғабиден Мұстафин: “Ендеше, сол биттің қабындай кітапқа жолдама берген рецензентті де одақтың мүшелігінен шығарып тастандар!” – деп отырып алған екен.

\* \* \*

Асқар балаларын Алматыдағы қазақ мектебіне береді. Жазушылардың бәрі, басшылық қызметтегі, қатардағы ел де балаларын орыс мектебіне беруді “модаға” айналдырған. Жұрттың бәрі орысша сөйлейтін кезде оқшау көзге түскен Асқарға күлгендер де болады. Сол кезде Асқар: “Қарап тұрындар, осыдан он шақты жылдан соң қазақ өзінің тіліне зар болады, сонда ойланатын боласың!” – деп жауап берген екен.

Асқар Сүлейменовтің балалық шағы өткен, жалаң аяқ



табанының табы түскен ауылда мен де өсіп, ер жеттім. Жазушының кітаптарында көп кездесетін Торлан, Терісаққан, Жуғы, Қарасуан, Қызыл әскер, Қанжуған, Өрқақпада біздің де іздеріміз сайрап жатыр. Екеумізге ойлау қабілетін, тарығу мен іштей қамығуды, ой ұшқынын үрлеп тұтатып, шығарма жазуды – қиындық көріп өскен тағдырымыз сыйлаған болар бәлкім.

\* \* \*

Алпысыншы жылдардың соңына салым мектептің жетінші класында оқып жүрген кезім еді. Бізден бес-алты жас үлкендігі бар Сатыбалды Нарымбетовтың үйлерімен көрші тұрамыз. Олардың үйі жолдың арғы бетінде де біздің үй бергі бетінде. Сатыбалдының інісі Нышанәлімен бірге мектепке барып, күнұзын құлын-тайдай тебісіп бірге ойнап жүретінбіз. Бұл кезде Сатыбалдының мектеп бітіріп, Мәскеудегі кинематографистер дайындайтын институтта оқып жүрген кезі. Сәскеге салым Нышанәліні іздеп, үйіне бас сұқтым. Жаз айы болғандықтан үй иелері киіз төсеп, верандада отырады. Қадиша апамыз қатық бүркіп, тері илеп, Жәлел көкеміз мен бұрын көрмеген бейтаныс кісімен әңгімелесіп отыр. Жас шамасы отыздардағы, мойылдай қара шашын артқа қайырған, шүнірек көз, имек мұрын, жұқа ерінді, шағын денелі, жинақы, галғаммен киінген жігіт ағасына қолымды ұсынып сәлемдестім. Оның киім киісі, түр-келбеті, отырысы, сөз сөйлеу мәнері қаладан келген, сыпайы жанның кейпін танытады. Менің қолымды алды да, бетіме көз тастап, ауылдағы ойын соңында жүрген көп баланың біріне санаса керек, онша назар салмай, үлкен кісімен әңгімесін жалғастыра берді. Бұл жерден Нышанәлі көзіме түспегендіктен, кері шығып кетіп қалудың ретін таппай еріксіз төменірек тізе бүктім. Бейтаныс кісінің әңгіме ауанынан байқағаным: осы шаңыраққа арнайы сәлем беріп, алыста оқып жүрген Сатыбалдының амандығын жеткізу екен.

– Жақында Алматыға келіп, біздің үйде болып кетті. Балаңыз нағыз қалалық болып алыпты. Екі-үш күнге босатқан екен, Созаққа барып-қайтуға үлгермейтінін айтты. Екеуміз хат

жазысып тұрамыз. Сіздерге де хат салып тұратын шығар?– деді Жәлел көкеме қарап.

– Хат жазуға сараң. Әйтеуір, шыдамымызды тауысып барып, тірі екенін білдірген хаты келіп тұрады, – деп жауап береді Жәңкең. – Әйтеуір, аман жүрсе бопты.

Сөзге Қадидіша апамыз араласты:

– Алматының ең үлкен оқуына<sup>1</sup> түсіп еді, оны тастап Мәскеуге кетті ғой. Сол құрғыр киномеханиктің оқуы мынау тұрған Шымкентте де бар еді. Біздің айтқанымызға жүретін бала қайда бүгінде. Өз дегені болмаса жарамайды.

Әңгіме желісі үзілген бір сәтте Жәлел көкеміз:

– Мына бала да жазуға әуестеніп жүр. Жазғандары “Молшылыққа”<sup>2</sup> шығып тұрады, – деді мені иегімен нұсқап.

Шүңірек көз қонақтың өткір жанары маған қадалды. Тіктеп көз түйістіруге дәтім шыдамағандай балалық ұяндықпен жүзімді төмен салдым.

Қонақ орнынан тұрып, қайтуға бет алды.

– Мал өрісте, кешке оралады, Асқаржан-ау, малдың басын мүжіп, емін-еркін жатып қонақ болып қайтатындай жөнің бар, – деп Жәлел көкеміз кейігендей болды.

– Жыл он екі айда бір келіп, қайтқаны несі? – деп апамыз да бәйек болып жатыр.

Қонақ өзінің соғатын жерлері барын айтып, қайтуға бейімделді. Төменге келіп, қалтасынан темір қалақша алып, туфлиінің өкшесіне қойып, аяқ киімін асықпай киді. Қонақтың әрбір қимылынан көз алмай қарап тұрмын. Өзгеге ұқсай бермейтін сыпайылық, кербездік бар тәрізді.

Жәлел көкемізді ауылдың өзінен кішілері түгел “Жәке” деп, келін-кепшіктер “Күржік көке” деп атайтын. Ол кісінің “Асқаржан” дегенінен-ақ алыстан келген қонақтың Асқар Сүлейменов екенін топшылғандай едім. Сол кездің өзінде-ақ Асекеңнің есімі дүркіреп шығып тұрған кезі. Ауылдың үлкен-кішісіне де есімі жақсы таныс болып үлгерген.

Жалаң аяқ топырақ басып жүретін қара сирақ бала

<sup>1</sup>Қазақ мемлекеттік университеті.

<sup>2</sup>Созак аудандық “Молшылық үшін” газеті.

конақтың соңынан ере үйден шықтым. Кейіндеу қалып еріп келе жатқанымды байқаған Асекең бүкіл денесімен бұрылып маған назар салды да:

–Сөйтіп, жазғышпын де, жазамын де, – деді жай ғана сөйлеп.

Мысқылдағанын, не шындап айтқанының байыбына жетпей, балаң көліл алғаш көрген жаннан секем алып, кібіртіктей бердім.

–Не жазасың сонда? Пәленше жақсы, түгенше жақсы деп газетке кара мақала жазасың ба?

Алғаш көрген жанның тосын сауал қоюы менің ойымды шатастырғандай, қалай жауап берерімді білмедім. Асекең менің жауап қайтаруымды қажетсінбейтін де тәрізді, аяғын ақырындап басып ұзай берді. Қарияларша қолдарын артына айқастырып ұстап, сыпайы-сидаң аяндайды.

Жолдың қарсы бетіндегі өзіміздің үйдің ауласына келіп, өрік ағаштың көлеңкесінде Асекеңді көзбен ұзатып салып тұрдым.

Асекең сайға түсіп, су аққан арықтан аттап өтіп, қолын соңына айқастырған күйі ауыл шетіндегі мектептің тұсына жақындады. Қоңыраудың соғылғаны естіліп, мектеп есігінен шұбыра шыққан ақ шағаладай оқушылар Асекеңе қарсы ұшырасты. Енді бірде Асекең оқушылардың ортасында қалып қойғандай көрінді.

Тап сол кезде Асекең заман өзгеріп, ауыл шетіндегі Калинин атындағы орта мектептің Сүлейменов есімімен аталатынын сезбеген де болар.

Біз тұратын Пушкин атындағы көше де бұл күнде кеменгер жазушы Мұхтар Әуезовтың есімімен аталады.

\* \* \*

Менің кішкентай бала кезімнен бастап, бүкіл саналы ғұмырым аудан орталығы Шолаққорған селосының күншығыс бетіне ауылдан оқшау орналасқан, бүгінде Асқар Сүлейменов атындағы орта мектеп аталатын білім ошағымен тығыз байланысты. Осында келіп қолыма “Әліппе” алып, хат

таныдым, партаға отырып, ұстаздардан өмірлік дәріс алдым.

Алғашқы ұстаздарым, бүгінде көпшілігі бұл жарық дүниеде жоқ Елеу Қойшиев, Қайдакеш Кешубаев, Сәрсен Әлібаев, Қуат Сұлтанбеков, Сарман Әбдіқұлов, Ешмағамбет Кәріпбеков, бұл күнде ақ шашты қариялар атанған Құлтай Әміреев, Жолтай Әштарханов, Алдаш Атаев, Төлбай Әтікенов, Гашен Нагиев, Багина Қайыржанова, Күлзейнет Қолыбаева, Үрләш Жүнісова, Зина Сейсенбиевалар менің өміріме өшпестей із қалдырыпты. Олардың шәкірттерінің алдындағы ұстамдылығы, сөз саптаулары, киім киістері, бүкіл болмыс, жаратылыстары біз үшін үлкен темірқазық, әйтеуір, жақсылық атаулының, білім-тәрбиенің қайнарындай еді.

Асқар Сүлейменов атындағы орта мектепте анам ұзақ жылдар еңбек етті. Әкем менің алты жасымда қайтыс болды. Анам шиеттей төрт баламен жесір қалып қойды. Ол кезде үлкеніміз Төлеш – тоғыздарда, мен – алтыда, қарындасым Лескүл – төртте, кенжеміз Лесбек емшектегі нәресте еді. Асыраушысынан айырылған шаңырақтың бас көтерері анамның жесірлік тауқыметін жастай тартуына тура келді. Осы мектепте еден жуушы болып жұмысқа орналасты. Содан жиырма жылдай осында тұрақты істеп, зейнеткерлікке шықты. Алғашқы кезде анамның айлық жалақысы қырық сом еді, беріректе жетпіс сомға көтерілді.

Бір күні анам таңертең ерте ұйқыдан оянып:

– Тұра ғой балам, киініп ал! – деді.

Жылы төсекті кимасам да, анамның өтінішінен кейін орнымнан тұрып, сыртқа шықтым.

Ақпан айында далада қалың қар борап жауып тұр. Шана сүйретіп, анамның соңынан еріп келемін. Ауыл сыртынан өтетін үлкен жол шетінде бір пляг жатыр. Жолдан өткен машинадан, немесе арбадан түсіп қалса керек. Әлгі плягты екеулеп шанаға салдық та, үйге сүйретіп келдім. Біздің ізімізді қалың қар жауып қалды.

Үйге келіп плягтің аузын ашып қарасақ, ернеуінен толған сүт екен. Үйде сиыр болмағандықтан, мол сүтті пісіріп, айран

ұйытып ішіп, шие тей балалар он шақты күн аузымыз аққа жарығаны есімде қалыпты.

Ол кезде мектептің барлық класс бөлмелеріне от жағылатын. Әр класта үлкен қаңылтыр қара пеш бар. Кешкісін сабақ аяқталғанда, анам пештердің күлін алып, ертеңге жағатын тамызық – сексеуілдерін бұтап дайындап, шелекпен көмірін әкеп қоятын. Мен анамды аяғандықтан, керзі етікті киіп алып, сексеуіл жарып, көмірін тасып, еденін жууға көмектесетінмін. Мектеп бітіргенше анама қол ұшын беріп келдім. Класта сабақ оқып отырсақ – анам есіктен кіріп, пештің күлін түсіріп, көмірін жаңалап салып кететін. Сол кезде кластағы балалар менің бетіме қарайды. Мен ештеңе елемегендей кітабымды оқып, жазуымды жазып отыра беретінмін. Көмір тасып, еден жуып жүрген кездерімде жоғары кластарда мені кекеткен балалар да кездесті.

Анам таңғысын ерте, сағат бестерде орнынан тұрып кетеді. Біз сабаққа барғанымызда темір қаңылтыр пеш қол тигізбейтіндей қызып, класс іші ұядай жылып тұрады.

Кітап оқуға ерте бастан құмар болдым. Ол кезде тек мен ғана емес елдің кітапқа деген құштарлығы бөлекше еді. Үй-үйде телевизордың, радионың жоқтығынан да болар, – ауылда ересектер арасында, мектептің жоғары класс оқушылары көп еді. Орталықтағы кітапхананың тұрақты оқырманына айналдық.

Кітапханадағылар мектеп оқушыларына зәру кітаптарды бергісі келмейді ме, әлде, бізді бала санап жоғалтып немесе беттерін бүлдіреді деп күдіктене ме, ұнатқан кітаптарды алып шығуымыз оңайға соқпайтын. М. Әуезовтың, С. Мұқановтың, Ғ. Мүсіреповтың, Ә. Нұрпейісовтың, М. Горькийдің балаларға арнап жазатын шетел жазушыларының қазақ тіліне аударылған сирек кездесетін кітаптарын оқуымыз біз үшін ерекше дүниенің есігін ашқандай әсер ететін.

Кешкісін қас-қарая жанып, түнде он екілерге жетер-жетпесте Калинин көшесіндегі Ертайдың дизелі кітаптың қызығына түсіп жатқанымызда жылт-жылт белгі береді де, жалп етіп өшіп қалады. Кейде ауылда той-томалақ болғанда

таң атқанша жанып тұратын кездері де аракідік кездесетін. Сол түні Ертайға бір леген палауын жартылығымен апарып берген той иесіне іштей рахметімізді жаудырып таң атқанша кітаптан бас алмайтынбыз.

Аудан орталығындағы кітап дүкеніне бас сұғушылардың қатары қай кезде де саябырсымайтын. Жаңадан шыққан кітаптар дүркін-дүркін келіп жататын. Анамнан кітап алуға ақша сұрасам, қолымды қайтарып көрген емес. Менің керексіз нәрсеге ақша шығармайтынымды білетін болғандықтан да, өзінде жоқ кезде өзгелерден сұрап тауып беретін. Көлемі үлкен “Батырлар жырының”, “Қазақ ертегілерінің”, “Мың бір түннің” томдарын дүкеннен сатып алып, баспаның бояу иісі кеппеген жаңа кітаптарды қолтығыма қысып, үйге қуанып, анама көрсеткенім әлі есімде. Мектептің соңғы кластарында оқып жүргеннің өзінде анамның азын-аулақ жалақысынан үзіп-жұлып сұрап жүріп-ақ үйде біраз кітап қорын жинақтап қалып едім.

Мектептің соңғы кластарында газет-журнал беттерінен оқыған мақала, әңгімелер бізге әжептәуір ой салатын. Сол жылдары “Лениншіл жас” газетінің бірнеше нөмерінде жарық көрген Асқар Сүлейменовтың “Қара шал” атты көлемді әңгімесін кезіктірдік. Кейіпкердің ішкі жан-дүние толқынысы күрделі көркем шығарманы оқып шығып, жете тұщынып түсінбесек те, әңгіме еріксіз баурап алды. Біздің ауыл адамдарына тән мінез-құлық, қимыл-әрекеттер, сөз саптау машықтары, туған өлкенің табиғат бояулары, бүкіл өн-бойынан өзімізге етене құбылыстар тым ыстық көрінді. Ауыл тіршілігін ешбір боямасыз, табиғи қалпында оқырман алдына көлденең тартқан жазушы шеберлігі тәнті еткен еді. Өзіміз күнде көріп жүрген өңір, сай-сала, белестерге біз де Асекеннің көз қарасымен қарауға тырысып бақтық. Өзінің өскен өңірінен сұлулық, ізгілік, ұлылық каламгердің ішкі сырын ұғуға тырыстық. Терісакқандағы судың сылдыры, қалың шидің жел шайқаған үкі бастарының сыбысы, кең саздың аптапты шілдедегі қоңыр салқын тынысты қара шалмен бірге сезінгендей боламыз. Өмірде бар қара шалды күнде көріп.

кол алысып жүріп, оның біздің түсінігімізден де күрделі жаратылыс екеніне шүбә келтіреміз.

Аудандық газеттің соңғы бетіндегі редакцияның адресіне мектепте өтіп тұратын әр түрлі пәндік, әдеби кештер, кездесулер, өзімізге ұнаған ұстаздар туралы қысқа хабарлар жазып, конвертпен почтаға салып жіберетінбіз. Газет редакциясы ауылда бола тұра, жазғандарымызды өз аяғымызбен алып барып беруге жүрегіміз дауаламайтын. Газет беттерінен мақалалары үзбей жарияланып тұратын Шернияз Серімбетов, Тәуекел Бектаев, Ескермес Жақанов, Бәйітбек Есжанов, Қуаныш Нұрмашев, Жүніс Керімбаевтар біздің балаң түсінігімізше, бөлекше жаратылған жандар. Көлемді мақалаларды, өлең, очерк, балладаларды еркін көсілтіп, үздіксіз жазып тұрады. Сол жылдары аудандық газет редакциясында ел арасынан шыққан талантты, бірегей қаламгерлер жиналып еді. Жетісіне үш рет жарық көретін газет мазмұнды, тартымды шығатын. Редакцияға жолдаған хаттардан бір дерек күтіп жүрген кезімде, аудандық газет бетінен төрт-бес сөйлемнен тұратын шағын мақаланың соңында үлкен қара әріптермен фамилиямды көріп қуанғаным есімде. Қысқа хабар менің жазғандарыма ұқсамайтын да еді. Редакция қызметкерлері мақаланың мазмұнын алған да көркемдеп, жатық етіп, қайтадан өңдеп, жазып шыққан.

Үсті-үстіне жолдаған мақалаларымыз газет бетінде жарық көрмей, редакция қызметкерлерінен жауап хат келетін.

Аудандық газет бетінде арақідік мақалаларымыздың жарық көруі, редакциядан хаттардың келіп тұруы мұғалімдер мен оқушылар арасында беделімізді өсіре түскендей еді.

Ауылдан шыққан қаламгер ағаларымыз Сәуірбек Бақбергенов, Төлеген Токбергенов, Асқар Сүлейменовтерге еліктеуден, есейгенде солардай болсақ деген балаң арманнан да болар, жазу өнеріне ерте құлаш сермедік.

Ақ қағазға түсіргеніміз өзімізге ұнамай, жыртып тастап, қайта жазып шығатынбыз. Қашан көңіліміз толғанша, – қайта-қайта көшіреміз.

Шолаққорған селосын қақ бөліп өтетін үлкен асфальт

жолдың шетімен жай аяндап келе жатқан кезімде:

– Жазғыш, қал қалай? – деген таныс дауыс ту сыртымнан естілді.

Мойын бұрып қарап едім қолдарын соңына айқастырып ұстаған Асекең өкшелеп жетіп қалған екен.

Бір көрген мені ұмытпапты.

– Мектепті қашан бітіресің? – Асекең табан жолына тік қарап жүріп келеді.

– Келесі жылы, – деп жауап бердім.

– Қандай оқуға түспек ойың бар?

– Жазушыларды дайындайтын оқуға барамын.

– Қазақстанда жазушыларды дайындап шығаратын оқу орны жоқ.

Газет-журналдардан оқығанымыздай көптеген ақын-жазушылардың өмірбаяны, еңбек жолы туралы деректерде олар Қазақ мемлекеттік университетінің журналистика факультетін бітіріп шыққандықтан, менің балаң санамда қалам иелерін тек осы оқу орны ғана дайындайды деген ұғым қалыптасқан еді.

– КазГУ-дің журфагі ше? – дедім өз пікірімнен айнығым келмегендей.

– Университеттің журналистика факультеті аты айтып тұрғандай тек журналистерді дайындап шығарады.

Мен үшін сол кезде журналист те, ақын да, жазушы да бәрі бір сала иелері болып көрінетін.

Ол кісінің көзқарас, пікірімен менің шала-шарпы дүмбілез көзқарас, пікірім қиғаш-қиғаш келіп жатқанын сезсем де, өректіген балалық бірбеткейлігім дес бергісі келмегендей.

Қоршалған шарбақ ішіндегі партия комитеті жайының алдынан өтіп бара жатқанымызда екі-үш жігіт Асқар Сүлейменовпен амандасып, жағдай сұрасты. Әлгілермен біраз тілдесіп, кідірістеген Асекең соңымнан өкшелеп қайта жетіп алды.

– Сонымен сен бала жазушы боласың ба, журналист боласың ба? – деді үзіліп қалған әңгіменің желісін жалғап.

Ол кісімен бұл тақырыпта сөйлескім келмегені-сездіргендей “білмеймін” дегендей иығымды қиқаң еткіздім.

– Шамаң келсе екеуі де бол ! – деді Асекең.

Кекесінмен айтылған сөздей болып көрінген соң ол кісін



бетіне қарадым. Оның жүзінен мысқылдаудың табы аңғарылмайды.

Бұл кезде біз бір-бірімен қабаттаса орналасқан дүкендердің тұсына да келіп жеткен едік. Кітап дүкеніне жақындағанда:

– Мұнда кіріп шығайық, – деді де кітап дүкенінің есігін ашып өзі бастап кірді.

Қазақ тілінде шыққан кітаптардың қасына келіп аялдады да, бір-екі кітаптың алғашқы, соңғы беттерін аударыстырды да орнына қойып, орыс тіліндегі кітаптардың тұсында ұзақ кідірістеді. Қалың-қалың үш-төрт кітапты сатып алып, сыртқа беттеді.

– Алматыда қолыңа шам алып іздесең таптырмайтын дефицит кітаптар бұл ауылда қайдан тұр? – деп Асекең маған қарады.

Дүкеннен сатып алған кітаптарына іштей қуанып келе жатқан Асекеңнің сауалына не деп жауап берерімді білмедім.

– Сонымен жазушы болғым келеді де, – деді бастапқы әңгіменің сұлбасымен сауалын тағы қайталап. – Жазушы болу үшін сонау Алматыға барып, университетке түсудің қажеті жоқ. Іргеде тұрған Созақтағы училищені бітіріп, мынау деген жазушы болуға болады!

Асекең бас бармағын көрсетіп қойды.

Әлгіндегі “осы кісі мені мұқатып келе жатқан жоқ па?” деген күдігім енді шындыққа айналғандай.

– Солай бала, – деді де Асекең Өрқақпаның тұсына жеткенде Қарауылов Әуесханның үйіне қарай бұрылып кетті.

... Асекеңмен ауылдағы алғашқы кездесулерде ол кісі маған жақсы әсер қалдыра қойған жоқ. Өзін жоғары ұстап, өзгені менсінбейтін тәкаппар жандай көрінді. Үлкеннен жылы сөз естуге дағдыланған балғын көңіл өзін қаламгер ретінде іш тартқанда кеудемнен кері итергендей де әсер етті.

Мектептің соңғы кластарында училищеге де емес, өзге оқу орнына да емес, тек Алматыдағы “жазушыларды” дайындап шығаратын Қазақ мемлекеттік университетінің журналистика факультетіне түсіп оқысам деген құштарлығым басылған жоқ.

Алған бағытымнан айнытуға талпынушылар ауылдан да табылды. Жанашыр ағайындардың өзі “бүйір шығып, ішіп-жемі молдау мамандықты игерген жөн. Біздің ауданның кәсібі

мал шаруашылығы болғандықтан, күнделікті қажетті еті тегін болатын зоотехник немесе мал дәрігері тиімді мамандық”, – дегендер де болды.

Ешкімнің үгітіне көнбестен, мектеп бітіріп, қолға кәмелеттік аттестат тиісімен ауылдан шыққан қаламгер ағаларымыз Асқар мен Сатыбалдылардың соңынан Алматыдағы Қазақ мемлекеттік университетіне жол тартым. Анам ауылдың қарттарын жиып, мал сойып, құран оқытты. Үлкендердің ақ батасын алдым. Аудандық газеттегі ағаларым да оқуға түсіп кетуге тілектерін айтып, жергілікті тілші ретінде редакция жұмысына белсене араласып тұрғанымды айғақтайтын өндірістік мінездемені жақсылап жазып берді. Аудандық газет редакторы Шарнияз Серімбетов: “Асқар ағана бар, ауылдың баласы ғой, көмек көрсетер”, – деді.

Ауылдан ұзап шықпаған мен үшін алыс Алматыға жол тартқан кезім әлі күнге естен кетпейді. Таудан аққан судай өмір ағымымен сапырылысқан адамдардың нөпіріне араласып кете бардық.

Шыңдарын қар шалған Алатау баурайындағы көрікті жасыл қала Алматы алғаш көрген жанды еріксіз тамсандырғандай екен.

Таңертең университетке тиісті құжаттарды тапсырып, тек дәрігерлік анықтама қағаздағы рентгеннен ауылдан өткенім жарамсыз деп табылып, қаладан қайтадан өтуге тура келді. Рентгеннің қорытындысы түскен күннің ертеңіне дайын болатындықтан, алғашқы күні жатақханаға жолдама алуға үлгермедім. Түнемеге жатын жер туралы ойланғанда, үлкен қалада баратын үйлердің адрестерін білмейтінім есіме түсіп, еріксіз бақ ішінде орындыққа отыра кеттім. Қолымда кітап, киімдер салған сөмкем бар, көшедегі оқуға түсуге келген көп абитуриент жастардың бірі ретінде ары өткен, бері өткен нөпір халыққа көз тігемін. Жүзі таныс жандардың бірі болмаса, бірі жолығысып қала ма деген үміт те жоқ емес. Сол көп халықтың арасынан қолдарын соңына ұстап, жай аяңдап Асқар ағам келе жатқандай болады. Осы отырған орнымнан қозғалсам таныс жандар өтіп кетіп, қайтып оларды ұшыратуым қиынға соғатындай көрінеді.

Қарсы алдымда еңселі Үкімет үйі, одан берірек көсем ескерткіші, үлкен жолдың арғы қапталында “Балалар әлемі”

дүкені одан жоғары қарай көз жүгіртіп едім үлкен үйдің маңдайшасында таспен қашап, көрнекті әріптермен жазған “Қазақстан Жазушылары одағы” деген жазу оттай басылды.

Қолына қалам ұстаған жазушы атаулының қара шаңырағына, құтты мекеніне айналған сырттай қанық қасиетті шаңырақ менің қарсы алдымда тұр.

Сөмкемді көтерген күйі орнымнан тұрып кеткенімді өзім де аңғармаппын. Іздегенім алдымнан табылғандай аяғымды жылдамдата басып келемін.

Жазушылар одағының есігінен кіріп-шығып жатқан адамдардың жүздері таныс. Газет-журналдардан шығармаларын, кітаптарын оқып, суреттерін көрген акын-жазушылардың көпшілігі осында жүр.

Имене басып, үлкен қара шаңырақтың табалдырығынан аттадым. Кілем төселген текпішекпен екінші қабатқа көтерілдім. Шаштарын бозқыру басқан, жастары егде тартқан жүздері таныс жазушылар кең залда шахмат ойнап, енді біреулері топ-топ болып даурығысып әңгімелесіп отыр.

Қарсы ұшырасқан жастау адамнан мен Асқар мен Сатыбалдыны сұрадым”. Әлгі жігіт ол екеуінің де кино жағында істейтінін айтты.

Төрт емтиханнан өтіп, “үштік” баға араласқан соң еңбек стажымның жоқтығынан соңғы студенттерді іріктеу сынағынан өте алмай қалдым.

Арнайы мамандығым болмағандықтан, мені еш қызметке алмайтыны белгілі. Бұрыннан араласып, таныс болып қалған аудандық газет редакциясындағы журналистер мені қатарына қосып алды.

Қызметке алуға ешбір тамыр-таныстық, пара жүрмейтін кіршіксіз таза қасиетті орын осы редакция ма деп қалдым. Мұнда тек елден іріктеліп шыққан саусақпен санарлық қана тұабітті бойына талант дарыған жандар ғана қызмет істеуге құқылы. Кездейсоқ мәнәйі себептермен редакцияға келіп қалған жандардың көп тұрақтай алмай кетіп қалғанының да куәсі болдық.

Редакцияға қызметке тұрғаным туралы айтып келгенде, үйдегілер сене қойған жоқ.

Анамның жасы егде тартса да төрт баласын ер жеткіземін,

деп мектепте от жағып, еден жуып жүргеніне намыстанған болуым керек:

– Апа, сіз мектептен жұмыстан шығыңыз. Ай сайын алған айлығымды сіздің қолыңызға әкеліп тұрамын, – дедім шешеме жаным ашып.

– Қарағым-ау, ертең сен оқуға барасың, қаражат керек. Менің тапқан азын-аулақ ақшам көптік етпес, – деді анам маған жөн айтып.

Жазушылар дайындап шығаратын университетке оқуға түсемін деген талпынысым келесі жылы да сәтсіздікке ұшырады. Ақын-жазушы болғысы келетіндер көп пе, әйтеуір, журналистика факультетіне құжат тапсырушылар бұл жолы да азайған жоқ.

Үш жыл қатарынан редакторым аудандық әскери комиссар жолдасы майор Асановқа айтып жүріп, әскерден қалдырып, алып қалып жүрді. Жетпіс үшінші жылы әскери комиссариат шақырып, тағы да әскер қатарына дайындап, шашымды тақырлап алдырып тастады.

Күз айында редактордан сұранып, Алматыға тағы да сапар шектім. Университеттің дайындық бөліміне құжат тапсырдым. Журналистика факультетінің дайындық бөліміне менімен бірге жазда түсе алмаған жастардың біразы келген екен. Үміткерлердің жалпы саны елуге тарта, қабылдануға тиісті он екі ғана. Жылда менен емтихан қабылдап жүрген оқытушыларға да таныс болып қалған едім. Қайта-қайта құлата беруге “құдайдан ұялды ма”, бұл жолы олар мені көп қинаған жоқ. Сол кезде журналистика факультетінде ұстаздық ететін профессор Тауман Амандосовтың назары маған көбірек түсті.

Газет-журнал беттерінде жарық көрген материалдарымды көп етіп жинақтап барып, сарапшы оқытушылардың алдына екі-үш альбом етіп ұсынғанымның жәрдемі тиді. Бағым жанып, он екі өрімдей, таудай талаппен келген қыз-жігіттердің қатарында өзім көптен армандаған журналистика факультетінің дайындық бөліміне тыңдаушы болып қабылдандым.

• *Екінші бөлім*

## **БАУЫР БАСҚАН ОРТА**

Көптен армандаған жоғары оқу орнына түсіп, студент атанып, көңіліміз жайланған соң айналамызға қарап, ары-бері бой жазып, қыдырыстауға жол ашылғандай болған. Қаладағы өмір ауылдағыдан бөлекше. Кітапхана, театрлар, өзге де мәдени орындарға жиі барамыз. Қызықтың бәрін көріп шықсақ, кітап оқуға да үлгерсек деген құлшынысымыз ерекше. Қатарластармен бас қосқан думанды өмір басталып кетті.

Сабактан соң демалыс күндері Сатыбалды Нарымбетовтың үйіне жиі барғыштайтынмын. Бір барып, екінші мәрте қайта соққанда олар қоныс аударып кетеді. Басыбайлы үйге ие болмағандықтан, Алматының ана шетінен мына шетіне жиі көшіп, пәтер жалдап тұрып жататын. Жас нәрестемен жүріп, біреулердің үйіне сіңісіп кетулері қиынға соғатын болуы керек. Ізтөле жеңгеміз екеуі азын-аулақ жүктерін көтеріп көшетін де жүретін. Іздеп барғанда, олардың орындарын сипап қалып, қайтадан қызмет істейтін жерлері – киностудияға соғатынмын. Жаңадан адрестерін жазып алып, бір-екі рет барған соң, қайта келгенде тағы да қоныс аударып үлгеретін.

Бір күні Сатыбалды жатақханаға іздеп келіп, өздерінің жана пәтер алған қуанышты хабарын жеткізіп, адрестерін беріп кетті. Қаланың орталығына жақын Виноградов көшесіндегі бес кабатты үйдің төменгі қабатындағы үш бөлме даңғырап бос тұратын.

Осы шаңырақта қазақтың біртума дарынды азаматтарымен кездесіп, дәмдес-тұздас болуым, тілдесіп, пікірлесуім мен үшін ұмытылмас сәттер. Танымал киногерлер, актерлер, ақын-жазушылар, сазгерлер мен суретшілер жиі бас қосып тұратын.

Тәкен Әлімқұловты, Төлеген Тоқбергеновты, Бәтима Батырбекованы мен осы үйде көрдім. Өзіміз еліктеп жүрген, біз үшін ерекше жаратылған талантты жандар, жерлес қаламгерлердің түрін көріп, даусын есту қандай ғанибет еді сол кезде.

Араға үш -төрт жыл салып, Асқар Сүлейменовпен де осы үйде кездестім. Асекең мені ұмытпапты, қол беріп сәлемдескенімнен-ақ:

– Ой, жазғыш, келіп қалдың ба? – деді ақырын ғана жүзі жылығандай, – жеткен екенсің ғой мақсатыңа.

Сатыбалды өзге ағалармен мені таныстырып жатыр. Ауылдан келгенімді, түртінектеп жазатынымды айтты.

– Қатарымызға қосылғаның жақсы болыпты. Созақтан нашар жазатын жазушы шықпауға тиіс,– деді қарлығыңқы даусымен Төлеген ағамыз.

– Ағаларыңа шай құйып бер, мен тамақтың қамын жасайын,– деп Ізтөле шәйнек, кесені қолыма ұстатып кетті.

Талай рет үлкендердің арасында болып, әңгімелерін тыңдап та жүрмін. Мынау ортаның әңгіме ауаны тым бөлек. Әдебиет тақырыбына сөз қозғай отырып, әлі күнге естімеген жазушылардың есімдерін атап, шығармалары туралы ой өрбітеді. Он жыл мектеп бағдарламасы бойынша орыс әдебиеті пәндерінен шығармаларын оқыған, одан бөлек кітапханалардан кезіктірген кітаптардан, газет-журналдардан білетін ақын-жазушылардың жазған дүниелерінен біршама хабардар болсақ та, олар туралы көп айтпайды. Ол кезде мектеп бағдарламасында шығармалары кезікпейтін Ахмет Байтұрсынов, Шәкәрім Құдайбердиев, Міржәкып Дулатов есімдері сөз арасында ауық-ауық естіліп қалды. Олардың шығармаларының құндылығын, көркемдік деңгейінің жоғарылығын, көтерген жүгінің өзектілігін осы кезге дейін жоймай отырғандарын айтып, өзара пікір таластырғанда сөзге араласа алмай үнсіз отырғаным білім-сауатымның төмендігіне айғақтағандай іштей қуыстанып та едім. Дүние жүзі әдебиетінің сол кездегі көзі тірі көрнекті өкілдері, орыс жазушылары, өзге республика қаламгерлерінің жаңадан баста

бетін көрген кітаптары, әр түрлі әдеби ағымдар туралы қозғаған әңгімелерден жерлес қаламгер ағаларымның білім-өресінің тым биік екеніне көз жеткізгендей болдым.

Қазақ әдебиетінің соңғы кезде көріне бастаған жаңа лек өкілдерінің жазғандары, олардың аяқ алыстары жөнінде де көп деректерді де сол кісілердің аузынан естідім. “Достоевскийдің мектебі”, “Хэменгуейдің стилі” деген тың тенеулердің түпкі мәнін ұғыну да оңай емес еді. Алматыдағы орталық кітапханалардан А. Байтұрсыновтың, М. Дулатовтың, Ш. Құдайбердиевтің кітаптарын іздеп те көрдім. Бірақ, ондай жазушылардың бірде-бір кітаптарын кезіктірмедім.

Ол жазушылардың шығармалары жөнінде университеттегі оқытушылардан да сыр суыртпақтап сұрап көріп едім “Ондай әдебиеттерді оқу сендерге ерте. Университет бағдарламасында көрсетілген ақын-жазушылардың шығармаларын игерсек те жеткілікті”, – деген сөздер естідім.

Сол кездің өзінде есімдері ұзақ жылдар бүркемеленіп, халыққа теріс насихатталып келген кемеңгер жазушылардың шығармалары шағын ғана қолжазба күйінде әдеби ортада астыртын оқылатынын кейін білдік.

Университеттегі студенттер арасында көрнекті ақын-жазушылармен кездесулер жиі өткізіліп тұратын. Студент жастар шығармалары көп оқылатын қаламгерді жатақханаға да шақырып, кездесу өткізетінбіз.

Ондай кездесулерден Асекеңді кезіктірмейтімін. Ел алдына шығудан бойын алып қашып жүретіндей көрінетін.

... Әңгіме үстінде шай құйып беріп отырып, Асекеңе көзім түсіп кетті. Ол менен жанарын алмай, тесіліп қарап қалған екен. Шүңірек көздері бүркіттің жанарындай өткір, өңменімнен өтіп барады. Көз қарасымен мені мінеп отыр ма, әлде жүзімді жан-дүниемнің айнасына балап, байыптап қарағысы келе ме, әйтеуір тегін қадалыс емес.

Әңгіме арасындағы үзілісте көрші бөлмеге оңаша шығып кетіп, көп кітаптарды аударыстырып отыр едім, ерніне темекісін қыстырған Асқар есіктен кіріп келе жатты.

Қатар отырып, еденде қатталып жиналған кітаптарды

аударыстыра бастады. Кітаптардың алғашқы беттеріне көз жүгіртіп шығады да, орнына қойып, келесісін алады. Көпшілігін оқып тауысқан ба, әлде көңіліне ұнамайды ма, кітаптарды қолынан жылдам өткізеді. Шамалы уақытта кітаптардың бәрін шолып шығып, көңілі тыншығандай болды. Енді назары маған ауды. Сүңгідей өткір қос жанар жақын жерден қадалады. Бұл жолы саса қойға жоқпын. Асекеңнің көзқарасы тентек ұлын оңаша бөлмеге қамап, қамшымен шықпыртып сабап алғысы келген адуынды әкенің кейпін танытқандай еді.

– Созақта жүйрік жылқылар бар ма, осы? – деді Асекең сөз бастап.

Ауылда жылына көктемгі, күзгі мереке күндері ат шаптырып, бәйге болып тұратынын, әр бәйгеде әр түрлі аттардың мәреге бірінші келіп жататынын айттым.

Бәйге сайын маңдайы жарқырап тұрақты озып келіп жүрген, ел аузына іліккен арғымақ болмаған соң, менің жауабыма қанағаттанбаған сынай танытты.

– Дүрмекке қосылып шапқаның бәрі жүйрік емес. Жылқы тұқымы азғындалып кетті ғой. Созақтың нағыз шашасына жетпес арғымағының қу басы Кентаудағы бір үйде сандықта әлі күнге сақтаулы деп естідім, – деді Асекең.

Келте қайырған сөзінен: “Бұл туралы не дерек білесің?” – деген сауалды ұққандай едім. Жылқы малын жанындай жақсы көретін Асекең жайғасып, қарсы қарап отырып алған.

– Не жазасың? – деді сауалды қысқа қайыратын әдетіме әңгіме тақырыбын тікелей өзіме тіреп. Газет-журналдарға жазатын мақалалардың Асекеңді қызықтырмайтындықта, таза журналистік тұрғыдан сөз қозғау тиімсіз көрінді.

– Ауыл өмірінен, ауыл адамдарының тұрмыс-тіршілігінен шағын әңгімелер жазып жүрмін, – дедім мен.

– Браво! – деді Асқар ағамыз жүзі жылығандай білінбес езу тартып. – Біздің бәріміздің, Тәкеннің Сатыбалдының да илеп жүрген терісінің пұшпағы сол ауыл ғой, Созақ қой. Бірақ, ұқсатып жаза алмай жүрміз. Ауылдағы Разық пен Шырынханның өзін зерттесең, бір-бір кітап



шығады. Әттең, шеберлігіміз жетпейді, жаза алмаймыз. Әйтпесе, Разықтың өзі Гогольдің кейіпкерлерінен бір мысқал да кем емес.

Осынша білім-қабылетпен, дарынмен “шеберлігіміз жетпейді, жаза алмаймыз” деген сөздері еріксіз таңырқатты. Шеберліктің шыңы, білімнің шегі болмайтынын аңғартқандай еді.

– Шырынхан аэропортта жүргенде, – деп әңгіме бастап, оның қалың қар жауған қыста бір жолдасының баласына келін түсіруге жол қатынасы тоқтағандықтан, “кукурузник” ұшағының ұшқыштарын көндіргенін, келінді алып келе жатып ұшақты аэропортқа емес, күйеу жігіттің көшесіне кондыруға үгіттегенін әңгімелеп кетті. Бала кезден бірге өскен досы Разықтың қылықтарын, шағын-шағын оқиғаларын нағыз әпендінің, Мюнхаузеннің хикаяттарындай тартымды етіп баяндап берді. Асекеңнің аузынан шыққандай қаз-қалпында ол әңгімені қағазға түсірсе, одан артық шеберліктің, оқиғаны тартымды етіп жазып шығудың қажеті де жоқ еді. Өзіл әңгімеге лайық желі, қыршаңқы, күлкілі сөз тіркестері кәдімгі кітапқа түскендей – бас-аяғы жұп-жұмыр шағын әдеби дүниені оқырман алдына көлденең тарта салғандай еді.

– Разықтың отырмаған төбесі жоқ қой. Быткомбинатта директор болып жүргенде, өзін аудандағы мықтылардың біріне санайтын болуы керек. Қонаққа шақырғанда, әйеліне баратын үйінің телефонын беріп кетеді екен. Дастархан басына жиналып “алың, келің!” қызған шақта үйдегілер Рекеңді әр жарты сағат сайын телефонға шақырып тұрады. Дастархан басындағылар.

“Реке, не болды бұл телефон қайта-қайта мазанды ала берді ғой?” – деп сұраса, Разық қомпаңдап келіп, орнына жайғасып: “Райкомның бірінші хатшысы ғой, исполкомның төрағасы ғой. Ертең бюро болатын еді, қаралатын мәселе бойынша менімен ақылдасып жатыр”, – деп саспай жауап береді екен.

Аудан басшылары жиі-жиі телефон шалып іздеген Разыққа үйдегілер қошемет көрсетіп, елпең қағады екен сосын...

Құдай Разықтың етек-жеңін кең пішіп, жарата салған ғой.

Егер оны балшық етіп илеп, қайта адам жасап шығарса, тұп-тура үш Асқар шығар еді.

Разық Шолаққорғандағы ет сататын дүкенде сатушы болып тұрғанда ауылдағылар бордақылаған нән ісектерін алып келеді екен.

– Реке, баламды оқуға алып баратын едім, пұл болсын, мына ісекті высший категорияда қабылдап ала ғой, – деп жалынатын көрінеді.

Сонда Разық ісекті айналып шығып:

– Мен өзім среднийге эзер жатамын, сенің қойыңды қалай высшийге қабылдаймын? – деп төмендетіп алады екен.

Асекеңнің әңгімесін тындап отырып, адам тоят алатын тәрізді. Ауылда күнде көшеде жолығып, қол беріп сәлемдесіп жүрген жандардың тап Асқар айтқандай, қыр-сырларын аңғара бермейтіндігімді мойындағандай едім. Өмірге жай адамның көзімен емес, жазушының, көркем дүниені өмірге алып келер нағыз қаламгердің көзқарасымен қараудың жер мен көктей екенін жеткізгендей Асекең.

Ас үйде жүрген Ізтөле тамақтың дайын болғанын айтып, дастархан басына шақырды.

Асекеңнің әңгіме ауаны табан астында өзгеріп шыға келді.

– Сен өзің бала кезінде есекке көп мінгенсің-ау? – деді темекісінің тұқылын құлсалғышқа езгілеп жатып.

– Оны қайдан білдіңіз? – деп сұрадым.

– Құлағың айтып тұр, құлағың қалқайып кетіпті, – деді орнынан тұрып жатып.

Етене, сыр мінез болып үйренбеген мына жанның сөзі қорлағандай да әсер етті.

Асекең ештеңе сезбегендей жон арқасын беріп, жай аяңдап кетіп барады.

– Бетбақдалада кодығын ерткен бір құлан жүрген көрінеді. Құдай біледі, сол құлан мынау Қапшағайдың құмынан ауыл барған. Әйтпесе, сонау ит өлген Созақтың сар даласында тұқымы құрып кеткен құлан қайдан жүр? – деді қранды ағытып, қолын жуып тұрып.

– Бала кезіңізде ауылда сіз де есекке мінген шығарсыз? –

дедім оның сөзін жақтырмағанымды білдіріп. Бет-әлпетімдегі өзгерісті аңғарғандай Асекен:

– Әлбетте, мінгенбіз. Разық, Әуесхан бәріміз есектің кұйымшағына қонжиып алып, таяқпен жон арқасынан егелейтінбіз. Ешекең өлген тірілгенін білмей шабатын. Құдды, мотоцикл дерсің. Шикарно емес пе? – деді сөзінің соңын әзілге жеңдіріп.

Дастархан басына төрт көзіміз түгел қайта жиналды.

– Шіркін-ай керемет бір тарихи роман жазып шықсаң, бір адамның өміріне жетер еді-ау. Ондай шедевр жазу қолдан келмейді, – деді Төлеген Токбергенов әдебиет тақырыбындағы әңгіме желісін одан ары жалғап.

Төлеген ағамыздың сыншы екенін білемін, мерзімді баспасөз беттерінде жарияланған сын мақалаларын, кітаптарын оқығаным да бар. Тарихи тақырыпқа көркем шығарма жазу сыншы ретінде қалыптасқан қаламгерге оңай шаруа емес екенін біле тұра, Тәкен ағамызға “Сіз байқап көрмейсіз бе?” – дегендей емеурін танытқандай әсер етті маған. Олар бір-біріне басын ашып сауал қоймаса да тұспалдап, жанамалап айтқан сөздерінен әңгіме желісін жалғап кете береді екен.

– Тарихи тақырыптың арқауы, сүйегі – шындық. Құрғақ қиялға, жалаң әсірелеуге көне бермейді. Мықты, азулы деген жазушылардың өзінің бұл тақырыпқа бара бермейтіні де содан, – деді Тәкен ағамыз ақырын сөйлеп.

– Созақ тұнып тұрған тарих. Қан-жынын, ішек-қарнын ақтарып тастайтын алпауыттар шықпай тұр ғой, әзірше, – деді Асекең сөзге араласып.

Тәкен ағамыздың “Ақбоз ат” романын, ел өмірінен жазылған повесть, әңгімелерін, Сәукеңнің көне Шолаққорған кенті, Ақбикештің аңызы туралы, өзге де тарихи көлемді шығармалары қалың оқырман қауымға сол кездің өзінде кеңінен танылып үлгерсе де, Асекең оларды місе тұтпай отырғандай.

Байқауымша, қалада бастары қосылған созақтық қаламгердің ішінде Асқарға қарсы келіп, сөз салғыластыруға ыңғай білдірген біреуі жоқ.

Келесі сәтте тарихи тақырыптағы әңгіме желісі Сүгір күйшіге ойысқан еді. Күйші бертінде дүниеден өтсе де шығармаларын құнттап, жанашырлықпен жинайтын адамның жоқтығынан күйлері мұра ретінде таспаға түспегендігін, Жаппас Қаламбаевтың нотаға жазып алған бес-алты күйлерінен өзге шығармаларының белгісіз болып қалғанын, соның салдарынан ел арасында әр түрлі алыпқашпа әңгімелердің шығып қалып жүргенін “Кертолғаудай” повесть жазған Тәкен ағамыз әңгімелеп берді.

Сүгірдің қанша әйел алғандығы туралы да әңгіме болды. Төлеген екі әйел алды десе, Тәкен ағамыз олардың санын үшеуге жеткізеді. Екі әйелінің есімдерін де атап, үшіншісін есіне түсіре алмай қойды.

– Сүгір сізден гөрі, маған жақындау ғой, екі әйелі болған, – деді Төкең өзінің сөзін дұрысқа шығарғысы келгендей.

Нағашы атам Әбүйір ақсақалдың: “Сүгірдің алғашқы әйелінен туған Саракүл атты қызын Жайыл деген ағамыз алған”, – деген сөзі құлағымда қалып қойған еді. Мен де тым-тырыс отыра беруді ыңғайсыз көріп, өзімнің білетінімді айттым. Бұл ортаға бойым да үйрене бастағандай.

– Жөн. Саракүлдің шешесі Сүгірдің бірінші әйелі, – деді Тәкен ағамыз да.

Тамақ ішіліп, ұзақ әңгімемен отырғанда, сағат он екіден ауып, түннің біраз уағы болған еді. Даурығып сөйлеп, далаға шыққан үлкендердің соңынан мен де ердім.

Асекең екеуміз Виноградов көшесінің бойымен төмен қарай жаяу аяндап келеміз. Алматының жұлдызы жамыраған мақпал түні. Ары-бері өткен машина кезікпегендіктен, жиектегі жолмен емес, көшенің қақ ортасымен келеміз. Ауылдағы қасқа жолмен екеуміздің бірге жүргеніміз есіме түсті.

– Ауыл өміріне арналған прозамен айналысамын десейші, – деді Асекең әңгіме бастап, – “Литгазетада” деревняға арналған проза туралы үлкен диспут жүріп жатыр, хабарың бар шығар?

“Литературная газетаны” оқымайтынымды, ол пікір-

таластан бейхабар екенімді айттым.

– Оның жарамаған екен. Оқу керек, – деді Асекең маған кырындап көз тастап. – Астафьев, Распутин, Абрамов деген мықтылары бар орыстардың, деревенский прозаның марқасқалары.

Басқа біраз жазушылардың есімдерін атады. Есімде қалғаны әлгі жазушылар еді.

Қазақ жазушыларының роман, повестерінің тасқындап шығып тұрған кезі еді. Ол кітап дүкендерінен жаңадан шыққан кітаптарды сатып алып, оқып үлгермей жатып екінші мәрте соққанымызда, тағы да қалың-қалың шығармаларға сөрелер толып тұратын.

Соңғы екі-үш айдың көлемінде оқыған кітаптарды тізбелеп айтып шықтым.

– Сен өзің кітапты комбайн сияқты оқиды екенсің. Соның бәрін оқудың қажеті қанша? Біреу оқысаң да оқысың, оқымасаң да оқысың деп міндеттей ме, түсінбеймін? – деді кейістік білдіргендей. – Тап осы темппен оқысаң, өз-өзіңді жоғалттым дей бер. Кеттің су түбіне, құрыдымға, понимаешь? Сен жазатын адамсың!

Қаламгердің, шығарма жазатын адамнан, жай оқырманнан айырмашылығы болатынын, әйтеуір, қолға іліккен кітапты талғамай оқи берудің жазу стиліне кері әсер ететінін аңғартқандай еді Асекең.

– “Абай жолын” қанша рет оқыдың?

Эпопеяны мектептің соңғы класында оқыған едім. Университетке түсерде емтихандағы сұраққа келіп қалар деп үзіп-жұлқып тағы да шолып шыққаным бар.

– Оқыдық қой, оқып шыққанмын, – дедім екіұштылау жауап беріп.

– Жылына ең болмағанда бір рет оқып тұрсаң, сенен мықты жазушы шығады. Оқығанда жай көзбен емес, көкірек көзімен оқу керек. Гениальный шығарма емес пе? Бізге өзгеден үйренудің не қажеті бар?

Ол кезде Асекеңнің пәтерлері Космонавтар (қазіргі Байтұрсынов) мен Комсомол (Төле би) көшелерінің

қиылысындағы үйде. Біздің жатақханамыз да сол төңіректе орналасқан.

– Құдайы қоңсы екенбіз ғой, сен екеуміз, – деді Асекең бөлініп кетерде.

Асқар ағамыздың аузынан шыққан деревня өміріне жазатын орыс жазушыларының кітаптарын көп ұзамай-ақ іздеуге кірістім. Тұрақты барып тұратын Пушкин атындағы (қазіргі Ұлттық) кітапханада ол кітаптарға сұраныс берушілер жетерлік екен. Үйге оқуға кітап босататын. Чехов атындағы кітапханаға қайта-қайта сұраныс тапсырып, сәті түскенде колға тиіп, оқып шығатын едік.

\* \* \*

Университеттің алғашқы курсына оқып жүргенде, бір топ студенттерді өндірістік тәжірибеден өту үшін “Лениншіл жас” газетіне бөлді. Газеттің жұмысшы-жастар бөлімінің меңгерушісі, бұл күнде қазақтың белгілі жазушыларының біріне айналған Құрманғазы Қараманұлы (Мұстафин) ағамыз бірінші курс студенттеріне жеке-жеке тапсырмалар берді. Қалада өндіріс орындары көп, зауыт, фабрикалар күндіз-түні тоқтаусыз жұмыс істеп тұрған кез.

Алғашқы тапсырманы бәріміз тиянақты орындауға күш салдық.

Сол күннен бастап республикалық “Лениншіл жас” газетімен тығыз байланыс орнаттым. Менің жазу қабілетімді байқаған жұмысшы-жастар бөлімінің меңгерушісі Құрманғазы ағамыз күрделірек тапсырмалар беріп, материалдар жаздырып тұрды. Қаладағы темір жол басқармасы, үй құрылысы комбинаты, “Жетісу” аяқ киім фабрикасы, жұмысшы-жастардың кешкі мектебіне катысты, басқа да мәселелерді газет бетінде көтеріп, көлемді мақалалар жазғаным әлі есімде.

Ол жылдары жастар газеті республикамыздың түкпір-түкпіріне кең тарайтын, үш жүз мыңдай таралыммен шығатын оқырмандар арасында зор беделге ие басылым еді. Газет көтерген мәселелер із-түзсіз кетпейтін. тиісті орындарға

қозғау салып, дүмпуі қайта жаңғырып жататын.

Соңғы курстарда қаладағы әдеби ортамен көбірек араласа бастадық. Қазақстан Жазушылар Одағында, институттарда, Кино үйінде, театрларда өтіп тұратын әдеби кездесулерден, мәдени шаралардан құр қалмаймыз. Сол жылдары Москвадан, өзге де одақтас республикалардан танымал ақын-жазушылар, өнер қайраткерлері Алматыға жиі келетін.

Алғашқы әңгімелерімді курстағы жора-жолдастарға оқытып, пікірлерін тыңдап, талқыдан өткізіп, газет-журналдарға ұсына бастадым. Машинкаға бастырған әңгімелерімді Сатыбалды Нарымбетовке, Төлеген Токбергеновке оқытып алатынмын.

Асқарға көрсетуге жүрексінетінмін. Ол кісі менің әңгімелерімді жаратпай тастайтын сияқты көрінеді де тұрады. Ғалғамы жоғары, тек “шедевр шығармаларды” ғана шертіп оқуға қалыптасқан өте кірпияз жан менің шала-жансар дүмбілез дүниелерімді қайтсін деп те ойлайтынмын.

Біздің ауданнан шыққан қаламгерлердің тағы да басы жиі қосылатын үйі Төлеген Токбергеновтың пәтері еді. Орталық колхоз базарының қасындағы биік үйдегі Төкеңнің шаңырағындағылар қашан барсақ та, жатырқамай қарсы алатын. Үйдің берекесін ортайтпай отырған Бәтима Батырбекова өзі ақын болған соң ба, қаламгердің қас-қабағына көбірек қарайды. Сол кездің өзінде бірнеше жыр жинағымен кең танылып үлгерген ақын, өз шаңырағында әйел-ананың міндет-борышын қалтқысыз атқаратынына тәнті болатынбыз. Жасы егде тартқан енесін нәрестедей күтіп, балалардың, Төкеңнің қас-қабағына қарап, үй шаруасын дөңгелетіп отырады. Ерлі-зайыпты қаламгердің бір бөлмелері кітапқа сықап тұратын. Қолға сирек түсетін кітаптарды осы үйден сұрап алып, оқып та жүрдім. “Сен де Асқар ағаң сияқты ұмытып кетерсің”, – деп алғашқы кітаптарды көп ұзатпай қайта әкелген соң маған сенім артып, қолымды қайтармайтын болды.

Бәтима Батырбекованың қолынан талай дәм таттық. Өзім Батыр басқан орта – ауылдан шыққан қаламгерлердің аялы

алақаны, ақыл-кеңестері азамат ретінде, қаламгер ретінде қалыптасуыма үлкен ықпал еткені сөзсіз.

Студент кезімде үзбей байланысқан “Лениншіл жас” газетіне университет бітірген соң жұмысқа алындым. Алматыда қызмет атқару, әрине, екінің бірінің пешенесіне жазыла бермейтін бақ. Жас кезде құлшынып жұмыс істеу, өз қатарластарыңмен жарыса жазу, оқырмандардың ықыласын аударар көкейтесті мәселелерді көтеруге деген құлшынысымыз зор еді. Газетке материал жазған соң журналист нақты деректерге, цифрларға жүгінеді, адамдардың аты-жөндерін, фамилияларын келтіретіні белгілі.

Бір күні редакцияға мен отырған бөлмеге Асекең кіріп келді. “Қызметке орналасыпсың, құтты болсын”, – деп айтатын шығар деп ойлап едім, ондай жылы сөз ол кісінің аузынан шықпады. Қарсы алдымдағы бос орындыққа отырып, үзіп-жұлқып әңгіме айтты да:

– Теннистің қалақшалары бар ма, сенде? – деп сұрады.

Жұмыс аяғына таянған кез еді. Көрші бөлмедегі жігіттерден теннис қалақшалары мен шар алып келдім. Редакцияның қалтарыстау коридорында теннис үстелі тұратын. Екеуміз теннис ойнауға кірістік. Асекең теннисті шебер ойнайды екен. Жүріс-тұрысы, сөз сөйлеуі қандай кербез болса, теннис ойнауы да сондай кербез. Шарды қалқытып, шиырып ұрады. Жай ұшып келе жатқан шарды опонай кері қайтарармын деп ойлағанмен, қалақ тиісімен – бұлталақ етіп, тордан аспай қалып жатады. Ол кісі шарды ойынға қосқанда бипазданып тұрып, ұзақтан жібереді.

Екеуміз лифтімен жетінші линия түкпіріндегі елеусіздеу өзен бойына орналасқан қалың ағаш астындағы сыраhanaға келдік.

Әдебиет, ақын-жазушылар туралы әңгіме өрбітеміз. Асекең мен естімеген шетелдің көп жазушыларының аттарын атап “шығармаларын, білесің бе?” – деп сұрайды.

Өткен кездесуде Асекеңнің аузынан шыққан, деревня тақырыбына жазатын орыс жазушыларының кітаптарын әңгімелеп бердім. Ол әңгімемді Асекең қанағат тұтпағандай



– Сенің көйлегіңнің, кестөм-шалбарыңның қалтасы, ышқырыңа дейін цифр мен фамилияға толып кеткен. Сен жазған фамилияларды тізіп шықсақ, Созақтың халқына жетіп қалар, құдай біледі, – деді Асекең шүңірек көзін тік қадап.

Газетке жазып жүрген мақалаларым туралы айтып тұрғанын сездім.

– Цифрсыз, фамилиясыз мақала шықпайды ғой. Мақала жазу күнделікті міндетіміз, – деп өзімше уәж айтқан болдым.

– Сенің бір аяғың төрде, бір аяғың көрде. Қақ ортаннан бөлсе жартың журналист, жартың жазушы. Не боларынды білмей жүрген жігітсің, дүбәрәсың!

Асекеңнің кекетіп, мұқатуына бойым үйренген, тым-тырыс тұра бердім.

Асқар ағамыз менің қара мақала жазғанымды ұнатпайтынын ашық білдірді. Ол кісінің пікірінше, газетте көп қызмет істеген жазуды бұзады. Жан қинамай сорғалатып жеңіл жазуға бой үйретіп алған соң, таптаурын соқпақтан шығу қиынға соғады. Мектеп қабырғасында оқып жүргенде, ауылдағы алғашқы ұшырасуда айтқан сөздері есіме түседі.

Сол кезде Асекеңнің менің топшылау-болжамдарымды, түсінік-түйсігімді тура жолға, дұрыс бағытқа бұрғысы келгенін сезгендей едім. Кез келген мамандық иесі – инженер, дәрігер, құрылысшы, шопан да жазушы не ақын бола алады.

Асекеңнің ойын университеттің алғашқы курсына қазак журналистикасының атасына айналған ұстазымыз профессор Тауман Амандосов нақтылай түсіп, көзімізді жеткізгендей болды. Туа-бітті, жаратылысында таланты жоқ адамды қанша оқытып, тәрбиелегенмен жазушы немесе журналист етіп шығаруға болмайды. Бойында ана сүтімен дарыған таланты бар жас көп оқып, ізденіп, өмірлік тәжірибе жинақтай келе нағыз қаламының желі бар жазушы не журналист болып шығады.

Шынтуайтында, бізбен бірге университет бітіріп шыққан көпшілік жастар журналист емес, басқа салаларда қызмет етіп кетті. Өзі қалаған мамандығының ыстығына күйіп суығына тонып, төзімділікпен еңбек етіп жүрген дос-кұрбылар-

ымыздың қатары да сиреп барады.

Республикамыздың түкпір-түкпіріне тарыдай шашырап кеткен қаламгер қатарластар туралы деректерді мерзімдік баспасөз беттерінде жарияланған олардың материалдарынан, баспа жүзінен жарық көрген кітаптарынан біліп тұрамыз.

... Сол күні қас-қарая тарастық.

... Одан кейін де жұмыстың соңына қарай редакцияға соғып тұрды.

– Камерадан шықпай отыра бересің бе? – деді екеуара әңгімеден соң орнынан тұрып. Асекең өзі емін-еркін жүруге дағдыланған соң, күнұзын қағаз жазып, шұқшиып сарылып отыра беруді жақтырмайтын тәрізді. Есікті жауып, лифтімен төмен түсеміз. Баяғы өзімізге таныс көшемен аяндап отырып, орталық саябаққа келеміз. Осы жер біздің үйреншікті тұрағымызға айналғандай.

Қолтығыма қысқан папкінің ішінен баспадан шыққан тұңғыш әңгімелер жинағыма қолтаңба жазып, Асекеңе ұсындым. Қоңыр кітапты парақтап көріп, алғашқы бетін, соңғы бетін шолып шығып, кәстөмінің төс қалтасына салып қойды.

– Оқып шығамын, – деді ақырын ғана. Кітабыма құтты болсын айтпады.

Содан кейін Асекеңмен жолығысқан сайын менің кітабымды оқып шыққан болар, бір-екі ауыз пікірін білдіреп деп іштей дәмеленіп, күтіп те жүрдім. Бірақ Асекең үндемейді. Менің кітабым ол кісіге ұнамаған ғой деген пікірге тоқтадым. Егер ұнаса, сыншы адамның бір ауыз жылы пікір білдірмеуі мүмкін емес. “Жазғаның ұнамады, кемшілігі көп”, – деп айтқан ауылдан шыққан жігіттің тауы шағылар, көңіліне дық ала деп ойлауы әбден кәсік-ау деген оймен жүргенде, көпте-көкейде жүрген түйткілдің шешімін ақын жерлесіміз Карл Ерназаров айтып бергендей болған.

– Асекең сенің әңгімелеріңді мақтады, – деді Карл меніме-әңгімесінде.

Ол кісінің көтермелеу, мақтау сөзін естіп көрмегендікте Карлдың мына әңгімесі марқайтып тастағандай болды.

Ауылдан шыққан қаламгер ағаларымның өзім танып-білген бір қасиеті – олардың кітап шығаруға келгенде өте сараңдығы еді. Астанадағы ақын-жазушылар баспаларды жағалап, жылына немесе жыл аралатып жинақтарын шығарып жүргенде, ол кісілер ешбір асықпайтын. Түйе боталағандай араға ұзақ жылдар салып, оқырманды сағындырып барып, жинақ шығаратын.

Ақын-жазушылар елу жасқа толған мерейтойларын астанада, ауылда дүркіретіп өткізгенде, Асқар ағамыз бұл кезеңде де тым-тырыс, қалтарыста елеусіз қала берді.

Жолығысып калғанда:

– Ауылға барып, ел-жұртпен кездесу өткізіп қайтпайсыз ба? – деп сұрағаным бар.

– Менсіз де ауылға баратындар жетерлік. Біздің ауылмен күйіс-түйісі жоқтар шапан киіп, ат мініп қайтуға құлшынып тұрады ғой, – деген сөзі есімде қалыпты.

Алматыдан ауылға қарай шыққан ақын-жазушылардың хабары күні бұрын жетіп, аудан басшыларының қарсы алу қамымен шала бүлініп жатқанын көзімізбен де көрдік. Талай жазушыларды арнайы көлікпен Шымкентке барып, пойыздан күтіп алып та жүрдік.

Асқар ауылға елеусіз ғана келіп-кететін. Қай кезде келіп, қашан қайтып кететінін көпшілік сезбей де қалатын. Кәдімгі жалғыз-жарым жолаушылап шыққан жандай пойызға бір өзі мініп, одан ауылға қарай автобуска ауысып жүре беретін. Ауылға жеткен соң аудан басшыларына кіріп, өзінің келгенін әңгімелейді де, өзі ұшқан ұя – ауыл шетіндегі қараша үй, Қыдыр қарияның шаңырағына келіп, қара шалға сәлем беріп, демін басады. “Жиенім келді, Асқаржан келді”, – деп Қыдыр қария қауқылдап қуанып, қорадағы қойын сойып тастар еді. Ауыл-аймақты түгел шақырып, кең дастархан басында әңгіме-дүкен қызады.

Ауылдағыларға Алматының жаңалығы қызық, ал Асекен ауылдың жаңалығына шөліркеп келеді. Кешегі бала кезде тепсе темір үзетін, Қарасуан мен Қызыл әскерде кетпен шауып, шалғы тартқан жігіттер бүгінде белі бүгіліп, сақал-

мұрты қауқиған шал болған. Келі түйіп, қол диірмен айналдырған, қара қойды айқастырып, сүт сауған, ірімшік, құрт дайындаған келіншектердің кемиек кейуана кемпір болғаны уақыт шіркіннің сынаптай сырғып өтіп-ақ кеткенінен хабар бергендей. Өткен кезеңнің ұмытылмас қызықты сәттерін еске алысқан ашық-жарқын әңгіме түннің бір уағына дейін толастамай, Қыдыр қарияның қыр басындағы қараша үйінің жарығы түннің бір уағына дейін жанып тұрар еді сол күні.

Ауылға әр келген сайын қарттардың қатары сиреп, селдіреп қалғанын көреді. “Асқаржан-ау, шалдан айрылып қалдық қой”, – деп иегі кемсеңдеп мойнына асылған кейуана кемпірлер көне көз асылдың сынығынай көрінеді. Кешегі базары ортаймаған шаңырақтың бала кездегі куәгері – қаладан келген қонақты жерортадан асып, мосқал тартқан шағында жолықтырған сәтте уақыттың тым жүрдек, сынаптай сырғып өтіп кететінін тағы бір пайымдар еді. Сүйегі асыл, уызынан жарыған деп осыларды атаса керек.

Кешегі соғыстан кейінгі тапшылық жылдары қарындап қатық майын, қыстық тары-талқанын белі сырқырап келі түйіп дайындаған сақы жандар, міне, осылар.

Ауылдың тең жартысы бұл жалғаннан көшіп кеткенін, жақын жандардың орнын сипап қалғанда кешегі базарлы шақтың қайтып келмесін сезген көңіл шіркін қолаңтакси береді.

Қараша үйдің төңірегі саздауыт. Көктемде киіздей тұтасқан тықыр шалғын жас баланың еңбегіндей былқылдап жатады да, шілдеде сармаңызданып қататын. Қозы-лақ саздауытта жайылып, үй маңынан ұзап шықпайды. Одан әрмен етек-жеңі жайылған ауылдың шегін тұйықтап тастағандай көлбеп терең сай жатыр. Сәуірде күркіреп тасқын ағады. Ауыл іргесінде бір кездері нар түйенің өркеші ғана көрінер ит тұмсығы өтпейтін қалың ну – судырап, сыбырласқан ши теңізі. Әр шидің түбі қыста бір қойға азық болатын еді. “Шөп планын орындамасан қырылды, актив” деген жандайшаптар ну шиге орақ салдырды, трактордың шынжыр табанымен таптапты.

Тамырына орақ тиген киелі өсімдік қайта көктеп бас көтермейді екен. Қалың шидің орны жылан жалағандай, аяқ сүріндірер тұқылы әр жерден тышқанның індікешіндей томпыып көзге түседі. Қара шал кеудесімен қалың шиді жарып жүріп, торы айғырды ұзақ іздейтін өңір, міне, осы. Одан әрі “осыдан үш-төрт жыл бұрын суы тартылып қалған” Жуғынның қабағына шығатын жылға бар. Бұрын атан түйеге өткел бермейтін асау өзен бүгінде құрғап, жылғаға айналған. Өзіне өріс, қабылан торысына әрі бесік, әрі қабыр болған Қанжуғанның сары даласы сонау Кеңдірлінің құлан-қоңыр шалғындарымен жалғасады.

Асекең қара шалдың бәйге торысын кезіктіретіндей Терісаққанның бергі бетінде қылтанақ бұтағын ақсор топырағымен қоса қыршып жайылған бір үйір жылқыға қарай қолдарын соңына айқастырып, жай аяндап келеді.

Үйірдегі жабағы-тайлар көлденең келген бейтаныс кісіден үркіп, бүйірлері шенбер атқан мама биелердің бауырына тығылды. Күрең айғыр тарпаң мінез танытпай, басын шұлғып тұр.

Ауылдан қозыкөш жерден теміржол өтеді. Болат жолды солқылдата соққан жауын құрттай сүйретілген состав өзіне ел назарын аударғысы келгендей, ышқынып-ышқынып алды. Ауылдағы соңғы жылдар беделіндегі елеулі жаңалық – осы темір жол. Темір жол бойына қоныстаған елдің өзегі талмас деген ұғым бар. Балалық дәурен өткен жасыл шалғынды жазықтың қыртысын астан-кестен аударған күретамыр өзінен арғы әлемді жасырғысы келгендей көлбей түсіп жатыр.

Қонақ темір жолға таянбай, ізінше кері қайтты. Болат жол каладағы көп шуылды еске түсірді ме, өткен кездегі қиялын тербеткен әсерлі ой желісін үзгісі келмегендей жай аяндайды.

Ой сілемін қиялыңда ғана жалғап, қыр басындағы қараша үйдің тұсынан да өтіп кетіпті. Сонадайдан бәйтеректердің ұшар басымен таласқан Өрқақпа көрінеді. Балалық шақтың таңбасы түскен ауыл ортасындағы көненің көзі – жалғыз төбе.

Соңынан аттылы кісі тықырлатып қатарласа береді. Қаба сақалды кісі: “Асқаржан, ауылға келіп қалдың ба?” – деп

біржамбастап отырып, қол беріп амандасады. Асекең жүзтаныс егде кісіге жылы шырай танытып, қатар аяндайды.

Жамбас сүйегі шодырайып, қабырғасы сай-сай болған күреңге қайта-қайта көз қырын тастап қояды. Мынау үстіндегі шал орнынан тұруға шамасы келмей төсек тартып жатқанша немесе өзі әбден титықтап, сал бөксе болып қалғанша құтылмасына көндіккендей аяқтарын ілбіп басады.

Аттылы жолсерігі оны-мұны сұрағыштап келіп: “Сен ауылдан кеткелі қай заман. Елді аузына қаратқан бір дөкей, не министр болатын кезің жетті емес пе? Сыртыңнан даңқына малданып, желпінетін кез бола ма бұл?” – дейді ойындағысын бүкпестен.

Асекең жауап бермейді, ақырын ғана езу тартады да қояды. Араға ұзақ жыл салып ұшырасқан ескі танысының көңілі үшін жауап береді де қояды.

“Қайда бет алдың?” – деп сұрайды қарт кісі.

“Разықтың, Әуесханның үйіне!”

“Әркім өз теңін іздейді. Бұл пәтшағардың аузынан “Райкомның секретарының үйіне барамын” деген жібі түзу сөз түспейді екен де”, – деп ыңыршығы айналған көтерем ат мінген қарт қалалық қонақтың бүкіл бітім-болмысын қысқа ғана жол үстінде зерделеп алғандай, жол айрығына жеткенде қош айтысады да, өрме қамшымен көлігін сауырдан осқылап, лоқ-лоқ желдіреді де жөніне кетеді.

\* \* \*

Асқар Сүлейменовтің қаршадай бала кезінен көз майын тауысып жиған ілім-білім көкжиегінің кеңдігіне, ішкі мәдениетінің тереңдігіне қатарластыра тәнті болушы еді. Ол Абай атындағы педагогикалық институтын қазақ тілі мен әдебиеті және тарих пәнінің мұғалімі мамандығы бойынша бітіріп шығады. Дәріс берген ұстаздарының бірі ғалым, академик Қажым Жұмалиев болды. Ұстазы алғыр шәкіртін институттың аспирантурасында одан әрі білімін жалғастыруға алып қалады да, аспирантураны бітірер жылы Қажым Жұмалиев өмірден өтіп, Асқар дайындап жазып қойған

кандидаттық диссертациясын қорғап үлгере алмай қалады.

Алпысыншы жылдардың басында қазақ әдебиетінің бағыт-бағдары, көтерілген тақырыптар, кейіпкерлер тағдыры, әдеби ағым туралы сын мақалалары газет-журнал беттерінде жиі жарық көріп, зиялы қауым ортасында қоғамдық пікір, тың ойлардың туындауына себеп болып жататын. Асқар Сүлейменов әдебиет пен философия, көркем сурет өнері жайлы, жаратылыстану туралы мол мағлұмат-энциклопедиялық білімді жинақтаған өте сирек дарын иесі болды. Дүние жүзі әдебиетінің жетістігі, қайталанбас сирек өкілдері, мәдениет пен көркем өнердің салалары, кино, сәулет, театр өнерінің тарихы мен теориясын терең меңгереді.

Шығармашылық қызметпен айналысқан бас-аяғы жиырма жылдың көлемінде екі прозалық кітап, он шақты аударма-пьеса, үш повесть, бес әңгіме, көптеген сын мақалалар жазды.

Асқар Сүлейменовтің әдебиеттегі алғашқы қадамы “Бесін” атты кітабынан басталды. Бұл кітап – “Бесатар”, “Ақ кемпір” және “Қара шал” атты хикаяттардан тұрды. Кемеңгер жазушы Ғабит Мүсірепов “Кітап – аты – “Бесін”, авторы – Асқар”, – деп “Қазақ әдебиеті” газетіне ақ батасын беріп, мақала жазды.

“Бесатар” повесінде қаламгер тарихтан белгілі 1916-жылғы ұлт-азаттық көтерілісті арқау етіп алды. Ұзақ жылдар патша империясының езгісі мен қанауына, тегеурінді тепкісіне қарсы бас көтерген дала қазақтарының ашу-ызасы мен қайнаған кегі арқау болады. “Бесатар” – бұрын-соңды қазақ әдебиетіндегі сирек құбылыс: ішкі иірімдері күрделі көңіл-күйге құрылған психологиялық повесть. Басты кейіпкерлер – Сәруар, Крейгель, Мұқағали, Иноземцевтің ойлары мен көзқарастары, оқиғалары адамдардың жан-дүниесімен қоян-қолтық астасып жатады.

Повесть оқиғасы 1916-жылдың шілде айының 7-жұлдызындағы сәскеден – келесі күннің бесініне дейінгі, бас-аяғы бір тәуліктен асар-аспас мерзім ішіндегі уақиғаны суреттейді. Екі бірдей қоғамдық құрылыстың, дүниетаным мен көзқарастың, екі ұлт өкілдерінің болмыс-бітімі

қақтығысқа түседі. Орыс офицері Крейгель – басқыншы, жан алғыш, жазалаушы, екінші жақтан қазақтың оқыған, дүниетанымы қалыптасқан ұлт өкілі Сәруар ұлттық намыс пен қанаушы мен қаналушының арасындағы тайталас көзқарасты суреттейді.

Қазақ әдебиетінде 1916 жылғы патшаның қазақ даласынан әскерге адам алу жөніндегі жарлығына қарсы халықтың ұлт-азаттық бас көтеруіне арналған көркем туынды Мұхтар Әуезовтың “Қилы заман” повесі 1927 жылы ұлы суреткердің отыз жасында жазылса, Асқар Сүлейменов те “Бесатар” повесін 1968 жылы отыз жасында жазып бітіреді. Екі повестің оқиғасы бір болғанымен, жазылу стилі басталып, аяқталуы бөлек-бөлек. Қос суреткердің ой екшеуінен, бейнелеу мен сомдау тәсілдерінен туған көркем шығарма – ұлттық әдебиетіміздің теңдесі жоқ туындыларының қатарына қосылды. Асқар Сүлейменов он алтыншы жылдың оқиғасына өзіндік бөлекше соқпақпен, талғаммен келеді.

Бұл көтеріліс қазақ даласындағы үлкен апат еді. Бүкіл ұлттың басындағы трагедияға айналды. “Бесатар” повесі көлемі шағын болғанымен, көтерген тақырыбын ізденіп зерттеген, салмақты, айтар ойы қомақты көркем туынды еді. Қазақ әдебиетіндегі идеологияға, саясатқа қарсы бағытталған алғашқы наразылық үні болды. Ұлттық намыстың табиғатын, болмысын ашып берді.

Асқар Сүлейменов қазақ тілінің бай сөздік қорын барынша жетік меңгеруі, шығармаларында өресін тауып, шебер қолдана білуі жағынан көп ұтады. Жазушыда ой тереңдігін емін-еркін жеткізетін тіл көркемдігі мол. Көркем шығарманың өзге де қуаты оның тілінде. Асқар сөзге қосымша қуат-ренктер беруде, эпитеттерді, тенеулерді қолдануға, ұйқасты, айшықты сөз орамдарын жасауға өте ұста, көркем сөздің қас-шебері. “Бесатар” повесінің алғашқы бетінен соңғы сөйлеміне дейін тұнып тұрған сурет, көркем образ, айшықты бейнелер болып келеді. “Ақ патшаның төресіне құрақ ұшар жайым жоқ, қазақты тірідей тандырға жағып, отқа лақтырып, бір оқпен қаншасын өлтіруге болады деп, бес-бестен қатарлап тізіп



қойып атқан Иноземцевті қолға түскен жерінен құтқарып, өз басымның амандығын сақтап қалар жайым жоқ. Шыға қояр ұшпағың болса, сен-ақ шық. Біздің тобырдан гөрі, сендей жалғыз ішек оқымыстының, оқыған арғымақтың жаны тәтті келеді ғой” – деген сөзі Сәруар үшін ауыр еді.

“Әкесі қаптатып айдаған бір үйір қыраулы сөздің сызы табанынан өткенде, егіз жолдың маңыраған сыңарын ғана көрді” (18-бет).

“Ал, мына, тағы қазақты солдаттыққа міндеттейтін указ шыққалы бері ұйғырдың қамырындай қалай созса да, кере құлаш болып кете беретін заң-закон атымен керексіз болып қалды. Оққа жалынып, оққа бағынар күндердің туар-тумасына кәргүмән болып жүрген Крейгель жер-жерден бунт деген хабар бұрк-бұрк ете қалғанда, қатты толқып еді” (14-бет).

“Әлі ұлтаны сөгілмеген кавалер етікті босаға алдында сықырлатқан Крейгель, мына екі қазақтың екі-ұдай мінезіне, алайда зәредей де тандаған жоқ. Бұлардың себебі сүтпен дарыған дерліктей мінезі осы. Қазақ екеу болса, оның бірі–шөк, бірі – мұз кескінде келмек. Бұлар басқа түгіл, ойнап табысатын орайдың үстінде жем көрген құзғын көзденіп шатынасып шыға келеді. Ал, бұлар егер үшеу болса, анау-мынау цирктен табыла бермейтін майрампаздықтың қилы-қилы иіріміне қарқ болдым дей бер. Себебі, от кескін мен мұз кескін ырылдасып-ырылдасып жатқанда үскірік соққан үсік алмадай үшінші қазақ қаша тартар шақ іздеп, жиылып-түйіліп отырмақ. Кейде ояз бастықтарына, кейде приставтарға еріп, болыс сайлауларына, жер дауы, жесір дауларына бой жаза барғанда талай көргені: бұлардың қаша тартар үшіншісі, ана екеуінің титықтағанына көзі әбден жеткенде, типық маңдайына айдар мен айбарды қатар жасырып, теке тіресе қалған әлгі екеуін қарауылға алыстан алады, қабат көздейді: қабат көздеп жүріп, жұлысқан әлгі екеуді, кейде жалғыз оқпен-ақ жайратып салуы мүмкін.

Сонда бұларға не жетпейді екен, жеті атасының жұлынын суырғандай болып абаласқанда қонам дейтін тағы, кием дейтін тәні қайсы екен?” (21-бет).

“Жұқа шапқа бөгелек төнгенде құлын екеш құлын да қайрат қылмақ” (14-бет).

Асқар Сүлейменовтің “Бесін” кітабы туралы қазақ жазушылары арасында орынды баға берген қаламгерлердің бірі Ғабит Мүсірепов еді. “Менің алдымда Сүлейменұлы Асқардың “Бесін” атты кітабы жатыр. Соған кірген “Бесатар” атты повесть мені көптен қызықтырып жүр. Жас жазушының өзіндік бет алысын, болашақтағы өрісі мен өресін аңдағандай боламын. Қызықтыратыны да осынысы: не жайлы жазғаны емес қалай жазғаны, қандай жазушының бой көрсеткені.

Асқар 16-жылғы ұлт-азаттық қозғалысын бір тәуліктің ішіне сыйғыза алыпты. Әңгіме кеше күн көтеріле басталды да, бүгін күн ауа аяқталады. Езбесі көп еріншек өмірден бұрқ еткен жалын, жігері ғана алынған. Сол аз уақыттың ішінде айналасы төрт-бес адамның басынан кешкен қақтығыстар арқылы қозғалыстың ішкі сырын, мән-мәнісін аша алған, есте қаларлық бейнелер жасап үлгерген. Екі түрлі сипатта екі офицер, екі түрлі сипатта екі көтеріліс басшылары, делдалдау, дүмшелеу, оқыған жігіт. Ең асылы, – үрлеп өсіруі де жоқ. Әр бейненің сыр-сипаты өзіне лайық шыққан. Бізде амандасуға, ат сұрауға, ас ішуге, айтпай-ақ танылатын болмашы бірденелерге көп орын беріледі. Асқарда ол жоқ екен. Берілген көріністерде мән бар, серпін бар – әлденелерді астыртын аңдата кету бар. Белгілі жай, бұлай жазуда жазушы ұтысы еселеп отырады.

Асқар қозғалыстың сырт көріністерін, оқиға тізбектерін алмаған; ішін аша білген соң, сырт көріністер өзінен-өзі көз алдына тізбектеле береді. Адам мінездері арқылы қозғалыстың тарихи тамырларына дейін қопарылып көрініп отырады. Бейнелеудің бір сыры, шеберлік кілті осындай ғана. Асқар үшін бұл меңгерілген жайлауы сияқты елес береді.

Асқар жасаймын деген бейнелерін өз көзімен де, өзгенің көзімен де көріп отырып жазатыны байқалады. Онан қалай көргенін оқушы да көреді.

Жазушының ең үлкен қаупі – болымсызды боямалау айналасында. Асқар ашық, айқын жазады. Жасырар-бүгері,

мысық-көмбесі жоқ жазушы. Сондықтан, болымсызға еліктеп кете ме деген қауіп жоқ, мұны кесіп айтуға болады.

Осындай жаңа әуенді, оқушының ой-сезімін тереңдете беретін шығармалар туындап келеді. Әрқайсысы туралы пікір айтудан бұрын тізімін беруді лайықсыз көрдім, әйтпесе ол тізім қысқа да болатын емес” (“Қазақ әдебиеті” газеті, 25 қыркүйек, 1970 жыл).

Шынтуайтында, “Бесіндегі” Асқар Сүлейменовтің сөз саптасы, ойлау көкжиегінің өрісі ерекше. Тілі мүлде бөлек, өзге қаламгерлерге ұқсамайды, нақыш-бояуы, ой иірімдері соны, жаңашыл. Оқырманға сөз құдіретінің қадір-қасиетін ұқтырған, орнымен, орайымен қолдана білсе, қалы кілемнің өрнегіндей өрнек, ісмердің қолынан шыққандай кесте тоқуға болатынын айғақтап берген нағыз сөз зергері еді.

“Бесатар” деген символдық атынан бастап, Қаралы атты көмген қан қызыл шәйіге дейін тұнып тұрған поэтизмдердің қазынасы. Поэтизм дегеніміз – бейнелі, көркем, әсерлі сөз. Поэтизмдердің шоғырланып жұмсалуды шығарма жанрына қатысты. Әдетте, поэтикалық сөздер мен тіркестер, яғни сөз-образдар өлең тіліне көбірек тән болады. Ал прозалық шығармаларда да аз ба, көп пе орын алады. Бірақ бұл шығарманың тілін бастан-аяқ поэтикалық сипатта ұсыну сол шығармаға белгілі бір стильдік үн (тон) беру үдесінен шығуы керек. “Бесатар”, автордың өз тілімен айтсақ, бір жағы қаңсырап ап, елдің қолына қарап қалған өкімет пен майдан (Ресей империясы мен 1-дүниежүзілік соғыс- Р.С), бір жағы, тұнығы шайқалып, намысын жыртып, шықшыты қарысқан елдің – екі ұдай, екі бірдей қиракезік от шоғырдың бір қырынан көрінген тартысы туралы поэма деуге болады. Ол қыр-екі жақтың қолдарына қару алып тірескен ұрыс майданы емес, ар-ұжданның, ұлттық намыстың, империялық өктемдік пен әскери борыштың араларындағы тартыс пен арпалыс. Бұл тартысты баяндаудың стильдік-көркемдік кілті атты, шапты, жосылды, шайқалды деген сияқты нақты суреттерді атауда емес екендігін сезген жазушы адамдардың ішкі жан-дүниесін, ой әлемін сезімтал тілімен лиризмге толы поэтикалық

стильмен ұсынған деп танымыз”, – деп жазады тіл ғылымының докторы, профессор Рабиға Сыздықова (“Парасат падишасы”, “Атамұра” баспасы. 1998 жыл).

1988 жылы “Жазушы” баспасынан екінші кітабы “Адасқақ” шықты. Бұл кітаптың қолжазбасы ертеде-ақ дайын болған. Бірінші кітабы “Бесіннен” кейін драматургиямен айналысуға көп жылдарын сарп етіп, прозаға кейіннен барып бет бұрған кезі еді.

“Адасқақта” да Асқар Сүлейменов өзінің бастапқы жазу машығынан айнымаған, ой-сезім тереңдігін сақтаған қалпымен тағы да көрінеді.

“Адасқақ” – Біржан салдың өмірінен алынған жанды суреттер, қарттыққа бой ұра бастаған сәттеріндегі ой иірімдері, толқыныстары арқау болады. Он тоғызыншы ғасырдың соңғы жылдарында өз шаңырағында әйелі Әпіш пен ұлы Теміртас үшеуінің тіршілік ауаны, өзімен өзі көп сырласқан, кейде дүниеден баз кешкен сәттері елес береді.

Одан бұрын “Құлагердің” киносценарийін жазып бітірген автор “Адасқаққа” іштей дайындықпен келді деуімізге әбден негіз бар. Кинодағы, әдебиеттегі Біржан салдың жартысы бір, бастапқы мұңлы, ойлы қалпынан айнымаған күйі. Оңашаны ұнататын, өз ойымен болып, өзімен-өзі көп сырласатын, өткен күндеріне өкінішпен көз жіберетін ой тұңғығына шомған кейіпкердің өмір салты былайғы жұртқа тосын көрінуі де ықтимал. Қарттықтың өзі опыну мен торығу екенін суреткер дәлме-дәл өрнектейді. Біржанның шым-шытырық сауалдар гөңірегінде ой топшылауы, тұрлаусыз өмірден тұрлаулы алданыш іздеуі көк дөнен қиялдың жалына жабысып, ой тұңғығына құлаш сермеуі психологиялық арбасулар шарпуы жазушы қаламының құдіреттілік қуатын танытса керек.

“Тіпті Асқар кісінің сезім қырларын бедерлегенде ойға келе бермейтін образға барады. Мәселен, “бүкір-күдік” деген жалғыз тіркесті алайықшы. Ол заман да бұл заман, күдіктің бүкірі болар ма? Оны азырқансаң, сол “бүкіл күдік” “дөңкиді” екен. Біздіңше, мұндай тосын сурет психологиялық нәзік ұғымға ғана жараспак. Жалпы, дәл қазір біз тілге тиек еткен

3-диалогтың бітер тұсындағы – “Елес” – Біржанның жан дүниесіндегі алау-далау сезім, көкірек шер, шерден маздаған шоқ. Бәрі қосыла келе жан азабына ой-толғаққа көшеді. Байлығың қалмас, Жанбота, менің өнерім қалар түбінде. Өйткені, “байлық – барлық болғанда, өнер – мұрат. Байлықтан мұрат шықпаған” – дейді. 1882-жылы Жөкей көлде отырған Біржанның сырқат шағын сүреттеген Асқар алдымен, өнерпаздың жан азабына өзі бойлап, өзгелерді де ойлантпақ болғаны қак... Сонымен, “Адасқак” әңгімелер циклі түгелдей Асқардың өз жанын ауыртар қиын тақырып – өнер мұратына арналған” – бұл әдебиет сыншысы, көркем дүниенің тамыршысы Төлеген Токбергеновтің ой топшылауы.

Асқардың жүрек түкпірінен жарып шыққан шымыр ойларын оқырманның көз алдында тірілтетін тың теңеу, тосын тіркестер, жанды суреттер Асқарға тән шеберліктің, өреліктің жемісі. Байқамы, байламы бар оқырман үшін жегі құрттай өзегін кемірген ауыр ойдың шыңырауына құлаш ұрған Біржан мен сол шерменде жаратылыстың ішкі, сыртқы қыртысын ақтарған қаламгердің болмыс-жаратылысы тұтасып кеткен егіздің сыңарындай ұқсастықты қапысыз байқар да еді.

Сол шыңыраудан тартып шығарған қаламгер ой-сілемдерінің құнары мен қуаты, ұзаққа сілтер шалымдылығы құнын жоя қойған жоқ. Қоғам, саясат екпінімен астарлап, кейде тұспалдап, бірде батырып, бірде сылап-сипап айтқан ойлары зымыран уақыттың көшінен қалмай, реңін бермей келе жатқаны да сол қуат-күшінің молдығынан болса керек.

Алғашқы драматургиялық шығармасы “Кек” пьесасын режиссер Қадыр Жетпісбаев сахнаға дайындаған еді.

1993-1994-жылдары М.Әуезов атындағы академиялық драма театрының режиссері Әубәкір Рахимов Асқар Сүлейменовтің трилогиялық қойылымы “Жетінші палата”, “Қыздай жесір – штат қысқарту” және “Төрт тақта жайнамазды” бірінен соң бірін сахнаға шығарады.

Өнердің ішінде драматургия күрделі жанр болып есептеледі. Бұл салаға Асқар Сүлейменов алдын-ала біраз дайындықпен келді. Алғаш “Қазақфильм” киностудиясында

сценарист, редактор қызметтерін атқарды. Осында “Құлагер” көркем фильмінің сценарийін жазды, “Қыз Жібек” фильмінің редакторы болды. М. Әуезов атындағы академиялық драма театрында әдебиет бөлімінде істеп жүріп, көптеген пьесаларды қазақ тіліне аударды. Театр өміріне қоян-қолтық араласа жүріп, оның табиғатына біртіндеп енді. Өмірлік ситуациялар триптихі болып саналатын “Жетінші палата”, “Қыздай жесір – штат қыскарту” және “Төрт тақта – жайнамаз” атты пьесалары нақты фактілерге құрылған. Кешегі кеңестік кезеңдегі қоғамдық жүйенің озбырлығын, әділетсіздігін әшкерелеуге арналған. Қойылымдағы басты кейіпкерлер – Жұмат, Үрия қарттар, жас келін кеңестік жүйенің өмірге күштеп ендірген тәртібіне қарсы шығамын деп кедергілерге ұшырайды. Сол кезеңдегі әділ болып көрінген заң, жүйе адам үшін емес, қоғамдық жүйенің беріктігі үшін қызмет етеді. Ал адамдар қоғам мүддесі алдында дәрменсіз қуыршақ мэнгүрттері тәрізді. Қоғамдық жүйе берік орнаған жерде оны өзгерту мүмкін де емес.

Бұл қойылымдардың оқиғасы екі күнді қамтиды. Қазақи тектілік пен имандылықтың аяғына тұзақ түсіп, кібіртіктеп қала береді. Осы кедергілерге ұшыраған бекзаттық қасиеттердің ащы айқайы әлсіз болып келетіні пешенеден белгілі.

Асқар Сүлейменов драматургиясындағы басты ерекшелік-психологиялық иірімдерге, астары терең диалогтерге құрылуында. Кейіпкерлер тілі мүлде бөлек, астарлары қатқабат, бір ойды бір ой жетектеп күрделене береді. Кейіпкерлер аузынан шыққан сөз сол кезеңде басқаша мағына, сәлден соңақ өзге арнаға жетелеп кетуі мүмкін. “Шындық жеңеді” деген бос сөз, автордың: “Өзге халық маймылдан жаралса, жаралған шығар, бірақ қазақ жылқыдан жаралған” деген сөзінде қаншама астар, тосын тың ойлар жатыр.

Бұл пьесалар ерте кезде жазылса да, сахнаға кеш қойылды. Оның себебі қойылым тақырыбының күрделілігінде, көтерген жүгінің салмақтылығында болса керек. Пьесаның түпкі ойын қанша бүркемеленгенмен, автор ойының ұшқыны еркін

аңғарылып тұратын. Бұл қойылымдар сахнаға дайындалғанда көп түзетулерден, қысқартулардан өтті. Пьеса авторының ой-мақсаты бастапқы қалпында толық жеткізілмеді, күңгірттеу, бұлыңғырлау көрініс тапты.

Драманың бастапқы тұпнұсқасына Асқар Сүлейменов: “Өмір – тән, өнер – жан: тән тұншыққанда жан шынғырады”, – деп эпиграф жазып қалдырғандай, қойылым кейіпкерінің аузына салған: “Бір түнектен шынғырып шығып, тағы бір түнекке шырқырап кіретін қарақасқа пенденің дүние жарықтағы серігі де, қорғаны да иман. Иман мен ұят” дегеніндей, төңірегін құрсаулап тастаған қоғамдық жүйеден жанын шүберекке түйіп ар тазалығын ойлаған пенденің мүшкіл қалін осылайша суреттейді. Пьесалардағы тағдырлар тарихы, тіршілік тынысы автор қаламымен айшықты, шынайы суреттеледі. Өз басының ерік-жігері өз қолында емес, билік басындағылардың қас-қабағына қарап жалтақтатып қойған адамнан бейшара, дәрменсіз адам жоқ – жасанды кезеңнің бет-бейнесі қаламгердің ой-топшылауынан, сүзгісінен сұрыпталып, синтезделіп өтеді.

Драматург ретінде философиялық эмоция, психологиялық ойлардың тереңдігімен ерекшеленеді. Автордың көкейіндегі ой-мақсаты, арманы осы пьесалардың бүкіл болмысында көрініс береді. Қойылымдардағы монолог, диалогтерін сахнаға дайындау өзге пьесаларға қарағанда тым күрделі. Оны қоюшы режиссер үшін де, актерлер үшін де салмағы ауыр. Ол үшін жан-жақты білім, ойлау, түйсіну қабілеті керек. “Қыздай жесір-штат қысқартудағы” кейіпкер аузынан шыққан диалог көп жайтты аңғартса керек: “Өмірдің өзі – қысқарту. Қысқарту – өмірдің алғышарттары. Адам, ру, тайпа, мысалы”. Бұдан отыз жылдан астам уақыт бұрын жазып кеткен Асқар Сүлейменовтің осы ойлары әлі күнге өз құнын жоя қойған жоқ, қайта шыншылдық болмысына ие болып келеді. Кешегі қаламгердің өзі өмір сүрген алып одақтың дәурені өтті. Тәуелсіз республикамыздағы шағын ұлттар мен ұлыстар біріктіріліп, бұрынғы ұлттық болмысынан, дінінен, тілінен айрыла бастады. Ғалымдардың айтуы бойынша, дүние

жүзінде алты мындай тіл болса, солардың тең жартысынан астамының ХХІ ғасырда жойылып кету қаупі бар екен. Үлкен елдер ұсақ халықтарды жаншып жойып жібереді, ұлттық болмысынан айырып, өз ішіне қосып алады. Асқар Сүлейменов айтқан “Адам, ру, тайпа ұлттардың штаты қысқартылып келеді” – үрдісі кең құлаш жайып, жаһандандудың араны кең ашыла түсті.

Драматургия тілімен талай ой-мақсатын жеткізуге талпынған Асқар Сүлейменовке кедергілер аз болған жоқ. Жазғандарын сол күйінде сахнада бейнелеудің оңайға соқпайтынын қаламгер жақсы сезінді. Өмірдің өткінші, тұрлаусыз екенін алдын-ала топшылап, ойларының бетін бүркемелеп, жұқалап, тұспалдап болса да жеткізуге талпыныс жасады. Сахнаға дайындалу барысында түзеді, күзеді, көптеген тұстарын актердің айтуына, көрерменнің қабылдауына лайықтап қайта жазды. Өзі басынан кешірген кезеңнің шырғалаңын, болашақты болжағанын, алды-артын түгел шолып, жүректегі әділет сөзін айтып қалдыруы қаламгердің көрегендігі, алысты болжағыштығы. Шыңғырған шындықтың алғашқыда құлаққа жағымды естілмесі белгілі. Үш тағаннан тұратын “Төрт такта жайнаймаз”, “Жетінші палата” және “Қыздай жесір-штат қысқарту” пьесалары кезінде кедергілерге ұшырағанына карамастан, халықтың игілігіне айналды. Бертінде әдебиет сыншысы, Асқар Сүлейменовпен ұзақ жылдар достық қарым-қатынаста болған Зейнолла Серікқалиевтың жинақтап, алғы сөзін жазып “Өнер” баспасынан жеке кітап етіп бастырып шығарды.

Асқар Сүлейменовтің қаламынан туған пьесалардың бірі “Ерулік” деп аталады. Бұл пьесаның жолы тым ауыр болды. Көп кедергілерге ұшырап, сахнаға қойылмады. Пьесаның идеясы, айтар ойы алдыңғы қойылымдармен өзектес, үндес келеді.

Асқар Сүлейменов М. Булгаковтың “Жендеттер”, Б.Брехтің “Сычуанның мейірі”, Э.Хемингуэйдің “Бесінші колонна”, С. Алешиннің “Әркімдікі өзіне”, С. Ахмадтың “Келіндер көтерілісі”, Т.Уильямстің “Әйнек айуанхана”, И.Дворецкийдің



“Театр директоры” пьесаларын аударып, дүние жүзі драматургиясының озық үлгілерін қазақ тілінде шебер сөйлетіп, ұлттық көрермендер назарына ұсынуда да өлшеусіз үлес қосқан қаламгер. Бұл пьесалардың түпнұсқадан да құлпырып кететін тұстары көп болатын, ол сөз қосу немесе диалогтерін өзгертіп, жаңадан сөз жазу емес. Өзге тілдегі ұғымдар мен оқиғалардың авторлық стилін бұзбай қазақы баламасын дөп табуында. Мысалы “Золушканы” (Е.Шварц) аударып көріңізші, Зола – кара күйе. Сонда “Золушка” “Күйелеш”, “Қожалак” болып шығады. Ол балалардың сүйікті кейіпкері, болашақ ханшаға, тіпті қыз балаға жараспайды. Асекең оны “Құлтай” – деп қазақы әдемі ат қойып берді, – деп еске алады М. Әуезов атындағы академиялық драма театрында Асқар Сүлейменовтің өз туындыларын, аударма пьесаларын сахнаға шығарған режиссер Әубәкір Рахимов.

Асқар Сүлейменовтің аударуындағы “Келіндер көтерілісі” пьесасы М. Әуезов атындағы академиялық драма театрында ұзақ жылдардан бері көрсетіліп келеді. Оның негізгі себебі– аударманың өте сәтті жасалуынан. Аудармашы өзбек жазушысы С.Ахмадтың бүкіл шығармаларымен жақсы таныс. Өзбек халқының өмір салттарынан да хабары бар. Қойылымдағы рольдерді қай актер ойнағанда, шынайы шығатынын да алдын-ала болжай біледі. Оның аударуындағы өзге пьесалар да көрермен ұғымына жатық, көңіліне қонымды, бас-аяғы жұп-жұмыр болып келеді.

• *Үшінші бөлім*

## ТЕКТІЛІК

Қарт Қаратаудың қойнауынан аққан жылғалардың үлкен арналарға қосылатыны тәрізді біздің Теріскейден түлеп ұшқан ірі, бірегей талант иелері ұлттық әдебиет атты ұлы көшке ілескен еді. Әрбірі саумал ойдың сөлін құйған күретамырдай бөлек үн, бөлек мінезбен дара, окшау көрінді. Қантардағы қасат қарды омбылап кешіп із салғандай соны соқпақ іздеді олар. Құлагер қаламгерлер үзеңгі қағыстырған жарыста ай маңдайы жырқырап, дүрмектен қалып қоймауды ардың ісі санады.

Өңшең санлақ, өңшең жүйрік соңына із қалдырған құйрықты жұлдыздай бұл өмірден ағып өтті.

Бүгінде туған ел, өскен орта деп ескерусіз келіп, елеусіз қайтатын Тәкен де, Асқар да ауылдың көшелерінен бой көрсетпейді. Әдебиет айдынында қос аққудай қатар жүзген Төлеген мен Бәтимадан да көз жазып қалдық. Көркем сөздің, көсем сөздің бәйтерегі Сәкен, Сәуірбек ағаның да даусы естілмейді. Туған жерін домбыраның қоңыр әуезіне бөлеген Төлеген күйшіні де кара жер қойнына алды. Аласа мен Асқарды, таяз бен шыңырауды, арлы мен арсызды екшей білмейтін мінезі тарпаң тажалға кім араша тұра алар.

Сол бір тоқсан екінің мамырында Қаратаудың басын кара бұлт шалып, Теріскейді түнек басқан еді. “Бұл жарық дүниеден Асқар да өтті” деген тосын хабар кара бұлттың сауырын тілгілеген найзағайдай жайсыз естілді. Асқар таудай өр кеуде аласаруды білмейтін ұланынан қапияда көз жазып қалған ел-жұртының көкірегі қарс айрылды. Елу жасты еңсерген, нағыз мәуелі ағаштай ой жемісін төгіп берер

шағында ұлтқа тән мінездің, тегеурінді тектіліктің үлгісіндей қайран Асекең биікте тұрып көз жұмды.

Асекең қайтыс боларының алдында ғана немересі Бекзатқа арнап мына сөздерді жазып кеткен екен: “У меня было несколько близких друзей: Макатаев, Нажмеденов, Жакыпбаев. Бірінші екеуінің жасы үлкен еді де, соңғысы кіші еді, бәрі кетті. Айтқың келеді. “Ұзамандар, жетем қуып мандағы”.

Асқардай азаматтың қазасын аза тұтып газет-журналдар жамырап жазып жатты. Астанада шығатын “Жас қазақ” және “Астана даусы” газеттері бір нөмірлерін Асекеңе арнады. Өзге де газеттер арнайы беттер, бөлімдер ұйымдастырды. Ауданнан шығатын “Молшылық үшін” газеті де Асекеңе арнап бірнеше дүркін арнайы бет, үзік-үзік материалдар жариялап тұрды.

Асқардай ұланынан айрылған елу төрт жыл өмірін бірге өткізген анасы Қымбаттың қайғыдан жүрегі қарс айрылғандай еді.

Баласы “Айтотым” деп еркелетіп айтатын Қымбат ана тағдыр қосқан қосағы кешегі сұрапыл соғысқа кетіп, қайтып оралмай, жиырма төрт жастағы өрімдей келіншек күйінде жесір қалды. Екі баласы Асқар мен Жұлдызайды жеткізем деп бүкіл өмірін арнады.

Ақиқаттың ақберен жебесіндей жаркылдап өткен Асқардай азаматты өмірге алып келген Қымбаттай ананың сол бір қаралы күндері көкірегін қарс айырған қайғының ащы зарын “Жас қазақ” газеті беріп еді.

“Асқарым үшін бастан өткерген барлық қиыншылығым халыққа міндет емес...”

Мен сияқты нелер жесір өтпеді... халыққа ризамын. Түйген түйінінді шешті халқың. Ойыңа сақтаған өнеріңді төкті халқың. Артыңда қалған жалғыз қызығың аман болсын, қайтейін. Бұл жалғанда мінсіз туған Асқарым. Көктемгі тасыған судай ең. Өршіп аққан өзен едің, жарығым.

Асқар соңғы күндері қолжазбасының арасында жүрген суретін әкесінің суретінің қасына апарып қойыпты. “Менің суретімнің де енді тұратын орны осы жер деп, шығарып

койған екен ғой”, – дейді Қарагөзің қайғырып.

Ой, жарығым-ай! Артыңнан ауруханаға бармауым керек екен де... Маған қарап жаттың ба?.. Қолымнан берген дәмді жедің де, бір ауыз әзіл сөзіңді айттың да, бұл жалғаннан көз жұмып кете бардың ғой, Асқарым...

Бармауым керек екен ғой... Маған қарайлап жатып тәуір болып кетер ме ең...

Алматыға келгенде, артыңда қалам ба деп ойлап па ем... Төбемнен жай түскендей болды ғой... Соңында қалып, құран оқиын деп пе едім... Маңдайыма жазғаны шығар, қайтейін... Үш тұяғың Әлішер, Қаракөз, Әсмән қалды артыңда. Әсмә – соңғы жұпарың ғой, Әлішержан қазығыңды мықтап ұстасын. Оған да шүкір. Ой, алла-ай...

Бұрын ауруханаға түсіп қалғанда 1-2 күн жатып, тәуір болып шығатын. Артыңдан бармайтын едім... Бұл жолы екі күн жатып, үшінші күні сағат екіде қайтыс болды. Досқан (күйеу баласы) сол күні: “Апа сіз жаяу барып қайтесіз? Түстен кейін өзім-ақ көлікпен алып барамын”, – деп еді. Оған да шыдай алмай, Әлиямен бірге бардым. Аспалы укол салып қойыпты. “Қалайсың?” – дедім. “Жаксы ұйықтай алмадым. Қызуым көтерілді. Медсестралар укол жоқ деп салмай қойды ешнәрсе”, – деді.

Алдында Тиыштық (Асқардың қарындасы) звондаған: “Дәрігерлер рентгенге түсіп келіңіз”, – десе: “Орнымнан тұра алмай жатырмын, қалай түсемін”, – деп көнбей қойған соң, қол арба тауып әкеп, рентгенге түсірдім. Үш құлпынай, екі гүйір тұшпараны өз қолыммен бердім. Әлсіз жатса да әзілдеді.

– Айтоты, менің қасымда бір орыс шал жатыр. Өзінің ақшасы көп екен... Қазір қымбатшылық. Соған сені берейік, үш-төрт айдан соң бар ақшасын маған әкеп бересің, – деді. Сөзінің арасында мені кірістірмесе, тиіспесе отыра алмайтын.

– Мақұл, сен берсең барамын ғой, – дедім мен де әзілдеп.

– Немене, шынымен тиетін ойың бар ма?

– Енді өзің беремін деп отырған жоксың ба? Екі-үш айдан кейін саған ақшасын әкеп беруім керек қой.

Шешелі бала болып ең соңғы тілдесуіміз осы болды.

Аспалы уколдағы дәрі түгесіліп бара жатты. О құрғырды саркылмай, түбінде қалдырып барып токтату керек екенін естіген мен байқұс: “Мынау уколын алмайды ма енді?” – деп тықыршыған соң, Әлия медсестраға айтып еді, олар асыға қоймады. Ақыры, дәрі ада бола бергенде келіп, білегіндегі инені алды-ау. Сәлден соң Асқаржанның жаны да шығып жүре берді. Дәрімен бірге жарық дүниедегі татар дәмі де таусылды. Жарығыма өз қолыммен ең соңғы рет тамақ беріп отырғанымды ойласамшы?.. Үстіне аңырай құлап айрылып қала бердім ғой, Асқаржанымнан...

...Әлия жанұшыра жан-жаққа звондап жатты. Тиыштық, одан соң Зейнолла (Серікқалиев – ред.) келеді.

Бұл ауруханасы құрғырдан әбден көңілім қалды. Асқар үйде жатып қалған соң, мына теміржолшылар ауруханасының коммерциялық бөліміне апарып едік, жақсы қарайды ғой деп.

Досқан ман Гүлзахираның (дәрігер қыз) жүгіруімен күндіз он екіде барған өзі де әлсіз Асқарды төрт сағаттан кейін зорға қабылдады. Ақ халаттыларға арызым көп... Айта беріп қайтейін енді... Онымен Асқаржаным қайтып келер ме?

Асқарым бала кезінен зерек еді. Алты жасында мектепке барды. Біріншіні бітірген соң, мұғалімнің біліміне көңілі толмай “оқымаймын” дегенді шығарды. Содан Түркістандағы қайынсіңліме беріп, сонда оқыттым. Екіншіге енді барған Асқар сол кезде заулатып кітап, газет оқиды, көргендер: “Мына Сүлейменнің баласы әкесіне тартып, зерек болыпты” дейтұғын. Содан көз тиді ме, бет-аузы күп болып ісіп кетіп, ауылға әкелді.

Далада бір малды бауыздап, құдайы қылып, үйге кіргіздім. Кейін тәуір болған соң, қайта барып, оқуын жалғастырды.

Жоғары кластарды ауылда оқыды. Мұғалімдері: “Асқар – Шолаққорғанның алды. Жақсы оқиды, бірақ балаларға тиісіп, гыныштық бермейді”, – деуші еді маған.

8-10 класс оқып жүргенде ауылдағы кітапхананы оқып тауысты десе де болады. Сол кезде сәмке қайдан болсын, бөзден тігіп берген дорбасын мектептен келе сала тастайды да, содан сабаққа барарда бір-ақ алатын.

Осының бәрі бір Асқар үшін. Басқаның босағасына апармадым. Бар өмірім балам үшін өткеніне өкінбеймін. Ешқайсысын да ешкімге міндет етпеймін. Алматыға артыңнан еріп келгеніме 30 жыл болыпты биыл, Асқаржаным. Артыңда қалам деп ойлап па едім. Жер ортасынан асқанда жетім қалғаным жаныма батады, қайтейін, жарығым. Соңынан ерген тұяғың аман болсын. Қадіріңді білер халқым аман болсын. Халыққа мен ризамын”.<sup>3</sup>

Асқардай асыл ердің қадыр-қасиетін, опырылып қалған орнын безбенге салып өлшегендей таразылап берер жан әлі туа да қоймаған шығар. Бірақ көзі тірісінде-ақ асылдың сынығы, тұлпардың тұяғы екенін таныған көзі қарақты, қатар қалам толғап жүрген жандар Асекеңді жоғалтып алған сәтте ол туралы көзі тірісінде айтылмаған басы ашық шырқыраған шындықты жайып салды. Асекеңмен ұзақ жылдар құдайы қонсы болған, қазақтың ақын қызы Күләш Ахметова:

“Оның кейде қырсық сөйлейтіні қатыгез қоғамға деген қарсылығымен қатар, ешкімге ұқсамай еркелегені де еді. Оны біреу көтеріп, біреу көтермеді...”

Аса дарынды тұлғалардың алдында бәріміз де кінәлі сияқтымыз. Солардың ұғым биігіне көтеріле алмағанымыз үшін емес, соларды өз дегенімізде көргіміз келетіні үшін.

Алдымызда беймәлім бір заман тұр. Ырқыңды байлығы бар алса, рухыңды билігі барлар белгілер...

Бізде лауазымды қызметке ілінбегендерді басы алтын болса да, бағаламайтын әдет бар. Асқар ағаның айтулы жиындардың президиумында отырғанын, мемлекеттік комиссиялардың мүшесі болғанын, шетелдік сапарларға шыққанын соңғы он жылда көрген емеспін. Айт дегенін айтып, айтпа дегенін өлгенше ұмытпайтын, отырған орнына жезтырнақтай жабысқан, қасқа жолда қақпайға көнгіш, өз бағдары жоқ біреулердің адам тағдырын шешіп жататынын көргенде, күйіп кетпеу мүмкін бе?

Сұрапыл тілдің сұлейі, әлемдік ойдың өкілі, бекзат текті

---

<sup>3</sup> “Жас казак” газеті. 1992 жылғы 11 маусым.

білгір сынгер А.Сүлейменовтің кермедегі жүйріктей көзі жылтырап, әділетсіздікпен іштей алысып өткені – заманға да, адамға да сын.

Бүгін жазушының бүкіл ғұмырына тән дерлік үш қасиет бірлігін айтқым келеді.

Біріншісі – тума таланттың мәңгі ізденімпаздығы, бір сәт тынбай, білімге қанбай, дидарға тоймай, көңілі шөлдеп тұратын көпшіл, қарашыл, үйірсек мінезімен бүкіл өмірдің бүкіл ұлылығына құлауы және қайтарымы жоқ ортадан ошаппай көңілінде бір суық мұнның кетуі.

Екіншісі – өмірге, адамға жай ғана құштар болмай, өзінде бар озықтыққа, сүйегінде бар суреткерлікке іріден іріктеп, ұлыдан ұлағаттап, зиялы тағлым қосып, бірте-бірте биіктей дараланып, ғасырына өз қолтаңбасы мен қайталанбас бейнесін қалыптастырып кеткені.

Қаламгердің бойынан мен таныған үшінші қасиет – оны Мұқағалидай ұлы ақынмен үндестірген жан нәзіктігі, ұлпа сезімі, адал жүрегі, арудай арлылығы, сәбидей қорғансыздығы.

Мұндай қасиеттерге ие дарынға халқы қандай ескерткіш қойса да артық емес”<sup>4</sup>.

Асқар Сүлейменов көзі тірісінде көп қудалау, тәперіш көрген жан. Қанша торығып жүрсе да, кеудесін асқак ұстап, сырт көзге онысын білдірмеуге тырысты. “Бөрі аштығын білдірмес” дегеннің кебін киіп жүрді. Аласарғысы келмей, алшаң басты.

Қарымды қалам иесі Марат Қабанбай Асекеңнің қазасына байланысты “Оғыз мойындаған оғылан” атты мақаласында төмендегідей соны да батыл пікір білдірді:

“Ас-ағаң, Асқар Сүлейменовтың бұл дүниеден кезінде көңілі қалғаны соншалықты, оның рухы әлдеқашан-ақ о дүниеге өтіп кеткен. Сол бір бозғылтым әйнектің арғы жағынан бізге суық зерекпен көзі талғанша қарап жүр еді. Ақыры өзі де пайғамбар бабасына аттанып кетті.

---

<sup>4</sup>“Астана даусы” газеті, 1993 жылы 12 маусым.

Он-он бес жылдан кейін болашақ жас қазақ әдебиеті А. С. деп аталатын имек мұрын, арық қара шалдың орны каншалықты үңірейіп бос тұрғанын сезер еді және де оны терең қазып, тепкілеп көмгеніміз үшін бізге анау айтқандай алғысын жаудыра қоймас.

“Асекең, Асқар Сүлейменов өз “Мен”-ін қорғап қаза тапқан адам”.

Соңғы сөз: Ас-ағаң дер кезінде ақ сапарына аттаныпты. Зиялысы зарлап, алаяғы алақайлап тұрған мына заманды көрмейін-ақ деп атанған екен. Арамызға қайта тіріліп келсе, көңілі қалып, тауы шағылып, Кеңсайға кетіп қалғандай екен еді”.<sup>5</sup>

Асекеңнің қызы Қаракөз Сүлейменова әкесі туралы ойларын былайша өрбітеді.<sup>6</sup>

“Бақыт деген ұғымның аясы кең. Біреу үшін ол дүние мүлік болса, енді біреу үшін рухани адам өмірі. Сондай таза, адалдық өмірді әкем өз басынан кешті. Мен де бақыттымын. Себебі сол кісінің қанынан жаралдым, аз да болса өмірге деген шынайы көзқарасты көріп қалдым.

Папам туралы жазудың өзі мүмкін емес сияқты, қанша айтсақ та нақышына келтіріп жеткізе алмаймыз, ол үшін сол кісінің ойлау деңгейі, сол леп керек.

Менің әкем болғандықтан осылай деп отырған жоқпын. Кешкен өмірі, жазған шығармалары дәлел. Әкем қазақ әдебиетінде өзіндік жаңа жол ашты деп ойлаймын. Интеллектуалды-лингвистикалық әдебиет болса, сол деңгейге біз ұмтылуымыз керек.

Мінезсіз суреткер тұрмақ, адам қалыптасу мүмкін емес. Мінезі баршылық еді, талайлардың дастарханын да сыпырып аударған еді. Бірақ оның ар жағында ортаға деген, сол деңгейге, сөз кескініне, іс мазмұнына қарсылық жатқан еді. Орта әлдеқайда тұлғадан төмен. Әлі де төменбіз”.

Күнделікті күйбең тіршілікке көңілі толмай, жүргеніне

---

<sup>5</sup> “Ана тілі” газеті, 1993 жыл 21 шілде

<sup>6</sup> “Астана даусы” газеті, 1993 жылы 12 маусым



батпан жүк түсірмеу үшін өзін-өзі алдаусыратуға мұршасы жетпей ішқұсалықпен, арбасумен өткен ғұмырдың баянсыз келте боларын Асекең көзі тірісінде-ақ мықтап көкейге түйінген де шығар.

Біздің ауылдан түлеп ұшып, дүниедегі білім-ілімнің тұнығын сіміріп, шырқау биікке көтеріліп кеткен озық ойдың жампозына айналған Асекең қарабарқын аспан көгіне жұлдыз болып қадалды. Ешбір ортада қаймықпай сөз бастайтын гарпаң мінезді, асау жан табиғат берген жаратылысындай тәкаппар күйінде жүріп өтті. Осы туа бітті қызу қандылығы мен шалт мінезі өзі соны із салған әдебиетте де қайталанбас қолтаңбадай қалып қойды.

Әдебиет аулына түрікменнің ақалтекесіндей ойқастап келген шын жүйріктің аяқ алысын алғашқы кітабы жарық көрген кезде-ақ Ғабит Мүсірепов дөп басып, танығандай еді:

Озық ойлы әдебиеттанушылар “Асқар Сүлейменов қазақ әдебиетіндегі интеллектуалды-лингвистикалық прозаның сүйегін салушы” деген де баға беріп жүр.

Асқар Сүлейменовтің бітім-болмыс, мінез-құлық жаратылысына ойлау қабілеті деңгейіне айна-катесіз баға берген жандардың бірі қаламдас жолдасы, өмірінің көп жылдарын бірге өткізген Әбіш Кекілбаев еді: “Бәлкім, біздің ғасырымыздағы, біздің топырағымыз бен біздің нәсілімізден сенен турашыл, сенен қайсар, сенен мәрт азамат енді туса-туар. Бірақ, бұрын тумағанына біз кепіл. Әуелден де асыл туған асылдықтың қасиеті қанша болса, қасіреті де сонша екенін басқа білмесе де, сен білесің. Сондықтан да төбеңе аласа төнсе еңкеймей, биік төнсе шалқаймай, өмір жолын алшаң басып, асқақ жүріп тауыстың. Өйткені, Асқар деген сенің атың емес, затың да еді. Атыңа сын, затыңа мін жуытпай, өзіңнің де, сөзіңнің де бәсін биік ұстадың.

Анда-санда бір туатын, бір туса да ірі туатын Арлан талантыңның сирек төлдерін қолымызға айбына алушы едік. Хиуадан шауып, қисынын тауып жатқан ой мен сезім иіріміне, сөз кестесі, пікір дестесіне, жолбарыстың жонын шымшылап ойнағандай жүрек жұтқан қайсар шыншылдыққа, тереңнен суырып айтатын, ештеңеге ұқсатпай, елден ерек мүсінделген бітім-пішімге айызымыз қана рахаттанушы ек. Сонда

жазғаның қандай тағлым болса, жазбағаның да дәл сондай тағлым екеніне көзіміз әбден жетуші еді. Қаламыңнан жаратылған сол сиректің бәрі де асылдар санатынан орын алып, алыстарға жететініне сенімім кәміл”.

Көркем ойдың інжу-маржанына бай, сұңғыла ойдың саңлағы, бет келбетімен шайпау мінезі астасып жататын жаратылысы күрделі Асқар ағамыз соңынан ерген інілері біздер үшін де биік шың, табынып өтер талант иесі еді. Асқарша сөйлемді құбылтып жазып, Асқарша тәкаппар жүруге талпынған жастар қаншама.

Қазақ әдебиетінің көгіне жарық жұлдыз болып қадалған Теріскей перзенті өмірден өткенімен, оның адамдар санасында рухына айналған екінші ұзақ ғұмыры басталды.

Қалтарыс-қулығы, алдап-арбауы көп, арлысы азап шегіп, арсызы алшаң басқан тұрлауы жоқ өмірден жүрегі қарайып біржола күдер үзген Асекең қамшының сабындай қысқа ғұмырында тірнектеп жиған мұрасын кейінгі ұрпақ еншісіне тастап кете барды. Көзі тірісінде қаламгердің қан тамырындай буырқанған туындыларының қадір-қасиетін, салмақ-парқын балгердей танып білгендер ат төбеліндей-ақ болды. Түсінік пайымы тапшы енді біреулер миға ауыр салмақ салғандай қорғасын ой, күрмеу тіркес, толғауы терең соны құбылысты жатырқай қарсы алғанын қаламгердің көзі тірісінде-ақ сездірген еді.

Қайғыға қабырғасы қайысқан қалың қазақ елінің ішінде Асекеңнің өзі түлеп ұшқан Созақ халқы да аза тұтып, көкірегі қарс айрылды. Асекеңді соңғы сапарға шығарып салуға, қабіріне топырақ салуға ауылдың атпал азаматтары Алматыға жол тартты. Қазаның орны суымай жатып бөлек туған ұланның рухын өшірмеу, кейінгі ұрпақ есінде бакилық сақтап қалу жолында тірі жандардың борыш-парыздарын өтеуге бел шеше кірісті.

Асқар Сүлейменовтың есімін балалық балғын шағы еткен, өзі оқыған мектепке беру жөнінде әңгіме қаламгердің көзі тірісінде-ақ көтерілген болатын. Егемендікке қол жеткен, халқымыз өз тағдырын өзі шешетін ажарылқап күн туған шақта елді-мекен, жер-су, мектептер атын өзгерту мәселесі де қауырт қолға алынған еді. “Қазақстан Республикасы білім

беру ісінің үздігі” Ата Егенов бастап, көзі қарақты, көкірегі ояу ұстаздар қауымы қоштап, білім ошағына Асқар Сүлейменовтың есімін беру жөнінде бастама көтерілді. Педагогикалық кеңестің хаттамасы бекітіліп, Шолаққорған селолық Кеңесінің сессиясына ұсынған еді. Селолық Кеңес төрағасы, Асекеңнің көзін көрген, тұрақты оқырмандардың бірі Нәжімиддин Әлиевтің басқаруымен өткен сессия күн тәртібіне қойылған бұл мәселе көпшіліктің қолдауына ие болды. Одан әрмен аудандық Кеңестің сессиясына қаралып, ауыл азаматтары – депутаттардың қолдап қуаттауымен қаулы қабылданып, облысқа жолданды. “Тірі адамның есімін мектепке қалай береміз, өзге де лайықты азаматтар бар емес пе?” – деген пікір айтушылар да сол кезеңде ұшырасқан еді.

Осындай сыңаржак пікірлерге қарсы тұрған, Асекеңді көзі көрген, кез келген мәселені әділ шеше алатын азамат, аудан басшысы Досыбай Шәрімқұлов көпшілік тілегінің жағында болды.

Асекеңнің көзі тірісінде қолға алынған игілікті бастама қаламгер қайтыс болған соң, түпкілікті қолдау тауып, үлкен дарын иесінің ел-жұртын шексіз қуанышқа кенелтті.

Асекеңнің аулына Алматыдан қаламгер достары, ұлдары мен қыздары, отбасы мүшелері үздіксіз келе бастады. Олар ұлдарын ардақ тұтқан Теріскей өңірінің азаматтарымен жүздесуге зор ықылас танытты. Сондай жылы жүзді кездесудің бірі Асқар атындағы мектепте 1993 жылдың күз айында өтіп еді. Оған республикалық “Дарын” жастар сыйлығының лауреаты Асекеңнің ұлы Әлішер, қызы Қаракөз, қарындастары Жұлдызай, Тиыштық және қазақтың танымал жазушысы, Қазақстан республикасы Мемлекеттік сыйлығының лауреаты Қалихан Ысқақовтар қатысты.

Асқартанудағы алғашқы құтты қадам, қаламгер есімін мәңгі еске қалдыруды мақсат тұтып, жоғары орындар алдына мектеп атын өзгерту туралы халықтың жүрегінде құндақталған ұсыныстарын жеткізе білген білім ошағының барлық ұстаздар қауымына шын ниеттен шыққан ризашылық сезімдерін білдірген, қайталанбас біртума талант иесінің ұлттық әдебиеттегі өмірдегі азамат ретінде қалыптасуы хақында сөз болды. Мектеп мұғалімдері мен оқушылар

қауымы білім ұясының ақжарылқап қуаныштарына алғыстарын жаудырып жатты.

Асқардың нағашысы Қыдыр қарияның үйінде ақсарыбас шалынып, кең дастархан жайылып, Асекеңнің аруағына арналып ас берілді, құран оқылды.

Асқардың топшысы бекімеген балапан кезінде бауырына басқан, ауылдағы тілеулесі болған Қыдыр ақсақалдың ауыл шетіндегі қараша үйі Асекең көз жұмғанда да қаламгерді сағынып, алыстан ат арылтып келген азаматтар үшін қасиетті шаңыраққа айналды.

“Асқардың анасы – Қымбат екеуіміз бір әке, бір шешеденбіз. Майданнан оралған соң күйеуі соғыста шейіт болған әпкемді торықтырмаймын деп Шолаққорғанға көшіріп әкелдім. Содан бері Асқарды тұмсықтыға шоқытпай, тұяқтыға тепкізбей бетінен қақпай өсірдік. Асқаржан зерек, зейінді еді. Мектеп бітірген жылы оқуға түсе алмай, ауылдағы Қызыл әскер бөлімшесінде бір жылдай бастауыш мектепте сабақ беріп, келесі жылы үністүтке қабылданды”, – деген сөздері жадымызда жаңғырып тұр.

“Асқардың асында соятын жылқыны Алматыға жеткізетін көлік іздеп жүрмін”, – деп Қыдыр ақсақалдың сабылғанын көзбен де көрдік. Сол қара шал көзі жұмылғанша Асқардың тілеуін тілеумен өтіп кетті.

Асқар Сүлейменов бауыр басқан орта – аулының қаламгерге деген ықыласы зор десек, Асекеңнің Созаққа деген құштарлығы, махаббатын жазып жеткізу мүмкін емес еді. “Біздің Созақ керемет, оған жер жетпейді”, – деген жалаң мақтауын естіген емеспін. Созақты жұмаққа тең көрмейтін Асекең: “Біздің Созақта былай болған”, – деп сөз бастап, ауылдың ерекшелігін қызғылықты оқиғалармен, детальдармен, ауылға тән табиғат құбылысы, салт-дәстүр, адамдарының әпенделеу қылықтарымен тындаушының айызын қандырып, біздің ауылға тән сөз сөйлеу мәнерімен бояуын қанық етіп жеткізетін. “Асқар туған елін, өсіп-өнген Созақ жерін, халқын, тілін дәл ұғымда да жанынан жақсы көруші еді”, – деп еске алады ұзақ жылдар жолдас болған Кәрімбек Сыздықов.

Ел аузында мынандай әңгіме бар.

Асекеңнен ертеректе бір жастар “Сіз Шымкент облысынан емессіз бе?” – деп сұрапты.

Сонда Асекең: “Жоқ, мен Созақтанмын!” – деп жауап беріпті.

Ол кісінің жауабына онша түсініңкіремеген әлгі жастар: “Созақ Шымкент облысына қарайды ғой”, – десе Асекең ешбір саспастан:

“Жоқ, олай емес, Шымкент – Созаққа қарайды”, – деп жауап берген екен.

Қаламгердің туған жерге деген ықыласын, құштарлығын Асқар ағамыз: “Қазақта қалай екенін білмеймін, біздің Созақта былай”, – деп әңгіменің майын тамызып, тыңдаушысына әсерлі әңгімелеуден ешбір жалыққан жан емес.

Асқар Сүлейменов 1965 жылы “Жұлдыз” журналына жазған “Тәкеңнің шаңқанбоздары” атты мақаласында: “Туған жердің топырағы” деген ұғым бар. Бұл ұғымның қай заманнан келе жатқанын кім білген. Мүмкін, ол әріден келе жатқан шығар, мүмкін шаңқан тарихтың жұлынынан нәр алып, соқталдай жігіт болып өскен шығар. Біз, әйтеуір, осы бір ыстық ұғымның адамның селді серігі екенін білеміз. Басы ашық тағы бір нәрсе: осы ұғым басынан қаншама тәркі дүние ғасырларды өткізгенім ай маңдайына әжім, беліне құя дарытқан емес, қажыған, қартайған емес...

Жерді, туған жердің топырағын сезіну, сонсоң да – бір ойлағанында – өмірді сезінуден байқалады” – деп өзінің ішкі сезімдерін білдіреді.

Асқар Сүлейменовтің Жазушылар одағының мүшесі санатында лақап аты (псевдонимі) – Торлан еді. Торлан ауылдан Ащысайға қарай өтетін тау өткеліндегі табиғаты көркем өңір. Асекеңнің мінезіндей адуынды ағысы бар өзен, қына басқан бұжыр-бұжыр тепкішек жартасы, ала жаздай жасыл өңін бермейтін, Шолаққорған мен Түркістанның қас ортасындағы табиғаты көркем жазық дала мен қарт Қаратаудың шоқылары тоқайласқан Торланды текті қаламгер тектен-текке таңдап алмаса керек.

Тәкен Әлімқұлов ағамыз Мыңжылқы тауының кейбір аңғар-шатқалдарын дүние жүзіндегі ең көрікті Швейцарияның табиғатына теңеп жазғаны да есімізде. Экологиялық ахуалы

әбден азғындалған, жазы аптапты шөлейт, қысы қатал біздің өңірде ондай жәннатты жерлерді шын мәнінде кездестіруге болатынын туған жерге ыстық ықыласы, құштарлығы қан тамырына әбден араласып кеткен перзенттің, үлкен суреткер қаламгердің көзқарасымен, көкірек көзімен көре білгенде ғана тануға болар еді. Қытымыр табиғат, кенезесі кепкен шөлейт – сол жердің өзіне тән мінез, бітімі мен болмысы. Сол жерден нәр алып өскен қаламгердің қалам қарымында өзгеге ұқсай бермейтін желі – арқаудың қалыптасуы да заңды да құбылыс.

\* \* \*

Токсан төрттің көктемінде аудан дара туған перзенті Асқар Сүлейменовтің есімі мектепке берілу құрметіне арналған ұлан-асыр асқа дайындала бастады. “Тойдың болғанынан боладысы қызық” демекші бұл жиынның да әзірлік жұмыстары ойлаған жанға шаш етектен еді. Әуелгі кезде мектеп өткізетін болған ас ауқымын кеңейтіп, аудан көлемінде атқарылатын үлкен шараға ұласатын болды.

Туған жер төсі масатыдай құлпырар мамыр айы мектеп өміріндегі айтулы кезең екендігін ел жақсы біледі. Бұл айда жыл сайынғы мәуесін төгер жеміс ағашы сияқты мектептер өз түлектеріне соңғы қоңырауын соғады, әр жылдарда қанаттанып ұшқан шәкірттер алтын ұяларына оралып жатады. Табиғат ананын оң қабақ танытқан, көктен күн мейірлене шуақ төккен, десте-десте гүл құшаққа толған арқа-жарқа мамыражай кезең бұл мамыр айы.

Астың жасау-жабдығы, тігілетін киіз үйлер, сойысы, ұлттық ойын түрлері, қонақкәде, кем-кетігін түгендеу оңай шаруа емес екен. Асқар атындағы мектеп ұжымы екі ай бойы табандарынан сабылып, асқа дайындық жұмыстарымен жүрді.

Асқа қонақ шақыру жайына келгенде, Асқардай азаматтың қамшының сабындай ғұмырында тамырын тереңге жайып үлгергеніне ауылдастарының көзі жеткендей еді. Бәрі Асекеңнің көзі тірісінде дәмдес-тұздас, тағдырлас болған рухани жақын қаламдас жора-жолдастары, өңшең әдебиет пен өнердің саңлақтары, ағайын-туыс, жекжат-жұрағаттары, үрім-бұтақтары бір қауым ел болды.

Асқа екі-үш күн қалғанда Асекеңнің ауылына алыстан ат арылтып қонақтар ағылып келе бастады. “Ел-жұртымның кең пейіл ниетінен айналдым”, – деп Қымбат анамыз төркініне асығып жетті. Асекеңнің өмірінің соңғы жылдарындағы рухани серігі, зайыбы, қазақтың белгілі сыншы қыздарының бірі Әлия Бөпежанова кішкентай Әсмәсін, Сарысудан әке, сіндісі ертіп келді. Асекеңнің қос жанарының қарасындай Әлішер мен Қаракөз, күйеу баласы, белгілі актер Досқан Жолжақсынов, Асекең “Император” деп атап кеткен немересі Бекзат, Алматыдан Қазақстан Жазушылар одағының хатшысы Бейбіт Қойшыбаев бастаған көрнекті қаламгерлер Асекеңнің дос-жарандары Дулат Исабеков, Сейфолла Оспанов, Лесбек Нұрмағанбетов, “Ара” журналының редакторы Сайлаубек Жұмабеков, сонау Семейден Төкен Ибрагимов, Шымкенттен Керімбек Сыздықов, Мұхаметжан Рүстемов, өзге де қонақтар келді. Олар Асекеңнің бала кезден бауыр басқан, балғын шақтары өткен нағашысы Қыдыр қарияның шаңырағына ат басын тіреді. Сол күні туған жиені тіріліп, үрім-бұтақ, дос-жарандарымен бірге келгендей жас балаша арқа-жарқа қуанып, жадыраңқы кең пейілімен дастархан жайып, қонақтарын құшақ жая қарсы алып еді. Көптен кісі аяғы саябырсып, дабыр-дұбырдан қолантасып қалған Қыдыр қарттың қара шаңырағы Асқардың аруағын құрметтеп келген жандардың абыр-сабыр даусымен, арқа-жарқа қауышуымен базарлы думанға айналды.

“Келгенше қонақ ұялады, келген соң үй иесі ұялады” демекші қадірменді қонақтарға меймандостық пейіл таныту ауыл азаматтарына үлкен сын. Ертең ас деген күні қонақтар ауданымыздың інжу-маржаны Қызылкөлдiң жағасында күтілді. Ауылдың бас көтерер сыйлы азаматтарының бірі С. Қожанов атындағы ұжымшардың төрағасы Сексенбай Тұрсыбеков көрегенділік танытып киіз үй тігіп, кең дастархан басында бас қостырды. Қонақтардың қас-қабағына қараған Сапура Кенжебекованың басқаруындағы қыз-келіншектер тағамның дәмді болуына, көңілдерінен шығуға бар ынты-шынтыларымен кірісіп жүр.

Дастархан басындағы сөз тек Асқар туралы болды. Астаналық қонақтар Асекеңнің қаладағы өмірінен небір

хикаяттарды қызықты әңгімелесе, Асекеңнің ауылдағы жолдастары қаламгер Дулат Тұрантегі, Өміртай Исаевтар Созаққа келгендегі сәттерінен ақтарыла сыр шертті. Арқажарқа, емін-еркін жадыраңқы әңгіме көңілге шуақ нұрын төккендей еді.

Бұл кезде күн етекке еңкейіп, көл беті тынышталғандай, майда толқындары жағаны ұрып жатты. Күннің қызғылт шапағы көл бетінде құбылып тұр. Киіз үйден сыртқа тыныстауға шыққан қонақтар табиғаттың осы бір кешқұрымында сыланып жатқан әсем көрінісіне еріксіз зер салғандай еді. Асекең Созағына асығып келіп, жағасында құмшаутына аунап-қунап жатқан, толқындарында құлаштап жүзіп шомылған шөлейт далада ақбөкеннің жанарындай жәудіреген, бұл күнде кәусары ортайып, бағы тая бастаған момақан жатқан қайран Қызылкөл мамырдың сол бір кешінде көптен төбе көрсетпей кеткен арық аттай сылыңғыр, шүңірек көз, құс мұрын қара жігітті күткендей де еді.

Қаланың беймаза шуынан, мынау пәтуасы жоқ алдамшы дүниеден мезі, запыста болған Асекең осы түкпірдегі көлге оқшау келер еді. Дүниедегі ілім-білімнің тұнығын сіміріп ішкен, көп оқып, көп білгені өз басына сор болып жабысқан Асекең де әбден қажыған. Тақиядай айдынның кіндігінде белдемше арал пайда болып, түбі көрінген Қызылкөл де қажыған: “Менің іштегі шер-мұнымды сен ғана ұғарсын” дегендей майда толқындарын жағаға өрбітіп, тілдескендей болады.

Сол кеште Қызылкөл Асқардың бойларында қаны бар Әлішер мен Қаракөздің даусын естіді.

Мынау тамылжып тұрған мамырды барқыт кешінде көл жағасындағы жандардың ән салмауы мүмкін емес еді. Ащысай кеніші салған демалыс жайының жағаға жақын тұсында биіктеу төбе бар. Төбенің үсті тегістеліп, арнайы ашық алаң жасалып, айналдыра орындықтар қойылған. Қонақтар серуендей жүріп осы биіктегі алаңға жиналды.

Ауылдың алты ауызын аудандық мәдениет бөлімінің меңгерушісі Тұрлыбек Жаксыбаев Шәмшінің “Теріскейімен” бастап кетті. Кең кеуде, тегеурінді көмейден шыққан көтеріңкі дауыс көл бетімен қалықтап тым ұзаққа кетті. Күміс көмей



ауыл әншісі Раушан Баймұратова ән сазын одан әрі жалғап кетті. Қонақтардың көпшілігі бұрын-соңды естімеген тың әуез, біздің өлкеге ғана тән мақам. Өттең, біздің ауылдың Пернебай Иманқұловтай, Әділбек Нысанбаевтай, Назбек Байтуаровтай сазгерлерінің қолтығынан демеушілері кенде, насихаттауы жетпейді, әйтпесе, әуендері астанадағы көп сазгерлерден кем де емес. Пернебайдың “Жан ағасына” кезінде Шәмші ағамыз да жылы лебіз білдірген.

Қаладағы сазгерлердің әндерін қаладағы әншілердің орындауында көбірек тыңдап дағдыланған қонақтар жүрек қылын тербеген ауыл сазгерлерінің әндерін ауыл әншілерінің нақышына келтіре шырқауында ерекше ілтипат, ықыласпен қабыл алғандай еді.

Енді бірде Назбек Байтуаров қолына домбырасын алып Сүгір мен Төлегеннің шертпе күйлерін бүлкілдете жөнелді. Көл бетінде күй ырғағымен толқын ойнайды.

Асекеңнің тыңнан сүре тартқан мінезіндей бұл өңірдің өнері де бөлекше екенін көл жағасында ән-күй тыңдап тыныстаған алыстан келген қонақтар да пайымдағандай еді.

Асқар аулының өнерпаздары ән-күймен шашу шашып жатқанда қонақтардың да делебесі қозғандай, ортаға кезектесіп шыға берді. Асекеңнің, аулымыздың күйеу баласы, белгілі өнер иесі Досқан Жолжақсынов домбыраны қағып-қағып жіберіп, лирик-ақын Сағи Жиенбаевтың өлеңіне шығарған өзінің әні “Ауыл қарттарын” ерекше тебіреністі әуезбен айтып шықты. Одан кейін де Арқаның серпінді, адуынды әндерін қисынынан келтіріп орындап берді.

Асекеңнің қызы Қаракөз ортаға шығып, қыз балаға тән сыбызғыдай сырлы әуенмен сызылтып, “Маңмаңгерді” шырқай жөнелді. Ішкі толқыныстан тамылжып шыққан нәзік әуен көкжиектің қызыл нұрына малынған көл бетіне күмістей шашылып жатты. Жылқы жануарды жанындай жақсы көретін Асекеңнің қызы жүйріктің сымбаты мен еркелей бұлғақтай басқан аяқ алысын әуенге қосқан, әнін әкесіне деген сағынышқа құндақтағандай, тереңнен толғап, бар ынты-шынтысымен орындады. Ән ырғағы бәсеңдеп барып аяқталғанда тыңдаушының еңсесін басқандай, Қызылкөл

тұнжырағандай болған ауыр мезетті жуып-шайғысы келгендей “Бір баланы” шырқап кетті.

Қаракөздің даусы өте сыршыл, нәзік. Асекең көп айтатын “болмыс пен танымға” лайықтап айтатын әнін де тандай білудің өзі естілік. Әуезбен астасқан екiнiң бiрi орындай бермейтiн осы сыршыл ән Қаракөздің орындауында шынайы шықты.

Қас қарая берген сәтте төменнен Марат Омаров жолдастарымен жоғары өрлеп келе жатты. Жүрегін ән тербеп жүретін жігіттің сол күні Қызылкөл жағасында шырқалған ән алыстан құлағына шалынса керек, асығып жетіп үлгергендей екен. Қолына гитара мен домбыраны кезек алып, Марат әнші өзінің шығарған әндерін шырқай жөнелді. Қызыл көлдің майда толқынындай гитараның сазды әуені кешкі тынық ауада айдыннан бауырын көтеріп, канатын қағып ұшқан аққудай қалықтады.

Мамырдың сол күні кешке Қызылкөл жағасындағы Асқар деп келген азаматтардың басы қосылған сауық-сайран әсерлі өнер кеші әлі күнге есімнен шығар емес. Тағдырдың өзі тоқайластырған зиялы жандардың риясыз көңілімен ашылып, бойларындағы азды-көпті өнерін ортаға актарып салған Асекең аулындағы көл жағасындағы кешті үлкен сахналарда алдын-ала жоспарланып қойылар концерттерден кем санамас едім. Ол түптеп келгенде, сол кештің куәгері болған, әр жерден тоқайластырған жандардың Асекене деген зор құрметі мен ыстық табы басылмас ықыластарының жібек арқауынан туындаған қауышу еді.

Қызылкөл жағасындағы сол бір кеш еске түссе, әлі күнге тәттіні аңсаған баладай тамсанып қоямын.

\* \* \*

Ертеңіне Созақ ауданының орталығы Шолаққорған селосының күншығыс шетіндегі Асқар Сүлейменов атындағы орта мектептің ауласына нөпір халық толып кетті. Алматыдан, облыс орталығынан көрші облыстардан, сол ауданның шаруашылықтары мен елді мекендерінен Асекеңнің қаламдас жора-жолдастары, ағайын-туыс, жекжаттары, ауылдағы құлын-тайдай тебісіп бірге өскен сыныптас

достары, көз көрген, дәмдес-тұздас болған замандастары ауыл шетіндегі мектепке қарай ағылып келіп жатты. Ақ шағаладай мектеп қара-құрым қалың нөпірдің ортасында қалды. Асқардай асыл азамат қайта тіріліп келгендей, олардың жүздеріндегі қуаныш табын еркін аңғарғандай едік. Ақсақалды қариялар, ақ жаулықты аналар “Асқардың анасына сәлем берейік!”, “Соңында қалған тұяқтары қайда екен?” – деп көп ішінен, алыстан келген қадірменді қонақтарды іздейді.

Көптен күткен аудан орталығындағы бұрынғы Калинин атындағы орта мектепке Асқар Сүлейменовтің есімін беру құрметіне арналған ас рәсімі де басталып кетті. Мектеп ауласына арнайы жасалған мінберге қадірменді қонақтар, Асекеңнің жаңа мүшелері көтерілді.

“Алып анадан туады” дегендей халқымызға Асқардай ұланды сыйлаған Қымбат Жүнісқызы өз сөзін “Қадірлі халқым, қасиетті жерім, есенсіңдер ме? – деп бастап Асқардың аруағын құрмет тұтып, осынша шабылып, ұлан-асыр ас беріп жатқан ел-жұртына аналық ақ алғысын білдірді.

Қазақстан Жазушылар одағының хатшысы Бейбіт Қойшыбаев қаламгерлердің қара шаңырағы Одақтың атынан Асқар Сүлейменовтің тереңнен толғап жазар қалам иесінің жаңадан басталған мәңгілік өмірінде елеулі үлес қосып жатқан жерлестеріне деген ризашылық сезімін жеткізді, сыйлық ескерткіш ретінде Әл-Фараби бабамыздың бейнесі түсірілген кілемшені мектепке тапсырды.

Асекеңмен жолдас болған көрнекті қаламгер Дулат Исабеков те елге, жерге деген ілтипатын білдірді: “Өз ауылым Арыс болса да, Созақ маған етене жақын. Таланттарды көптеп келтірген Созақтың топырағы, Созақтың аналары. Асқар екеуіміз шахмат ойнап отырып ол менен: “Қартайғанда қандай болар екенмін?” – деп сұрайтын. Мен әзілдеп: “Қартайғанда Калинин атамыздай сақал-мұрты бар шал боласың” – дейтінмін. Құдай аузыма салған екен де.

Біз Асекеңнің қадір-қасиетіне түсініп бас иіп жатырмыз ба, жоқ па, ол болашақтың ісі. Асекеңді түсінетін сол кісінің төңірегінде жүрген он шақты жан ғана бар еді. Мен Асекеңе: “Сіз кеш туып қалғансыз, он жетінші ғасырда тууыңыз керек еді. Әйтпесе, жиырма бірінші ғасырда тууыңыз керек еді”, –

деуші едім. Асекең атындағы мектептің шәкірттері Асекеңдей азамат болып өссін!”

Асекеңнің ұлы Әлішер Сүлейменов: “Көзі тірісінде әкемнен: “Созақ деген не?”– деп сұрайтынмын. Ол кісі: “Созақ біріншіден – қария, екіншіден – мінез, үшіншіден – өнер,” – деп жауап беретін.

Қаламгердің жұбайы, белгілі әдебиет сыншысы Әлия Бөпежанова: “Асекең өмірінің соңында ауылды, өзі оқыған мектепті көп айтатын. Асекең рухани таққа мінген азамат”, – дей келіп, мектепке кітапхана ұйымдастырып беруді міндеттеріне алғандығын жұртшылыққа мәлімдеді.

Алматылық ақын, Асекеңнің жақын жолдастарының бірі болған Сейфолла Оспанов қарымды қалам иесіне, оның өскен жері Созақ халқына деген ризашылық сезімін жыр жолдарымен жеткізді. Жастық шақтарында жақын жолдастық сыйластыққа боған ғалым Керімбек Сыздықов Асекеңнің үлкен етіп салынған портретін мектеп директоры Ата Есеновке табыс етті.

Асекең есімінің мектепке берілуі құрметіне бағышталған аста білім ұясының есігін мәрмәр тастан жасалған маңдайша белгіні ашу рәсімі болып, оның лентасын Қымбат ана қиды. Мектеп оқушылары гүл шоқтарын қойды.

Мектепке жиналған көпшілік Асқар Сүлейменовтей ардақты ұлдарының аруағына арналған ас дастарханынан дәм татты, ауыл имамы Аманкелді Нұрлаев құран бағыштады. “Сап түзеп, қатар тігілген киіз үйлердегі дастархан басына жайғасқан қонақтарға Асқар Сүлейменов атындағы орта мектептің директоры Ата Есенов бастаған мұғалімдер ұжымы аяқтарынан тік тұрып қызмет көрсетті.

Ұлан-асыр ат шаптырып, бәйге берген аталарымыздың салт-дәстүріне орай Асекеңе арналған ат – спорт ойындары түрлерінен өткен жарысқа, өнер сайысына ұласты. Шаршы топтан жеңген балуанға, өнерімен тыңдаушыны тәнті еткен саңлаққа жүлде берілді.

Сол күні Асқардай ардақты азаматтың есімі берілген орта мектеп ұжымы халықты жиып, Құлагердей қаламгердің атын ардақтауда, құрмет тұтып, қастерлеуде ел аузында ұзақ жүрер үлкен игілікті шараны атқарып салды. Өз ерлерін, танымал

азаматтарын биікке көтеру, келешек ұрпаққа жеткізу, атын жаңғырту үлгісі осындай-ақ болар.

Созақ елінің бірлік-берекесін, ынтымақ-бауырмалдығын, мейман достығын жалпақ елге жария еткен бұл игілікті шара ертеңіне аудан орталығындағы мәдениет үйінде өткен Асқар Сүлейменовтің шығармашылығына арналған үлкен жиында одан әрі жалғасын тапты.

Мұнда да Асекеннің жерлестері, өз перзенттерін қастерлеген үлкен-кіші мәдениет үйінің кең зәулім залына лық толды. Асекең туралы ғибратты, тағлымды сөздер айтылды. Қарымды қалам иесінің ауылдағы ізбасар інілері гуындыларын оқыды, өнерпаз жастар өз өнерлерін ортаға шашу етіп шашты. Шығармашылық қызметі мен өміріне арналған әдеби кеш шын мәніндегі жыр мен өнер кешіне ұласып жатты. Досқан мен Қаракөз сахнаға шығып, ән айтқанда екеуінің өзі-ақ елді тамсандырар, тыңдаушысын жалықтырмас бір концерт еді. Соңынан Досқан Жолжақсынов басты рөлде ойнаған “Өзбекфильм” киностудиясы жасап шығарған көркем фильм көрсетілді, өнер шеберінің жұртшылықпен кездесуі өткізілді.

Сол күні аудан халқы Асекеннің ұлы кинорежиссер Әлішер Сүлейменовке тұлпардың тұяғы, асылдың сынығы деп құрметтеп, арғымақ ат мінгізді, иығына шапан жапты. “Қалада туып, сонда өскенмен, Асқардың ауылы сенің де алтын бесігің. Әкеңнің көзінде болып, жиі-жиі келіп тұр, балам!” – деп ауылдың ақсақалды қариялары ақ батасын беріп жатты.

\* \* \*

Алматыдағы Асқар Сүлейменовтің жақындары одан кейін де ауылға келіп-кетіп, арадағы алтын арқауды үзбей келеді. Әлішер ауылға ат тұмсығын тіреген әр сапарында Асекең өскен қара шаңыраққа, білім ошағы-мектепке, ауыл ақсақалдарына аңқылдап келіп сәлем береді. “Әкең өлсе өлсін, әкеңнің көзін көрген өлмесін” дегендей, ауылдың дарқан жүректі азаматтарымен кездескен сайын өзінің әкесін көргендей сезімде болатыны да рас. Дүние мынау беймаза шақта, лайланған су астында жалтыраған жақұт тастай бойларына асыл қасиеттерді, мейірім-шапағатты, кісілік, ізетті

тасқа қашағандай әбден сіңіріп қалған, адамдықтың, ар-ұят, тазалықтың желбіреген жалауын, тіпті, тіршілікті құлатпай ұстап тұрған осылар сияқты болып көрінеді. Олармен жүздескен жан ешбір қауіп-қатер күтпейді, жан-дүниесіне терең бойлап, жұдырықтай жүрегіннің төрінен орын алады, еңсе басқан батпан жүктен, күйбең тіршілік тауқыметінен арылып, жаның тазарып, рахат сезімде болады. Бәлкім, Асқардай көкірек көзі бар азаматты ойшыл еткен, қаламгер еткен ауыл адамдарының риясыз дархан көңілдері, ақ пейілдері болар. Осындай ордалы орта, алтын бесікте өскен жанның жазушы, не ақын болмай қалуы мүмкін де емес-ау, тегі.

Өмір өзен бір орнында тұрмайды. Кешегі өткен жастық шақ санадағы сағынышқа, көз жұмған жандар көңіл түпкіріндегі өшпес рухқа, арлы аруаққа айналды. Тағдыр деген жойпат күш адамды өзінің ерік-жігерінен тыс сан тарау соқпағына салар. Бірақ, тағдыр тезінде күрмеп байлаған алтын арқаудың түйінін жазуды ешкімнің құзырына бермеген, бұл басы ашық нәрсе.

Қазақтың танымал қайраткер, қаламгер қызы Алтыншаш Жағанованың Созаққа екі мәрте сапары есімде қалыпты. Алғашқы келуінде арнайы жолсапармен аудан орталығында жұртшылықпен ресми кездесу өткізді. Жанында облыстан еріп келген серіктері бар.

Осы жолы алдын-ала жоспарланып, пішіліп қойған басқосулардан уақыт тауып Алтыншаш ауыл шетіндегі саздағы Асқар өскен қара шаңырақ – Қыдыр қарияның үйіне арнайы соқты. Бұл кезде қара шаңырақтың базары ортайғандай, Қыдыр қарт та өмірден өткен екен. Ол кісінің қыздары теңін тауып, жат жұрттық болып кетіп, шаңырақтың түтінін түтетіп, жарығын сөндірмей отыратын еркеккіндік ұл баланың кенделігі өзінің айшықты ізін салғандай еді.

Қыдыр қарияның қатарластары, ауылдағы көнекөз Еген мен Тұрлыбек ақсақалдар бастап қара шаңырақтың табалдырығынан оң аяқпен аттады. Атаның қолындағы шырағдан бөлмелерді күнгірттеу етіп көрсетеді. Кешегі шаттықты, базарлы өмірдің куәгерлері – ыстана бастаған қабырғалар тым-тырыс. Он тоғыз жасында оң босағаға келін

болып түскен киелі шаңырақ, көненің көзі, міне, осы.

Қарттардың оқыған құрандары бос бөлмелерде күніреніп естіледі. Ендігі кезекте басына шәлі орамал салған, Алтыншаштың өзі құран оқыды. Мақам, нақышын келтіріп ұзақ оқыды. Ештеңеден тартынбады, қымсынбады. Әруақтар қара шаңырақты төніректеп, құран дәметеді деуші еді, Асқардай арыс, Қыдыр ата құлағына шалынар ма екен бұл дауыс. Құран деген жалпақ тілмен айтсақ тірі мен өлінің үндесуі іспеттес. Тіршілікте бір-бірінің қадір-қасиетін жете сезбей пендешілікке берілген сәттердің, опынулар мен өкініштерден тұратын көңіл запыраны ма дерсің.

Құран оқылып бітті. Еңсе басқан ауыр үнсіздік орнады. Қуыс үйдегі жандар орындарынан тұрған жоқ. Алтыншаш көз жасына ерік берді. Жан дүниесіндегі буырқанып келген тасқынды тоқтату мүмкін емес еді. Ұзақ жылдар көкіректе шемен болып қатқан шердің көбесі қақырап лак-лак өксік болып құйылады. Бүкіл өткен өмірі тап осы мезет бір тарының қауызына сыйып кеткендей, тіршіліктің темірқазығына айналып келіп, байланып қалғандай сезімде отыр.

Бүгінгі қадамы үшін жазғыратындар жазғыра берсін, түйсігі бар жұмыр басты пенделер ерік-жігерден тыс, аруақтың ар таразысы алдында ақталу үшін келгенін пайымдар.

Іштегі шерді сыртқа шығармаса кесел, көңілдегі кірді көз жасымен жумаса оның соңы мешел. Жанның тазаруы көкейдегі түйткілдің шешілуі нәзік жаратылысты әйел затының көз жасының төгілуімен бітетіндей.

Шағын-шағын бөлмелер көзге ыстық басылады. Мына жерде жүк жинаулы тұрушы еді, мына жерде пеш болатын, үлкен-кішілі әркімнің үйреншікті орындары, ол да көңілінде сайрап тұр.

Сол күні қара шаңырақтан иығынан батпан жүк түскендей бойы жеңілдеп шықты.

...Алтыншаштың Созаққа екінші келуі 1996 жылы тамыз айында Құмкенттегі Бабай Түкті Шашты Әзиз әулие кесенесінің жаңартылу қарсаңында еді. Қасында Асекеннің достары ғалым Керімбек Сыздықов пен Өміртай Исаев, аудан әкімінің орынбасары Сәуле Еденбаева, өзге де азаматтар бар,

көне Шолаққорғандағы Бибі Мариям мен Бибі Гауһар әулиелердің сағанасына барып, құран оқытты. Одан соң Асқар Сүлейменов атындағы орта мектептегі кездесуге келді.

Кездесу мектеп бағында, жасыл желек ішінде өтті. Оған мектеп ұстаздары мен оқушылары, ауыл ақсақалдары, Асқар Сүлейменовтің кластастары жиналды.

Асекен көзі тірісінде сарайларда, залдарда өтетін ресми, таптаурын жиындарды ұната бермейтін. Емін-еркін, арқа-жарқа, ешбір бүкпесіз көсіліп, сөз қозғалтар бас қосулардың ортасынан жиі бой көрсететін. Бұл бас қосу да сондай, емін-еркін жайдары, көпшіліктің есінде ұзақ сақталар жүздесудің бірі болды. Көк шалғынға киіз төсеп, ауыл қариялары жайғасып отыр.

– Асқар көзі тірісінде мақтау, мадақтауды аз естіді, – деп бастады өз сөзін Керімбек Сыздықов, – Ол жазушылар үшін жазушы еді. Қазақтың классик жазушыларының өзі Асқарды құдірет тұтатын. От ауызды, орақ тілді Асекене Ғабеннің өзі кезінде орынды бағасын берген.

Созақты пір тұтып өтті, көзі тірісінде “Қазақ бар да, Созақ бар”, – дейтін. Ел Асқар арқылы Созақтың қандай екенін білетін.

Келесі кезекте Алтыншаш Жағанова сөз алды: “Әулие-әнбиелер көп бұл өңір мен үшін өте қымбат. Менің атам ертеректе қажыға барған екен. Ең алғаш келгенімде бұл елмен таныстығымды Бабай Түкті Шашты Әзиз, Ысқақ бап әулиелердің басына барып, мінәжат етуден бастап едім. Осындай киелі топырақтан ірі талант иелері де көптеп шықты. Кешегі Тәкен ағамыз Бабатада, туған жерінде жатыр. Төлегенмен, Бәтимамен ұзақ жылдар бірге жүрдік. Дәмдес, тұздас болдық. Әсіресе, маған Бәтима апайдың орны бөлек. Алматыдан біраз қаламгерлерді ертіп келіп, Бәтиманың жырларына арнап, туған ауылында поэзия кешін өткізсем деген ойым бар.

Асқар дара туған талант, бөлекше жаратылған жан. Оқығаны көп. Онымен қазақта – ғана адам білім жағынан пара-пар келер. Асқардың ауылында мектепке есімін берілгенін естіп, балаларымызбен қатты қуандық. Егер осы мектепке келмесем, аруақтан аттағандай сезінетін болдым



өзімді. Өздеріңізбен кездесіп, ептеп көңіл босап жатқан да жайы бар. Ырым етіп, мектепке мына бір кілемді ала келдім. Ауылдың ақсақалдары бата беріңіздер!

Ауыл ақсақалдары ақ баталарын беріп, Асекеңнің Разык пен Әуесхандай сыныптастары, аудан әкімінің орынбасары, қасында ертіп жүріп біраз сыр мінез болып қалған Сәуле, аудандық оқу бөлімінің меңгерушісі, ақын Сағынтай Бәділдаев, жоғары сынып оқушылары ұлтымыздың мақтанышына айналған Алтыншаштай ардақты қыздарына деген ризашылық сезімдерін білдіріп жатты.

“Елу жылда ел жаңа, жүз жылда қазан” деген нақылдың мағынасын әркім әр түрлі түсінеді. Елуден асып, о дүниелік болып кеткен Асекең өз ғұмырының қазанын көрмей, дер кезінде аттанып кетті ме деген ой келеді кейде. Асқар Сүлейменов өмірге тік келіп, тік кетті. Ешбір қоғамдық идеологияға мойынсұнбады. Өзінің алған бетінен танбады. Туа-бітті қанға сіңген мінезді өле-өлгенше биік ұстады.

Асекең өңшең ығай мен сығай тоқайласқан Алматыдан көңілі қалған шақтарында ауылға – өзінің бауыр басқан Созағына тартып кететін. Ауылда аңкылдап ақ жүректерімен қарсы алар, бала кезден бірге өскен достары бар, аунап-қунап бауыр басқан шаңырақ, көненің көзі дархан көңіл қариялар бар.

Асекеңнің көзін көрген, қатар өскен замандастары бұл күнде Теріскей өлкесінде баршылық. Ескінің көзіндей болған көптеген қарттар, Асекеңнің қатарластарының арасынан да кейбір аптал азаматтар, тіпті өкшесін басып келе жатқан кейінгі лек жастардың ішінен де қапияда қатардан шығып қалып жатқан жандардың ұшырасатыны көңілге кірбің ұялатады.

**Асекеңнің ауылдағы жақын жолдастарының бірі Разық ДӘУРЕНБЕКОВ:**

– Асқармен менің жаратылысым екі бөлек, тіпті үш қайнаса сорпасы қосылмайды. Оның оқыған-тоқығаны, көңілге түйгені көп те, мен әйтеуір, мектептен кейін ауылда қалып қойып, бұйырған ризығымды теріп жеп жүрдім. Жаратылысымыз екі бөлек бола тұра, Асқардың мені не үшін жақсы көріп кеткенін өзім де түсінбеймін. Менімен сөйлессе,

қатар жүрсе рахаттанып қалатын. Менің біршалмаларыма қызығатын.

Оқу бөлімінде, май құю стансасында жүргенде, білімімді жетілдіремін деп екі рет Алматыға бардым. Екеуінде де Асқар Төлегенді ертіп, алғашқы күннен пойызға ауылға шығарып салғанша қасымда жүрді.

Менің салам мамандығым басқа болғандықтан әдеби орта маған таңсықтау көрінетін. Мен Асқардың арқасында керемет қаламгерлер Ілияс Есенберлинмен, Әбу Сәрсенбаевпен, Қалтай Мұхаметжановпен, Сәуірбек Бекбергеновпен, Мұрат Әуезовпен, Қуандық Шаңғытбаевпен, Хамит Ерғалиевпен таныстым. Қол алысып тілдесу мүмкіндігіне ие болдым. Асекең “менің жерлесім, менің жолдасым” деп ерекше мақтанышпен таныстыратын ол кісілермен. Жазушылар Одағына, театрларға, зиялы орталарға ертіп барып жүрді.

Аты аңызға айналған Рақымжан Қошқарбаевқа ертіп барып, қонақ үйдің төрінен ойып орын алып берді. Қаламгерлермен танысқанда менің бір байқағаным – олардың біразы менің есімімді бұрыннан білетін болып шығады. “Сізді сыртыңыздан білеміз, Асекең айтқан”, – дейді. Олардың езулерінде сол кезде күлкі табы білініп тұратын. Кейін білсем, Асқар: “Менің ауылдағы досым Разық айтқандай” деп әңгіме бастайды екен. Асқардың жолдастары да менің сөзіме, қылығыма күлетін. Бір күн ресторанда отырып “Мынау гуляштың ауылдың бір асап жейтін бесбармағына татымайды” деп едім, Мұрат Әуезов бұл сөзімді қойын дәптеріне жазып қойды.

Асқармен кішкентайымнан ауылда бірге өстік. Тоғанның суына бірге түстік. Көбіне “Қызымай таяқ” ойнайтынбыз. Жусан шабуға бірге баратынбыз. Біз есек мініп шығатынбыз. Асқар жастайынан жылқы малына құмар еді, тайға мініп келетін.

Кейіннен ауылға келген кездерінде де қасында жүретінмін. Әуесханның үйінде отырғанда жолдастарымыз Тастан мен Мақашбай сөзге керісіп қалды, орталарындағы домбыра сынды. Сол кезде Асқар: “Мен Алматыдан сен екеуіңді ұрыстырғалы келген жоқпын” деген сөзі жаныма батып, нән қойды сойып, жолдастарымды үйге шақырып, қонақ еттім.

**Қазақстан Журналистер Одағының мүшесі Қасымжан  
ӨМІРҰЛЫ:**

Облысымыздың теріскейі – Созақ елінде ер жеткен-оқыған, әдебиет әлеміне Алматыда енген Асқар Сүлейменұлымен етене таныс, аралас-құралас болған емеспін. Алайда сол Алматыда КазГУ-де оқып жүргенде, сөз өнеріне қатысты кейбір жиын-бас қосуларға әдебиет сүйер жан ретінде аса құмарлықпен қатысып калғанда, ол кісіні іш тарта, қол ұсынып, есендесіп қалатынмын. Өзінің жас жерлесін көптің бірі деп ойлайтын ол өңменінді тесіп жіберетін үлкенірек те шүнірек көзімен бетіме бір қарайтын да қоятын. Ар жақ, бержағыңды сұрап, тексермейтін мінезіне салып, сөзбен сараңдық жасайтын ағамыздың сол қалпын әуелде өркөкіректікте балағанмен, кейіннен онысын тал бойына құдай берген болмыс-калып екенін сезіндім.

Бірде Паустовскийдің тәкаппар да асқақ Гоголь мен албырт жас ақын Лермонтов жайлы жазған прозалық шығармасын оқып шыққанда, Асқарды сол Гогольдің мінез – натурасына ұксатып, ұнатқаным бар.

Әдебиет әлемінде ғұмырының алғашқы қадамын көркем - әдеби сыннан бастап, қазақ жазушыларының шығармаларын нағыз шындық тұрғысынан талдаған Асқар ұлттық беллетристикамыз үшін жаны ашып, ешкімнің бедел -орнына карамай, дүние танымдыққа жаңа соқпақ салса, оны кезінде түсінбегендердің, тіпті, сонысына бола соңына түскендердің болғандығын балаң болсам да, сезетін едім.

Есейіп, жоғары оқу орнында оқып жүргенде қолымызға түскен Сүлейменұлының “Бесінін” екі мәрте оқып шыққанда, оның тереңдігі мен биіктігіне қатты танданғаным әлі жадымда. Екі мәрте дейтін себебім, қаламгердің төл де алғашқы прозалық шығармасында фабулалық желінің құрылымы, динамизм, ұлттық колорит пен сөз сақтауы (колданып, пайдалану) айрықша сұмдық-тын. Әрбір сөзін, сөйлемін (тіркесін) қаламмен сызып оқығанда, жазушының бүкіл натура-болмысы көз алдыма тұрып, ішкі дүниесі санамда сақталғандай еді.

Асқардың досы, замандасы, пиғылдасы, әйгілі сыншы Зейнолла Серікқалиев біздің курста лекция оқығанда, осы

мәселені айтып едім, мырс етіп күліп алған Зәкең: “Ол шығармада адуынды Мұқағалидың да образы (мінез-құлқы, іс-қимылы) бар”, – деген-ді.

Міне, сол Асқарымыз өзгелерге ұқсамаған жағдайда өмір сүріп, бұл пәниден кетсе де уақыттың және адал ниетті адамдардың қолдау құдіретімен, тәуелсіздік пен демократияға сай ешбір кедергіге бой берместен, биіктеп барады. Ылайым, солай бола бергей!

**Туысы, әрі замандас жолдасы Өміртай ИСАЕВ:**

– Қайран Асқар – Асеке!

Есімі қандай қол жетпес шың болса, өзінің жан-дүниесі де, дарыны мен таланты да осынша биік еді.

Асқар сенімен бірге жүрген күндерім есіме түскенде, ет-бауырым елжіреп, жалған тірліктің неше алуан қуанышы мен реніші, өмір көкпарының додалары, туыскандық пен жолдастықтың еңсесі биік үлгісі көз алдыма елестей отырып, Әбіш Кекілбаевтың қабыр басындағы аза сөзі: “Пайғамбар әулетінің асыл тұяғы-ау, ең болмаса пайғамбар жасына жетіп кетпедің бе?”– дегені есіме түскенде, терең мұңның есігі ашылады. Бірақ Әлішер, Қаракөз, Әсмаларды көрген- де, шүкіршілік етемін.

Асқармен далада да, қалада да тай-құлындай тебісіп бірге өстім. Оның әрбір қылықтарын, әсіресе, ұлжандылығын, елжандылығын қалай ұмытарсың?

Мысалы, алғаш туындысы – “Бесін” болса, сондағы кейіпкері Иноземцевке (жатжерлік) “күндізінде жалғыз сиырға соқа жегіп, былкылдақ жердің арқасын қасып, кешінде шөжім көйлек-дамбалдың ышқыры мен қолтығынан көкала бит аулап отыратын. Қалың мұжық, мұңлы мұжықтың аза бойында қаза тұрғызар зарын естігенде, әкесі айтқан, сасық қазақтың мақалын көрдің бе деп кекетіп айтқан бес сөзі есіне түсті: “Ит тойған жеріне, ер туған жеріне”, бұлардың жазығы не, тентіреп келген әкем мен әкемдейлерді ауырлап айдап тастамағаныма” деп ой толғандыруы ол кезде қандай ерлік еді, ал, елі, жері үшін қандай жан тебіренісі еді.

Асқар сол кездегі солақай саясатты, түсінген адамға, аямай тілгілейтін. Мен оған дәлел есебінде, арамызда болған мына жағдайды келтіре кетейін. Ол әрқашан үйге келгенде, үйдег:

мүліктерді есептеп кететін. Сосын енді бір қайтып келгенде, жаңадан қосылған мүліктер мен жаратқан шығындарымызды есептеп, оны алатын айлығымызға салыстырып, арасынан ажырым тапса ( әрине, мен бағасын артық айтамын), “ мұны паракорлық демей не дейміз” деп қоғамдағы болып жатқан кеселді мен арқылы әжуалайтын.

Осындай бір тергеу арамызда 1968 жылы “Құмкент” кеңшарының малды ауылында болған-ды. Оған марқұмдар Төлеген Тоқбергенов, Тастан Жолшиев, Мақашбай Сейсенбаевтар мен Разық Дәуренбеков, Мырзахан Нұлаевтар қатысып еді.

Тағы бір жағдай: Асқар бұрынғы әйелімен ажырасып жүргенде мен “неге үйленбейсің” деп мазасын ала бергесін: “Мақұл, үйленейін, бірақ мына талаптарды орындасаң”, – дейді. Мен: “Мақұл, айта ғой”, – дедім. Сондағы қойған талаптары: бірінші – алатын әйеліме сен барып құда түсесің, оның жасы 16-да болсын, қалың малды сен төлейсің, сұлулығы бұрынғы әйелімнен еке есе артық болсын. Әрі төркіні – “Жартытөбе” кеңшарының Бабата елді мекенінен болсын”, – деді. Мен қойған талабына қарап, ұлттық дәстүрді жаңғырту керек деген сол кездегі ойына таң қалдым.

Себебі мен коммунистпен әрі сол кеңшардың директорымын. Ол кезде мұндай талаптарды орындау мүмкін емес еді.

Міне, Асекеңнің сыншылық шеберлігінің бір қыры.

Асқардың атқұмарлығы – барлық қасиеттерінің ішінде бір төбе еді.

Жақсы кісілерді, азаматтарды тірлігіне қарап, пысық-жинақы, көпшіл жігіттерді бағаланғанда жақсы аттарды мысалға келтіріп отыратын.

Әсіресе, өзі өскен Калинин атындағы кеңшардың Ерман, Тоғжан деген байырғы жылқышыларын, олардың бағуында болған Сарытөбел, үлкен Қаражал, кіші Қаражал, Қисық Құйрық, Сарықасқа деген айғырларды көп мактап отыратын.

Асқардың бауырмашылдығы да өзгеше еді. Елге келсе, біздің үйге соқпай кетпейді. Балаларға мейірімді болатын. Әсіресе, біздің отбасындағы бір балаға ерекше көңіл бөлетін. Ол заманда балалардың атын Мэлс, Карл, Владимир, тағы басқа деп еліктеп қоюшылық етек алған кезең болатын. Біз

де бір баламыздың атын Карл деп қойғанбыз. Баламның маңдайында қалы болатын. Асқар сол баланың атын өзгертіп, Қалдыхожа дейтін. Бізге хат жазғанда, ең бірінші сол баланың амандығын сұрайтын.

Оның бауырмалдығының бір көрінісі – менің басыма өтірік жаламен тағдырдың тәлкегі түскен кезде, қатты қиналып, жанашырлық көрсеткен еді. Оған қазақтың белгілі елшіл, тарланбоз жазушысы Тәкен Әлімқұлов ағамызбен бірге отырып өкініштері мен қуаныштарын хат арқылы білдіргені дәлел бола алады.

Дария-дарын иесі, бауырымыз әрі жолдасымыз Асқар жөнінде көп айтуға болады. Өйткені, оның өмірінің қыры мен сыры, халқына сіңірген еңбегі өлшеусіз.

Әсіресе, Созақ еліне сүйіспеншілігі ерекше бөлек еді. Өнебір кезеңде: “Қазақ іздесең – Созаққа бар!” – деген оның сөзінің шығуы да тегін емес-ті.

Сөйтіп жүріп, пәни өмірден өткен азаматымыздың мектепке атының берілуіне шын қуанамын. Өйткені бұл – оның туған-туыскандары, жора-жолдастары, жалпы Созақ халқы үшін үлкен мәртебе.

Біз әрқашан Асқар атындағы мектептің атын естіп, көргенде ардақты азаматымызды кастерлеп, еске алатын боламыз. Ол бізбен мәңгі бірге!

#### **Асқардың қатарласы Салбек Жайлауов:**

– Асқардан ауылдан кеткелі ұзақ жылдар көз жазып ұшыраспай жүріп, Алматыға барған бір сапарымда кезіктіріп қалдым.

Кешкілік сағат ондар шамасында ресторанды таныстарыммен отырдым. Адам аяғы саябырсыған кезде есіктен Асқар кіріп келіп, іштегілерге байырқалап көз жүгіртті. Ақ костюм-шалбар, ақ көйлек, ақ шағаладай болып киінгенін алған. Көзінде қара көзілдірік. Неге екенін білмеймін. Сол кезде Асқар маған о дүниеден келген адамдай болып көрінді.

Жай басып бұрыштағы үстелге жайғасты. Орнымнан тұрып, қасына бардым. Ауылдың жаңалығын сұрап, бізге әңгімелестік. Бұдан кейін де Асқармен жолығысып жүрді. Менің есімнен сол кездесу әлі күнге шықпайды.

\* \* \*

Асекеңнің көзін көрген ауылдағы қатарластарының, замандастарының, қарттардың өзінен кейінгі інілерінің естеліктері ұзын-сонар әңгіме, әрине. Абзал азаматтың көзі тірісінде жүздесіп, тілдескен жандардың көңіл түкпірінде сақталып қалған жылы әсердің табы әлі сөне қойған жоқ.

Балапан басымен, тұрымтай тұсымен болып кеткен мынау қиын қыстау кезінде Асекеңнің қатарластарының көпшілігін ауылдан таппағанымыз да рас. Бұл Асекең туралы әңгіменің бастауы ғана.

## **МАЗМҰНЫ**

Әлқисса.....2

### *БІРІНШІ БӨЛІМ*

Балалық шақтың іздері.....5

### *ЕКІНШІ БӨЛІМ*

Бауыр басқан орта.....29

### *ҮШІНШІ БӨЛІМ*

Тектілік.....58



“Мектеп кітапханасы” сериясы

**Өтеш ҚЫРҒЫЗБАЕВ**

# **Асқаршын**

“ҚАЗАҚПАРАТ” баспа корпорациясының  
президенті Қонысбек БОТБАЙ

*Бас редакторы* Темірақын ЖАҚЫП  
*Корректоры* Жанар МӘЗБАЕВА  
*Көркемдеуші редактор* Асхат ҚҰРАЛБАЕВ  
*Техникалық редакторы* Нүркен СҮЙЕУБЕКҰЛЫ

ISBN 9965-654-17-4



**ИБ № 269**

Теруге 05.09.06. берілді. Басуға 20.11.06. қол қойылды. Қалыбы  
84x108. Қағазы офсеттік. Әріп түрі “Times New Roman”. Офсеттік  
басылыс. Есептік баспа табағы 6.0. Таралымы 2000 дана.

Тапсырыс №72

Қазақстан Республикасы. Алматы қаласы,  
Жангелдин – Түрген көшесі, 30/26  
“Қазақпарат” баспа корпорациясы.  
Тел.: (8-3272) 30-44-40, 30-42-47

---

“Қазақпарат” баспа корпорациясының баспаханасы.